



AMANAT

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның  
Халықтық Конституциясы үшін!»  
Жалпыұлттық Коалициясы

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ: пікірлер мен түсіндірмелер

*Ақпараттық-анықтамалық материалдар*

*Астана, 2026 жыл*

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>1</b>
<b>ПРЕАМБУЛА .....</b>	<b>2</b>
<b>I БӨЛІМ. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС</b>	
<b>НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>4</b>
<i>1-11-баптар</i>	
<b>II БӨЛІМ. НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАР, БОСТАНДЫҚТАР</b>	
<b>МЕН МІНДЕТТЕР .....</b>	<b>30</b>
<i>12-41-баптар</i>	
<b>III БӨЛІМ. ПРЕЗИДЕНТ .....</b>	<b>80</b>
<i>42-51-баптар</i>	
<b>IV БӨЛІМ. ҚҰРЫЛТАЙ .....</b>	<b>104</b>
<i>52-62-баптар</i>	
<b>V БӨЛІМ. ҮКІМЕТ .....</b>	<b>138</b>
<i>63-69-баптар</i>	
<b>VI БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ .....</b>	<b>146</b>
<i>70-71-баптар</i>	
<b>VII БӨЛІМ. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ .....</b>	<b>150</b>
<i>72-75-баптар</i>	
<b>VIII БӨЛІМ. СОТ ТӨРЕЛІГІ. ПРОКУРАТУРА.</b>	
<b>ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ .....</b>	<b>162</b>
<i>76-86-баптар</i>	
<b>IX БӨЛІМ. ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ</b>	
<b>ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ .....</b>	<b>179</b>
<i>87-91-баптар</i>	
<b>X БӨЛІМ. КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН</b>	
<b>ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ .....</b>	<b>186</b>
<i>92-93-баптар</i>	
<b>XI БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ</b>	
<b>ЕРЕЖЕЛЕР .....</b>	<b>191</b>
<i>94-96-баптар</i>	

## КІРІСПЕ

Конституция – Қазақстан Республикасының құқықтық және саяси құрылымының негізі.

2026 жылғы 12 ақпанда кең ауқымды сараптамалық және қоғамдық талқылаудан кейін Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы жарияланды.

Осы құжаттың еліміздің болашағы үшін маңыздылығын ескере отырып, Негізгі заңдағы әрбір бап пен норманы түсіндіру, оларды терең ұғыну мен пайымдау үшін мән-мағынасын ашу қажет. Себебі 2026 жылғы 15 наурызда азаматтарға Конституция жобасының мазмұнын түсінуге негізделген байыпты әрі саналы таңдау жасауы керек болады.

Осы мақсатта дайындалған бұл шолу Конституция жобасына баптар бойынша талдау жасап, оның ережелерін, ұсынылып отырған өзгерістердің логикасын, сондай-ақ әрбір норманың практикалық маңызын түсіндіруге бағытталған.

Конституция жобасының әрбір бабы жеке қарастырылып, оның мазмұны, құқықтық мәні және Негізгі заң мәтініне енгізілу мақсаты түсіндіріледі.

Мұндай тәсіл Конституция жобасының мазмұнын жүйелі әрі дәйекті түрде ашуға, оның ережелерінің өзара байланысын және мемлекеттік әрі қоғамдық дамуға ықпалын көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл конституциялық реформаның мәні, стратегиялық міндеттері мен күтілетін нәтижелері туралы тұтас түсінік қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұсынылып отырған өзгерістерді саналы түрде түсіну – олардың табысты іске асырылуының және құқықтық мемлекетті одан әрі нығайтудың маңызды шарты.

## ПРЕАМБУЛА

Конституцияның Преамбуласы – Негізгі заңның кіріспе бөлігі, онда мемлекеттің мақсаттары, құндылықтары мен негізгі қағидаттары айқындалады.

«Преамбула» сөзі латынның *praeambulus* – «алдын ала кіріспе», «алға бастайтын» деген мағынаны білдіреді. Преамбула әлемнің көптеген дамыған елінің конституцияларында бар (*АҚШ, Германия, Франция, Жапония, Канада, Швейцария және т.б.*). Ол Конституцияның жалпы рухы мен мәнін айқындап, оны түсіндіру барысында қолданылады.

Президент Қ.К. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың V отырысында Преамбулада ұлттық құндылықтарды неғұрлым нақты көрсету, қазақ жеріндегі өркениет пен мемлекеттіліктің терең тамырларын айқындау, Ұлы дала тарихымен сабақтастықты айқын түрде бекіту қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ Преамбулада құқықтық мемлекет құрудың негізгі құндылықтары мен қағидаттары, табиғатқа жауапкершілікпен қарау және қоршаған ортаны қорғау ұстанымдары көрініс табуға тиіс.

Жаңа Преамбулада алғаш рет адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты басымдығы ретінде жарияланды. Сонымен бірге бірлік пен келісім, этносаралық және конфессияаралық бейбітшілік мемлекеттіліктің берік негізі ретінде айқындалды.

**Біз, біртұтас Қазақстан халқы,  
байырғықазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып,  
Ұлы даланың мындаған жылдық тарихының  
сабақтастығын сақтап,  
мемлекеттің унитарлы сипатын, оның шекарасы мен  
аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын  
нақтылап,  
Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп  
қағидатын ұстанып,  
адамның және азаматтың құқықтары мен  
бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп,  
бірлік пен ынтымақ, этносаралық және  
конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп,  
мәдениет пен білім, ғылым мен инновация  
құндылықтарын бағдарға алып,  
табиғатты аялау қажеттігін мойындап,  
бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып,  
келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті  
сезініп,  
Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы  
Конституцияны қабылдаймыз.**

## I БӨЛІМ

### КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС НЕГІЗДЕРІ

#### 1-бап

Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияның 1-бабы мемлекеттің негізгі моделін және оның басты құндылығын – адамды айқындайды. Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жарияланып, билік жүйесі толықтай адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған.

Демократиялық сипат дегеніміз – билік көзі халықта болып, мемлекет саяси плюрализмге, өкілді органдардың сайлануына және азаматтық қоғамның дамуына негізделіп әрекет етеді. Зайырлылық қағидаты дін мен мемлекеттің бір-бірінен бөлінуін қамтамасыз етеді. Құқықтық мемлекет заң үстемдігін және оның мемлекет пен азаматтар үшін міндеттілігін талап етеді. Мемлекеттің әлеуметтік сипаты адамның лайықты өмір сүруі мен әлеуметтік қорғалуына жағдай жасауға мемлекеттің жауапкершілігі бар екенін білдіреді.

Адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылықтар ретінде белгілеу – мемлекеттің адамға қызмет етуге, оның қадір-қасиетін, қауіпсіздігін және жан-жақты дамуына жағдай жасауға міндетті екенін білдіреді.

## 2-бап

1. Қазақстан Республикасы – унитарлы мемлекет. Басқару үлгісі – президенттік республика.
2. Қазақстан Республикасының Егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын, бөлінбеуін қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы конституциялық заңда айқындалады.
4. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы. Елорда мәртебесі конституциялық заңда айқындалады.
5. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атауларының мәні бірдей.
6. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (ақша бірлігі) – теңге. Теңгені эмиссиялау айрықша құқығы Қазақстан Республикасына тиесілі.
7. Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді.

1. Унитарлы құрылым – мемлекеттің біртұтас ұйымдасу формасы, мұнда ел біртұтас, оның құрамында егеменді құрылымдар болмайды, ол бірыңғай орталық билік органдарына, Конституцияға және құқықтық жүйеге бағынады. Әкімшілік бірліктер (облыстар, аудандар) саяси дербестікке ие емес.

Басқарудың президенттік үлгісі мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғасы ретінде халық тарапынан сайланатын Президент институтын негізге алады. Президент елдің стратегиялық даму бағыттарына, қауіпсіздігі мен ішкі тұрақтылығына тікелей жауап береді.

2. Егемендік – елдің ішкі және сыртқы мәселелерін өз бетінше шешу құқығы. Конституция Қазақстан билігінің елдің бүкіл аумағында жүзеге асатынын және ешқандай сыртқы

күштің араласуға немесе өз шешімдерін тануға құқығы жоқ екенін нақты айқындайды. **Сырттан ешкім бізге қалай өмір сүру керектігін немесе қандай заңдар қабылдау қажет екенін айта алмайды.** Бұл – біздің мемлекеттілігіміз бен халық ретіндегі бостандығымыздың негізі.

**Аумақтық тұтастық** – мемлекет аумағының қолсұғылмаушылығын, шекараларының мызғымастығын және аумақ бөліктерінің біржақты бөлінуіне (сецессия) немесе күш қолдану арқылы шекараларды өзгертуге тыйым салуды қамтамасыз ететін халықаралық құқық қағидаты. Ол мемлекеттердің бір-бірінің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу міндетін бекітеді.

3. Бұл тармақ **унитарлық мемлекет шеңберінде елді басқарудың ұйымдастырылу тәртібін көрсетеді.** Аумақ облыстарға, аудандарға, қалаларға, ауылдық округтерге және елді мекендерге бөлінеді. Мұндай бөлініс тиімді басқаруды қамтамасыз етуге, мемлекеттік қызметтерді көрсетуге және жергілікті өзін-өзі басқаруды іске асыруға бағытталған.

Маңыздысы, әкімшілік құрылымның тәртібі қарапайым нормативтік актілермен емес, конституциялық заңмен айқындалады. Бұл **жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді және аумақтардың шекаралары мен мәртебесін ерікті түрде өзгертуге жол бермейді.** Жер көлемі үлкен ел жағдайында мұндай тұрақтылық ерекше маңызға ие. Сонымен қатар 2001 жылдан бастап жүргізілген заманауи реформалар орталықсыздандыруға және жергілікті органдардың рөлін арттыруға бағытталған. Бұл мемлекеттің унитарлылығын өңірлік басқаруды дамытумен ұштастыруға мүмкіндік береді.

4. Елорда мәртебесінің Конституцияда бекітілуі **оның мемлекеттік маңыздылығын айқындайды.** Елорда мәртебесі конституциялық заңмен белгіленеді. Астана еліміздің әкімшілік, саяси және қаржылық орталығы ретінде маңызды рөл атқарады, бұл оған инвестиция тартуда және ресурстарды бөлуде

артықшылық береді. Өңірлік тұрғыда елорданың үлесіне ЖІӨ-нің 11%-ы тиесілі.

**Астана** – әлемдегі ең жас елордалардың бірі (1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап). Аумағы 797,3 шаршы шақырымды құрайды және 6 ауданнан тұрады: Алматы, Байқоңыр, Есіл, Сарыарқа, Нұра, Сарайшық. 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша халық саны 1 612,5 мың адамды немесе елдегі жалпы халық санының 7,4%-ын құрады.

5. Бір қарағанда бұл техникалық норма сияқты көрінгенімен, оның заңдық маңызы зор. **«Қазақстан Республикасы»** мемлекеттік басқару үлгісін және мемлекеттік-құқықтық ұйымдастырылуын айқындайды. **«Қазақстан»** атауы көбіне елдің тарихи-мәдени және географиялық бірегейлігін көрсететін қысқаша нұсқа ретінде қолданылады. Конституция **халықаралық шарттарда, заңдарда және ресми құжаттарда түсініспеушіліктерді болдырмау мақсатында олардың тең мағыналылығын** бекітеді.

6. Конституциялық деңгейде алғаш рет Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің мәртебесі бекітілуі ұсынылады. Бұл принципті тұрғыдан маңызды жаңашылдық, себебі бұған дейін Конституция мәтінінде ақша бірлігі туралы тікелей норма болған жоқ.

**Ұлттық валюта – мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігі мен тұтастығын айқындайтын** егемендіктің негізгі атрибуты. 1993 жылғы 15 қарашада теңгенің айналымға енгізілуі Қазақстанның егемендігін нығайтудағы маңызды қадам болды. Осы сәттен бастап ел басқа мемлекеттердің эмиссиялық орталықтарына тәуелді болмай, қаржылық процестерді өз бетінше басқаруға мүмкіндік алды.

Ұлттық валюта қаржы жүйесінің тұрақтылығын, дербес ақша-кредит саясатын және ішкі нарықты қорғауды қамтамасыз ете отырып, заңды төлем құралы ретінде қызмет етеді. Меншікті

ақша сонымен қатар саяси дербестік пен сыртқы дағдарыстарға төтеп беру қабілетін көрсетеді.

Цифрлық төлемдер мен виртуалды активтер қарқынды дамып отырған қазіргі жағдайда ақша шығаруға және ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге жауапты субъектілерді нақты айқындау ерекше маңызды. Тікелей конституциялық норманың болмауы белгісіздік тудыруы мүмкін. Сондықтан бұл ережелерді жоғары құқықтық деңгейде бекіту **теңгенің орнықтылығын сақтауға және мемлекеттің қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.**

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ұлттық валютаны конституциялық деңгейде бекіту кеңінен таралған практика. Бірқатар елдерде (**Әзербайжан, Армения, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Өзбекстан, Украина және т.б.**) қай ақша бірлігі ресми екенін және оны шығаруға қандай органның айрықша құқығы бар екендігін тікелей көрсеткен.

7. Жаңа Конституция жобасында Егемендіктің, Тәуелсіздіктің, унитарлылықтың, аумақтық тұтастықтың және басқару нысанының **өзгермейтіні** қорытынды және өтпелі ережелерден **«Конституциялық құрылыс негіздері»** атты бірінші бөлімге **ауыстырылды.** Осылайша, мемлекеттік құрылыстың осы іргелі қағидаттарының өзгермейтініне қатысты конституциялық кепілдік күшейтілді. Бұл **мемлекеттің тұрақты, дәйекті және болжамды дамуын** қамтамасыз етеді, сондай-ақ **билік ауысқан жағдайда** немесе қандай да бір **сыртқы араласудың** ықпалымен болашақта конституциялық құрылыс негіздерінің ерікті түрде өзгеру **қаупін жояды.**

Жаңа Конституция жобасында Егемендік, Тәуелсіздік, унитарлылық, аумақтық тұтастық және басқару үлгісінің **өзгермейтіні** қорытынды және өтпелі ережелерден **«Конституциялық құрылыс негіздері»** атты бірінші бөлімге **ауыстырылды.** Осылайша, мемлекеттік құрылыстың осы іргелі қағидаттарының өзгермейтініне қатысты конституциялық

кепілдік күшейтілді. Бұл мемлекеттің тұрақты, дәйекті және болжамды дамуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар билік ауысқан жағдайда немесе сыртқы араласу ықпалымен конституциялық құрылыс негіздерінің ерікті түрде өзгеру қаупін болдырмайды.

Өзгермейтін тармақтар тізіміне «егемендік» ұғымы енгізілді. Бұл мемлекеттің ішкі және сыртқы мәселелерде тек ұлттық мүдделерді ескере отырып, өз бетінше шешім қабылдау және әрекет ету қабілетін көрсетеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, көптеген шетелдердің (Түркия, Франция, Германия және т.б.) конституцияларында ұқсас өзгермейтін тармақтар қарастырылған. **Түркия** Конституциясында мемлекет нысаны ретіндегі республиканың негізгі сипаттамалары (демократиялық, зайырлы, әлеуметтік мемлекет), мемлекет тұтастығы және оның рәміздері (әнұран, ту, елорда) өзгермейтіні нақты белгіленген. **Франция** Конституциясында республикалық басқару нысанының өзгермейтіні туралы норма қарастырылған. **Германия** Конституциясында басқару нысаны, адам құқықтары және адамның қадір-қасиеті сияқты негіздердің өзгермейтіні туралы норма бар.

### 3-бап

1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын ілгерілету; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.

## 2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды.

1. Жаңа Конституция жобасында мемлекеттің қызмет қағидаттарының тізбесі (3-бап, 1-тармақ) тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қаралып, едәуір кеңейтілді. Ол елдің қазіргі даму деңгейін, құндылықтық бағдарларын және қоғамдағы үдерістерді нақты көрсетеді. Аталған қағидаттар мемлекеттің өз қызметін қандай ұстанымдарға сүйене отырып жүзеге асыратынын және алдына қандай мақсаттар қоятынын айқындайды.

Аталған қағидаттар: 1) мемлекет үшін негізгі құндылықтарды (Егемендік пен тәуелсіздікті қорғау, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау);

2) мемлекеттік институттар мен қоғамның өзара іс-қимылының ережелері мен мақсаттарын (заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті нығайту, қоғамдық диалогты дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру);

3) азаматтар үшін рухани-адамгершілік бағдарларды (жауапты әрі жасампаз патриотизм идеясын ілгерілету, еңбекқорлық, прогресс пен білім құндылықтарын орнықтыру, жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру) белгілейді.

Бұл ретте ұлттық өзіндік сананы (тарихи-мәдени мұраны сақтау, ұлттық мәдениетті қолдау) айрықша атап көрсетеді.

Мемлекет қызметінің қағидаттарын Конституцияда бекіту әлемдік тәжірибеде кең тараған. Бұл мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз етеді.

Мысалы, Франция Конституциясында республиканың қағидаттары ретінде халық билігі айқындалған; халық билігі өкілдер арқылы және референдум жолымен жүзеге асырылады.

Италия Конституциясында мемлекет азаматтардың

бостандығы мен теңдігін шектейтін экономикалық және әлеуметтік кедергілерді жоюды мақсат етеді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету тұрғысынан жалпы ұқсастық болса да, мемлекеттің қызмет қағидаттары әр елдің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Мысалы, **Корея** Республикасының Конституциясында елдің бірігуге ұмтылатыны (Корей түбегін біріктіру, Сеул мен Пхеньян арасындағы қатынастар), халықаралық бейбітшілікті сақтауға күш салатыны және агрессиялық соғыстардан бас тартатыны бекітілген.

Осылайша, Қазақстан Конституциясының жобасындағы мемлекет қызметі қағидаттарының тізбесі еліміздің қазіргі даму ерекшеліктерін және мемлекеттік саясаттың мақсаттарын толық көрсетеді.

2. Адам капиталын, білімді, ғылымды және инновацияларды дамыту **мемлекеттің стратегиялық бағыты** ретінде конституциялық деңгейде бекітілуі (3-бап, 2-тармақ) **маңызды сәт**. Бұл жаңа Конституция жобасының адамға бағдарлануының тікелей көрінісі: мемлекет үшін адам емес, адам үшін мемлекет.

Демек, азаматтардың өмір сүру сапасын, білімі мен кәсібилігінің деңгейін арттыру үшін бұдан да көп жағдай жасалатын болады. Табиғи байлық емес, адам елдің болашағын айқындайтын **стратегиялық ресурсқа** айналуы тиіс. 1995 жылғы Конституцияда ғылым мен инновациялар туралы ережелердің жоқтығын атап өту қажет.

Ғылым мен инновацияларды Конституцияға (*соның ішінде Преамбулага*) енгізу мемлекет тарапынан ғылыми-зерттеулерді қолдауды күшейтіп, нәтижесінде ғылыми білім өндірісін арттыруға серпін береді.

Бұл – өте дер кезінде жасалған қадам. Қазіргі әлемде **ғылымды қаржыландыру** (*ФЗТКЖ – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар*) өсіп келеді.

Жаһандық инновациялық индекс деректері бойынша, ҒЗТҚЖ-ға жұмсалатын әлемдік шығындар 2000 жылмен салыстырғанда **шамамен 3 есе өсіп**, 2,87 триллион АҚШ долларына жетті. Ең ірі инвестициялар Қытай мен АҚШ-та байқалса, Корея Республикасы, Түркия, Үндістан және басқа елдер қаржыландыру көлемін ұлғайтуда.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының «Ғылым, технологиялар және инновациялар перспективалары – 2025» атты шолуында көрсетілгендей, ғылым, технологиялар мен инновациялар **елдің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін, қауіпсіздігін арттыруда және тұрақты дамуын қамтамасыз етуде** шешуші рөл атқарады.

Бірқатар мемлекеттің конституцияларында ғылымға қатысты нормалар бекітілген. Мәселен, **Испания** Конституциясында жария билік органдары жалпы мүдделер үшін ғылымның, ғылыми және техникалық зерттеулердің дамуына жәрдемдесетіні көрсетілген. **Перудің** Конституциясына сәйкес, мемлекет елдің ғылыми және технологиялық дамуына ықпал етеді. **Финляндияда** ғылыммен, өнермен айналысу және жоғары білім алу бостандығы орнатылған. **Португалия** Конституциясында мемлекеттің ғылыми шығармашылықты ынталандыруы және қолдауы туралы норма бар.

#### 4-бап

1. Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және **Егемендік иесі**.
2. Халық билікті жалпыхалықтық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүргізеді, сондай-ақ өз билігін мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.
3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кету заңмен қудаланады. Халық пен мемлекет атынан әрекет ету құқығы Қазақстан

Республикасының Президентіне, сондай-ақ конституциялық өкілеттігі шегінде **Қазақстан Республикасының Құрылтайына** тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттік шегінде мемлекет атынан әрекет етеді.

4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөліну және өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.

**Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және мемлекет егемендігінің иесі – халық.** Барлық билік органдары мен лауазымды тұлғалар өз өкілеттіктерін халықтан алады және азаматтардың мүддесі үшін әрекет етуге, оларға есеп беруге, сондай-ақ заңмен шектелуге міндетті. Кез келген саяси шешім **қоғамдық легитимділікке ие болуы** тиіс және сайлау, референдум немесе азаматтық қатысудың өзге де нысандары арқылы білдірілген халық еркіне сүйенуі қажет.

Азаматтар маңызды шешімдерді қабылдауға референдум және еркін сайлау арқылы тікелей қатыса алады. Сонымен қатар олар елді басқару құқығын өз атынан және еркімен әрекет ететін сайланбалы мемлекеттік органдарға тапсырады.

Ешкім мемлекеттік билікті өз бетімен иемденуге немесе өзін билік иесі деп жариялауға құқылы емес; мұндай әрекет заңмен жауапкершілікке тартылады. **Халық пен мемлекет атынан ресми әрекет ету құқығы өз конституциялық өкілеттіктері шегінде тек Президент пен Құрылтайға тиесілі**, ал Үкімет пен басқа органдар тек заңмен берілген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.

Елдегі мемлекеттік билік біртұтас жүйе ретінде Конституция мен заңдарға сәйкес жүзеге асырылады. Ол әртүрлі функцияларды атқаратын, бірақ өзара іс-қимыл жасайтын заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді.

## 5-бап

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы – Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарт міндеттемелерінің нормалары.

2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарды қолдану тәртібі заңдарда айқындалады.

4. Барлық заң мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілердің ресми жариялануы – оларды қолданудың міндетті шарты.

5. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды.

Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайды.

Жаңа заң бұрын жасалған құқықбұзушылық үшін жауаптылықты жоятын немесе жеңілдететін болса, онда жаңа заң қолданылады.

6. Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі конституциялық заңдарға сәйкес белгіленуі мүмкін.

Осы арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін көздеуі мүмкін.

1. Конституцияның 5-бабының 1-4-тармақтарында (ескертпе: қолданыстағы Конституцияның 4-бабында)

Қазақстандағы қолданыстағы құқық тізбесі мен түрлері сипатталған:

1) **Конституция** – Қазақстанның ең жоғары заңды күші бар басты заңы;

2) **заңдар** – Құрылтай қабылдаған және Президент қол қойған нормативтік-құқықтық актілер;

3) **Конституциялық Сот пен Жоғарғы Соттың** нормативтік қаулылары – бұл заңдарды қалай қолдану керектігін түсіндіретін жалпыға бірдей міндетті құқықтық актілер;

4) өзге де **нормативтік-құқықтық актілер** – Жарлықтар, Үкімет қаулылары, министрліктердің бұйрықтары;

5) **халықаралық шарттар** – бұл шет мемлекетпен жасалған, Қазақстан қол қойған және ратификациялаған келісімдер.

Бұл нормалар Қазақстан Республикасының **азаматтары** қандай заңдардың міндетті екенін нақты **түсінуі**, ал **мемлекеттік органдар мен соттар** шешімдерді тек **ресми және белгіленген құқықтық нормалар** бойынша қабылдауы және шығаруы үшін қажет.

2. Бұдан бөлек, 5-баптың 5-тармағы **әділдіктің негізгі қағидаттарын** айқындайды және **азаматтардың құқықтарын қорғайды**. Бұл нормалар мемлекетке заң бойынша жауапкершілік қарастырылмаған іс-әрекеттер жасалған кезде олар үшін **қосымша міндеттемелер** немесе **санкциялар** жүктеуге жол бермейді.

Аталған конституциялық ереженің мазмұны сондай-ақ **Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің** 15-бабының 1-тармағына сәйкес келеді, онда егер жазалау туралы заңдар адамның жағдайын **нашарлатса** немесе оның жауапкершілігін күшейтсе, олардың **кері күші болмайтыны** белгіленген.

3. **Жаңа Конституцияның 5-бабының 6-тармағына** сәйкес, қаржы саласындағы қолданыстағы арнайы құқықтық режимге қосымша **«қарқынды дамитын қала» режимін** белгілеу мүмкіндігі де **енгізіледі**. Бұл жаңа өсу нүктелерін қалыптастыру, тиімді **басқару тәжірибелерін** жедел енгізу және **өңірлерді** елдің ұзақ мерзімді экономикалық дамуына **тарту** үшін жағдай жасайды.

Айта кету керек, бұған дейін қолданыста болған Конституцияға сәйкес **Астана** қаласында қаржы саласында ерекше құқықтық режим әрекет етіп, оның аясында **«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО)** табысты жұмыс істеп келеді. Бүгінде АХҚО – Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы жетекші қаржы хабы. 2018 жылдан бері АХҚО алаңы арқылы Қазақстан экономикасына **20 млрд АҚШ долларынан астам инвестиция** тартылды.

Арнайы құқықтық режимдер мемлекет тарапынан бизнес субъектілері, соның ішінде шетелдік инвесторлар үшін **жеңілдетілген салық салу және өзге де преференциялар** енгізуді көздейді. Бұл жоғары технологиялық салалардың дамуын жеделдетуге, инвестиция тартуды күшейтуге және кәсіпкерлік үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мұндай тетіктер экономиканың өсуін ғана емес, халықтың **өмір сапасының айтарлықтай жақсаруын** қамтамасыз етеді: **жаңа жұмыс орындары** ашылады, заманауи әрі **ыңғайлы көлік желісі**, дамыған **инфрақұрылым** қалыптасады.

Осы жағдайда жекелеген аумақтардың дамуы мемлекеттің **ұзақ мерзімді стратегиясының** бір бөлігіне айналып, бірреттік саяси шешімдер мен уақытша жеңілдіктерге тәуелді болмайды.

**Экономикалық аймақтарда арнайы құқықтық режимдерді Конституция мен конституциялық заңдар арқылы бекіту** – әлемдік тәжірибеде кең тараған құбылыс.

Мысалы, **Грузия Конституциясында** Анаклиядағы арнайы экономикалық аймақты құру нормасы бекітілген, сондай-ақ өзге де ерекше аумақтарды құру мүмкіндігі көзделген.

**Бразилия Конституциясында** Манаус өңіріндегі еркін экономикалық аймақ туралы норма бар, онда экспорттық, импорттық және өзге де салықтық жеңілдіктер 25 жыл мерзімге белгіленген.

**Гонконгтың Негізгі заңында (Конституциялық заңында)** дербес кедендік аумақ, экспорттық квоталар және тарифтік преференциялар туралы нормалар көзделген.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мұндай арнайы экономикалық аймақтарды құру өңірлердің дамуына қуатты серпін береді. Мәселен, Амазонияның ортасында орналасқан **Манаус қаласы** бүгінде Бразилияның жетекші өнеркәсіп орталықтарының біріне айналып, шетелдік инвестиция тарту көлемі бойынша елде **4-орынды** иеленіп отыр. Қазір мұнда **600-ден астам заманауи кәсіпорын, 500 мыңнан астам жұмыс орны** бар, ал жылдық экспорт көлемі **3 млрд АҚШ долларынан** асады.

**Соңғы жылдары инвестициялар мен инновациялық технологиялар үшін елдер арасындағы бәсекелестік айтарлықтай күшейді.** Осы жағдайда қаржы саласындағы арнайы құқықтық режимдер мен «қарқынды дамитын қала» шетелдік инвесторлар мен олардың капиталын тартудың тиімді құралына айналады.

Әдетте «қарқынды дамитын қалалардың» дамуы (Алатау қаласы, АХҚО қатысушыларының жобалары) **ірі, капитал сыйымдылығы жоғары, өтелу мерзімі ұзақ жобаларды** іске асыруды көздейді.

Мұндай жағдайда инвесторлар үшін мемлекет тарапынан **ұзақ мерзімді кепілдіктерді қамтамасыз ету** ерекше маңызға ие. Конституциялық норма елдегі қолайсыз экономикалық жағдайлар (бюджет тапшылығы, геосаяси дағдарыстар және

т.б.) туындаған кезде жекелеген аумақтардағы жеңілдікті құқықтық режимдердің күрт жойылу тәуекелін төмендетеді.

Бұл өз кезегінде шетелдік инвесторлар тарапынан капиталдың кері әкетілу қаупінсіз **ұзақ мерзімді және ірі инвестициялардың** (жоғары технологиялық кәсіпорындар мен инфрақұрылым) тұрақты ағымына құқықтық негіз қалыптастырады.

Сонымен қатар жекелеген аумақтар мен жедел өсім қалалары **біртұтас конституциялық кеңістік шеңберінде** жұмыс істеп, «мемлекет ішіндегі мемлекет» (автономия) қаупін тудырмайды.

Арнайы режимдер тек мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеуі, салық рәсімдері сияқты салаларға қатысты болуы мүмкін және **негізгі азаматтық құқықтарды қозғамайды**. Осылайша, құқықтық реттеудегі айырмашылықтар функционалдық сипатқа ие болып, азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары саласындағы теңдігін бұзбайды.

Жоғары технологиялық салалар мен инвестицияларды тарту, сондай-ақ халықаралық технологиялық хаб қалыптастыру мақсатында Алатау қаласында **қосымша басқару органы – әкімшілік** құрылады (Үкімет құрамына кірмейтін, орталық атқарушы орган).

Әкімшілік **әкімдік пен мәслихатпен қатар** жұмыс істейді.

Әкімшіліктің қызметі кәсіпкерлік және инвестициялық қызметті сүйемелдеу, сондай-ақ әкімдік пен мәслихаттың өз өкілеттіктері шеңберіндегі қызметін үйлестіру үшін **«бір терезе» қағидаты** негізінде ұйымдастырылады.

Қалада **екі деңгейлі бюджет жүйесі** енгізіледі:

– мемлекеттік функцияларды іске асыруға арналған **жергілікті бюджет**;

– әкімшілік пен стратегиялық жобалардың қызметіне арналған **мемлекеттік қор бюджеті**.

Қаржылық өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейіне жеткенге дейін бұл бюджеттерден қаражатты өзге деңгейлерге алуға жол берілмейді.

Қала Қазақстан Республикасының Салық кодексі негізінде, салық мөлшерлемелері мен салық салу тәртібінен ауытқулар енгізу мүмкіндігімен өзіндік салықтық режим қалыптастыру құқығына ие болады.

Алатау еркін кеден аймағы бар арнайы экономикалық аймақ режимінде, валюталық реттеудің жеңілдетілген тәртібімен және өзге де артықшылықтармен жұмыс істейді.

Алатау қаласына арнайы мәртебе беру оны халықаралық деңгейдегі экономикалық, технологиялық, ғылыми-білім беру, сауда-ойын-сауық және инвестициялық орталық ретінде қалыптастыруға бағытталған.

## 6-бап

1. Қазақстан Республикасында **идеологиялық және саяси әралуандық** танылады.
2. **Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең.** Мемлекеттің қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік орган функцияларын жүктеуге жол берілмейді. Мемлекеттік органда саяси партия ұйымын құруға жол берілмейді.
3. Мақсаты немесе әрекеті **конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге**, Қазақстан Республикасының тұтастығын және қоғамдық тәртіпті бұзуға, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестік құруға және оның қызметіне, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген жасак құруға тыйым салынады.
4. Басқа мемлекеттің саяси партиясы мен кәсіптік одағының, діни негіздегі саяси партияның қызметіне жол берілмейді,

сондай-ақ саяси партия мен кәсіптік одақты шетелдік заңды тұлғаның, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамның, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаның, шет мемлекет пен халықаралық ұйымның қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Коммерциялық емес ұйымның шет мемлекеттен, халықаралық және шетелдік заңды тұлғадан, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамнан алатын ақша қаражатының қозғалысы және активтері туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашық әрі қолжетімді болуға тиіс.

1. Идеологиялық және саяси әртүрлілік – бұл пікір бостандығына, әртүрлі көзқарастың (идеологиялардың) қатар өмір сүруіне және тәуелсіз партиялардың қызметіне кепілдік беретін конституциялық қағидат. Ол цензура болмаған кезде плюрализмді, ой бостандығын және қоғамдық бірлестіктердің заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етеді.

Саяси әралуандық Қазақстанда шынайы көппартиялық жүйенің орнығуының, түрлі саяси ағымдардың болуының, оларда қоғамның түрлі әлеуметтік топтары өкілдік етуінің негізі. Көппартиялық дегеніміз – Конституциямен кепілдік берілген түрлі саяси партияларды құру мүмкіндігі және олардың елдің саяси өміріне нақты қатысуы, бұған көппартиялық негізде өтетін парламенттік сайлаулар дәлел болды.

2. Елдің қоғамдық-саяси өмірінде шешуші рөл атқаратын саяси партиялар, кәсіптік одақтар және өзге де қоғамдық бірлестіктер сияқты азаматтық қоғам институттарын қолдау – Қазақстан мемлекеттік саясатының маңызды бағыты.

Қазақстанда түрлі салада: азаматтардың құқықтарын қорғау, мәдениет пен өнерді дамыту, әлеуметтік қорғалмаған топтарды қолдау және басқа да маңызды міндеттер бойынша жұмыс істейтін **23 мыңнан астам қоғамдық бірлестік** тіркелген.

Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер ісіне заңсыз араласуына тыйым салу демократиялық қоғамның негізі саналатын бірлесу бостандығы қағидатын қорғау үшін қажет. Бұл ереже азаматтарға мемлекеттік органдар тарапынан қысым көрмей, өз құқықтары мен мүдделерін іске асыру үшін еркін бірігуге мүмкіндік береді. Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер қызметіне араласуы азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіруге, өзгеше ойлауды басып-жаншуға және саяси бостандықты шектеуге әкеп соғуы мүмкін.

Мемлекеттік органдарда саяси партиялардың ұйымдарын құруға тыйым салу **мемлекеттік мекемелердің саяси бейтараптылық қағидатын сақтау қажеттілігіне негізделген**. Мемлекеттік органдар нақты бір партияға қолдау көрсетпей, барлық саяси күш үшін тең жағдайларды қамтамасыз ете отырып, **бүкіл қоғамның** игілігі үшін қызмет етуі тиіс.

3. Мемлекет Конституцияда бекітілген демократиялық құндылықтарды антидемократиялық идеологиялар мен олардың нысандарының таралуынан қорғауға міндетті. Ол конституциялық құрылыс негіздерін **күш көрсету немесе заңсыз жолмен** өзгертуге әрекеттенетін саясиленған азаматтық қоғам институттарының қызметіне жол бере алмайды.

Демократиялық мемлекет сондай-ақ қоғамда **әлеуметтік, ұлттық, діни, сословиелік және рулық** араздыққа негізделген идеологиялардың таралуымен сыйыспайды. Халықаралық-құқықтық стандарттарға сәйкес, мемлекет қоғамдық бірлестіктердің қызметіне шектеулер қоя алады.

Халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарына негізделген конституциялық тыйымдар **жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің** мүдделерін қорғау үшін қажет. Олар Қазақстанның конституциялық құрылысының негізінде бекітілген демократиялық құндылықтарды сақтауға, сондай-ақ **мемлекеттің біртұтастығын, қоғамның**

тұрақтылығын қорғауға және әлеуметтік бейбітшілікті қолдауға бағытталған.

4. Саяси партиялар мен кәсіптік одақтар – азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыруының жоғары нысаны, олар билікке және мүдделерді қорғауға тікелей ықпал ететін жеткілікті дәрежеде құрылымдалған бірлестіктерді білдіреді.

Сондықтан қолданыстағы Конституцияның 5-бабының 4-тармағымен **шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың**, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың, ең алдымен, саяси партиялар мен кәсіптік одақтар сияқты субъектілерді қаржыландыруына жол берілмейді.

Бұл норманың «**Конституциялық құрылыс негіздері**» атты I бөлімде болуы **мемлекет пен қоғамның ерекше қорғалатын мүдделері мен құндылықтарын** айғақтайды, өйткені бұл Қазақстан мемлекетінің конституциялық құрылысын, тәуелсіздігін және аумақтық тұтастығын қорғауды көздейді.

АҚШ-та федералдық заңнама шетелдік азаматтарға, мемлекеттер мен компанияларға партияларды, кандидаттар мен саяси комитеттерді қаржыландыруға, **соның ішінде кез келген жанама қолдау түрлеріне** толықтай тыйым салады.

Түркияда Конституция партиялардың шет мемлекеттерден, халықаралық ұйымдардан және шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардан материалдық көмек алуына тікелей тыйым салады.

Конституцияның бұл нормасы сондай-ақ шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалар тарапынан қаржыландыруға тыйым салуды да қамтиды. Бұл реттеуді айтарлықтай қатаңдатты және бизнес-құрылымдар арқылы келетін **жанама шетелдік ықпалдың кез келген нысандарын** жоққа шығарды.

Түзетулер ықтимал айналып өту схемаларын жабады және елдің саяси тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігін сақтау үшін саяси партияларды қаржыландырудың ашықтығын арттырады.

5. Конституцияның шетелдік көздерден алынатын коммерциялық емес ұйымдардың қаражат қозғалысы туралы ақпаратты ашуды талап ететін бұл тармағы **ашықтықты қамтамасыз ету және Қазақстанның істеріне сырттан араласудың алдын алу үшін** маңызды. Бұл қаражаттың саяси немесе мемлекетке қарсы мақсаттарда емес, қоғам мүддесі үшін пайдаланылуына кепілдік береді, сондай-ақ коммерциялық емес секторға деген сенімді нығайтады.

Бұдан бөлек, қаржы ағындары туралы ақпаратты ашу талабы ашықтықты қолдау және ұлттық мүдделерді қорғау үшін әлемнің көптеген елдерінде қолданылатын **халықаралық практиканың нормасы**. Азаматтық қоғамы дамыған елдерде мұндай шаралар шетелдік қаражаттың ішкі процестерге қалай әсер ететінін бақылауды қамтамасыз ете отырып, **қаржылық манипуляциялардың алдын алады**. Бұл **коммерциялық емес ұйымдардың қызметі заңнамаға және мемлекет мүдделеріне** кепілдік беруге мүмкіндік береді, сондай-ақ елдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауға ықпал етеді.

## 7-бап

### 1. Дін мемлекеттен бөлек.

2. Қазақстан аумағында діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол **конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында шектелуі мүмкін.**

Жаңа Конституция жобасында **дін мемлекеттен бөлінген**. Діни ұйымдардың қызметі тек заң аясында жүзеге асырылатыны және конституциялық құрылысты, ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен

бостандықтарын, денсаулығы мен адамгершілік қорғау мақсатында шектелуі мүмкін екендігі туралы талап белгіленген.

**Діннің мемлекеттен бөліну қағидатын** нақты конституциялық бекіту, ең алдымен, **мемлекеттің институционалдық бейтараптығын қамтамасыз ету үшін қажет.** Мұндай тәсіл азаматтардың діни сеніміне немесе оның жоқтығына қарамастан, барлығына бірдей қарауды қамтамасыз етеді және мемлекеттің діни дауларға қатысуын болдырмайды, бұл оған құқықтар мен бостандықтардың бейтарап кепілі рөлін сақтауға мүмкіндік береді.

Діннің мемлекеттен бөліну қағидатын тікелей **бекіту діни сенім бостандығын шектеуге бағытталмағанын** атап өту маңызды. Керісінше, бұл норма Конституцияда бұрыннан бекітілген ар-ождан бостандығының негізгі құқықтық кепілдіктерінің бірі.

Конституция – ең жоғары заңдық күші бар акт ретінде, әсіресе діни қатынастар сияқты сезімтал салада, **кеңейтілген немесе ерікті түсіндіруге жол бермеуі тиіс.** Норманың нақты әрі айқын тұжырымдалуы құқықтық айқындықты қамтамасыз етіп, ықтимал қайшылықтардың алдын алады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көптеген мемлекеттерде мемлекеттің діни мәселелердегі **бейтараптық** қағидаты конституциялық деңгейде тікелей әрі анық бекітілген.

Мәселен, **Испания Конституциясының** «Құқықтар мен бостандықтар» деп аталатын 2-тарауында ешбір діни сенімнің мемлекеттік дін мәртебесіне ие бола алмайтыны, ал мемлекеттік биліктің конфессиялармен ынтымақтастық қатынастарды жүзеге асыратыны нақты көрсетілген (16-бап).

Ал **Қырғызстан Конституциясында** «Конституциялық құрылыстың негіздері» бөлімінде (9-бап) бірде-бір діннің мемлекеттік немесе міндетті бола алмайтыны, дін мен діни культтердің мемлекеттен бөлінгені, сондай-ақ діни бірлестіктер

мен дін қызметкерлерінің мемлекеттік билік органдарының қызметіне араласуына тыйым салынатыны тікелей белгіленген.

## 8-бап

1. Қазақстан Республикасында барлық меншік түрі танылады, оларға кепілдік беріледі және тең қорғалады.

2. Меншікті пайдалану қоғам мен мемлекет мүддесіне сай келуге, қоршаған ортаны қорғау саласындағы белгіленген талаптар сақталып іске асырылуға тиіс, басқа тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің құқықтарының көлемі мен шегі, оларды қорғау кепілдіктері заңда айқындалады.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

1. Қолданыстағы Конституцияда мемлекеттік және жеке меншікті қорғау туралы тұжырымдама меншіктің тек екі түріне ғана басымдық берсе, жаңа Конституция жобасында меншіктің барлық нысандары танылады әрі қорғалады, бұл ретте мемлекет тарапынан қорғауға кепілдік беріледі, яғни мемлекеттік институттар меншіктің барлық нысандарының қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Бұл норма Қазақстандағы меншік құқығы қоғам мен мемлекет мүдделеріне бағынуға тиіс екенін көрсетеді. Яғни, өз мүлкін қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей, басқа адамдардың құқықтарын бұзбайтындай және заң талаптарын сақтайтындай етіп пайдалану қажет.

3. 3-тармақ өзгеріссіз қалды және табиғи ресурстардың ерекше мәртебесін тағы бір мәрте бекітеді, соған сәйкес жер, оның қойнауы, сулар, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі

халыққа тиесілі, ал мемлекет оның атынан меншік иесі ретінде әрекет етеді.

Мемлекет халықтың атынан әрекет ете отырып, меншік құқығының шектерін белгіледі және стратегиялық табиғи ресурстар шетелдіктерге тиесілі болмайтынын бекітті. Бұл жер мен жер қойнауына қатысты ұлттық мүдделер мен мемлекет егемендігіне басымдық берілетінін тағы бір мәрте айғақтайды.

### 9-бап

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – **қазақ тілі**.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен **қатар** орыс тілі ресми түрде қолданылады.
3. Мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасауға қамқорлық көрсетеді.

1. Мемлекеттің тиімді саясатының арқасында қазақ тілінің тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігі қарқынды түрде артып келеді.

Мемлекет басшысы атап өткендей, **қазақ тілі жойылып кету қаупі төнген тілдердің қатарына жатпайды** және 2024 жылы әлемдегі ең кең таралған тілдердің арасында 79-орынға ие болды.

**Жаңа Конституцияда** мемлекеттік тіл **қазақ тілі** екені нақты әрі екіұдай түсінікке жол бермейтіндей етіп бекітілген. Тек мемлекеттік тіл бар.

Бұл норма Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының «Конституциялық құрылыстың негіздері» атты 1-бөлімінің 9-бабы, 1-тармағында бекітілген.

Конституция нормаларына сәйкес, **қазақ тілі** әрқашан лайықты әрі берік орынға ие болады және бұл мәртебесін ешқашан жоғалтпайды. Тіпті, жаңа Конституцияны дайындау жұмыстарының мемлекеттік тілде жүргізілуі оның институционалдық маңызын айшықтай түседі.

Жаңа Конституция жобасында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде бекіту туралы норманың өзі тілдің тарихи рөлін де, оның конституциялық-құқықтық маңызын да айқындайтын қисынды әрі дәйекті қадам.

2. Конституция жобасының 9-бабының 1 және 2-тармақтары бір-біріне қайшы келмейді. Бұл нормалар әртүрлі құқықтық институттарды реттейді және бірін-бірі жоққа шығармайды. 1-тармақ қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі іргелі мәртебесін нақты бекітіп, оның билік пен құқық жүйесіндегі басымдығын айқындайды. 2-тармақ көпэтникалық қоғамда азаматтардың құқықтарын қорғау және қоғамдық келісімді қамтамасыз ету тетігі ретінде қызмет етеді, бірақ ол ешбір жағдайда мемлекеттік тілдің мәртебесін қайта қарамайды және оны басқа тілдермен теңестірмейді.

3. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елімізде бүкіл Қазақстан халқының мүддесін ескеретін үйлесімді тіл саясаты жүргізіліп келеді. Ол еліміздегі барлық этностардың тілдік құқықтарының сақталуын, қарым-қатынас, тәрбие, білім алу және шығармашылық тілін еркін таңдауын қамтамасыз етеді. Қазақстан халқының барлық тілдері Конституциямен қорғалған.

Қазақстанда түрлі этностардың тілдерін қандай да бір түрде кемсітуге немесе оларға нұқсан келтіруге жол берілмейді. Тәуелсіздік жылдарында бірде-бір этнос өз тілін жоғалтқан жоқ, қоғамдағы этносаралық бірлік пен келісім жағдайында халықтың әртүрлі этникалық топтарының мәдениетін дамыту үшін сан алуан мүмкіндіктер жасалуда.

Қазақстан халқы Ассамблеясының арқасында республикада барлық этностардың тілдеріне айтарлықтай көмек көрсетіліп келеді, ұлттық балабақшалар мен жексенбілік мектептер жұмыс істейді, түрлі тілде газет-журналдар жарық көреді.

## 10-бап

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын құрметтейді, **мүдделі мемлекеттермен бейбітшілік пен ынтымақтастықты**, олардың ішкі ісіне араласпауды, халықаралық дауды бейбіт жолмен шешуді көздейтін сыртқы саясат жүргізеді.

Қазақстан Тәуелсіздік кезеңінде **халықаралық құқық қағидаларын**, атап айтқанда, шарттарды сақтауды, мемлекеттердің егемендігін, аумақтық тұтастықты, агрессияға тыйым салуды және басқа да іргелі нормаларды **мойындап келеді**.

Біз – әрқашан **халықаралық қағидалар шеңберінде** әрекет етіп келе жатқан елміз.

Бейбітшілік пен ынтымақтастыққа негізделген сыртқы саясатты жүргізу – барлық мүдделі мемлекеттермен келіссөздерге, экономикалық, саяси және гуманитарлық байланыстарға басымдық берілетінін білдіреді.

Қазақстан әрдайым **өзара тиімді ынтымақтастық пен сындарлы диалог** орнатуды көздейді.

Басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидаты елдің **олардың ішкі саясатына, билікті таңдауына, заңдарына немесе ішкі қақтығыстарына араласпауға тиіс** екенін білдіреді.

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу өзге елдермен арадағы кез келген келіспеушіліктер күш қолдану арқылы емес, келіссөздер, **дипломатиялық тетіктер, халықаралық соттар мен келісімдер арқылы** шешілуге тиіс екенін білдіреді.

Қазақстан өзін халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшесі ретінде таниды, өз қызметін белгіленген қағидалар шеңберінде жүзеге асырады және күш қолдану

әдістерінен гөрі дипломатия мен құқық үстемдігіне басымдық береді.

### 11-бап

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі конституциялық заңда белгіленеді.**

Жаңа Конституцияда барлық үш рәміздің атауына «Мемлекеттік» деген сөз қосылды. Бұған дейін бұл норма «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні бар» деп жазылатын. Сонымен қатар баптың нөмірі де өзгерді (бұрын 9-бап болатын).

Бұл өзгеріс рәміздерге деген қарым-қатынастың сипатын айшықтап, нығайта түседі және олардың әрқайсысының жеке мәртебесіне баса назар аударады. Яғни, әрбір рәміз тікелей және дербес түрде мемлекеттіліктің атрибуты ретінде белгіленеді.

Мемлекеттік рәміздерді пайдалану **конституциялық заңмен** реттеледі, бұл олардың маңыздылық деңгейін және еліміздің оларды заңсыз қолданудан, бұрмалаудан немесе қорлаудан қорғауға деген ұмтылысын көрсетеді.

## II БӨЛІМ

### НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАР, БОСТАНДЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР

#### 12-бап

1. Әр адамның **құқық субъектісі** ретінде танылуға құқығы бар. Әр адам құқықтары мен бостандықтарын **заңға қайшы келмейтін** барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғаныс арқылы қорғауға құқылы.
2. Әр адамның **өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы** бар.
3. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес білікті **заң көмегін** алу құқығы танылады.

1. Әрбір адам заң алдында тұлға ретінде танылуға, заңды мәртебеге ие болуға, мәмілелер жасасуға, сотқа жүгінуге және жауапты болуға құқылы. Бұл құқық азаматтығына, орналасқан жеріне немесе мәртебесіне қарамастан, әрбір адамға барлық жерде тиесілі. Сонымен қатар бұл құқық БҰҰ 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (6-бап) бекітілген.

2. Адам құқықтары табиғи және ажыратылмайтын сипатқа ие. Адамның құқықтары мен бостандықтары **әркімге туғаннан тиесілі** және «Барлық адамдар өз қадір-қасиеті мен құқықтарында еркін және тең болып туылады» деген қағидатты басшылыққа алады.

Конституциялық модельдің негізінде адамды, оның өмірі мен қадір-қасиетін мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде тану жатыр. Барлық билік институттары **азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды сөзсіз басымдық ретінде қарастырады.**

3. Конституцияда **әрбір адамның білікті заң көмегін алуға**, яғни өз құқықтары мен мүдделерін қорғау кезінде кәсіби

заңгердің немесе адвокаттың қолдауына ие болуға құқығы бар екені бекітілген. Бұл ретте «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР заңына сәйкес, тегін заң көмегіне кепілдік беретін бірқатар нормалар бар.

**Анықтама ретінде: 14-бап.** Заң көмегінің қолжетімділігі.

– «Осы заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда заң көмегі **тегін көрсетіледі**».

**18-бап.** Мемлекет кепілдік берген заң көмегі.

– «Осы заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негіздерде және тәртіппен оны алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға **тегін негізде** көрсетілетін заң көмегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі деп танылады».

**26-бап.** Мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалар.

– «Барлық жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтық ақпарат беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін **тегін алуға құқығы бар**».

**27-бап. 3-тармақ.** Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның құқықтары мен міндеттері.

– мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін тұлғаларға тегін заң көмегін көрсету туралы өтініш білдіру.

## 13-бап

1. **Қазақстан Республикасының азаматтығы** заңға сәйкес беріледі және тоқтатылады, ол берілген негізіне қарамастан **бірыңғай және тең**.

2. **Қазақстан Республикасының азаматын өз азаматтығынан айыруға, азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерге аластатуға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыс жасағаны, сондай-ақ Қазақстан**

Республикасының ұлттық мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін сот шешімімен ғана жол беріледі.

**3. Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейді. Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады. Шет мемлекетте туғанына байланысты сол мемлекеттің азаматтығын алған кәмелетке толмаған балаға қатысты заңда көзделген ережелер қолданылады.**

1. Азаматтық алу халықаралық құқыққа сәйкес адамның ажыратылмайтын құқықтарының қатарына жатады. Мәселен, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) қабылдаған **Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы** әрбір адамға азаматтық алу құқығына кепілдік берілетінін айқындайды.

Азаматтық алу – азаматтың құқықтары мен бостандықтарын *(мысалы, жәрдемақы, зейнетақы және өзге де жеңілдіктер алу құқығын)* тану мен сақтаудың, сондай-ақ мемлекеттің осы құқықтар мен бостандықтарды қорғау және қамтамасыз ету жөніндегі тиісті міндеттерін орындауының маңызды шарты әрі алғышарты.

Осылайша, Қазақстан азаматтары әртүрлі құқықтар мен міндеттерді туындататын қандай да бір санаттарға бөліне алмайды.

2. Өз кезегінде, азаматтықтан айыруға ерекше жағдайларда ғана, аса ауыр қылмыстар *(мысалы, терроризм, мемлекеттік опасыздық, конституциялық құрылысты күшпен өзгерту және т.б.)* жасағаны үшін сот шешімі бойынша жол беріледі.

3. Конституция жобасына қоғамдағы теңдікті қамтамасыз ету және құқықтарды қорғау үшін жағдай жасауға бағытталған қос азаматтық пен көп азаматтыққа тыйым салу туралы норма енгізілді (13-баптың 3-тармағы).

Осылайша, бұл норма азаматтардың құқықтарын шектемейді, керісінше қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету арқылы олардың өмір сапасын арттыруға бағытталған.

Атап айтқанда, ол ел азаматтары үшін әлеуметтік кепілдіктерді күшейтуге және әлеуметтік саладағы бюджет қаражатының елден көшіп кеткен тұлғаларды қолдауға тиімсіз жұмсалыу тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді.

Әлемдік тәжірибеде (Аустрия, Литва, Жапония, Қытай, Өзбекстан және т.б.) азаматтыққа қатысты заңнамалық шектеулер кеңінен қолданылады.

Мысалы, Аустрияда Конституцияда бір ғана азаматтық қағидаты бекітілсе, Литвада бір адамның бір мезгілде екі мемлекеттің азаматы болуына жол берілмейді.

Жалпы алғанда, мұндай шектеулер көптеген елдерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мемлекеттің егемендігін сыртқы ықпалдан қорғау қажеттілігінен туындайды.

Аталған норманы толықтыру Конституция деңгейінде өзге мемлекеттің азаматтығын алған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылатынын нақты айқындайды.

## 14-бап

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматы шет мемлекетке берілмейді.
2. Қазақстан Республикасы өз азаматтарын ел аумағынан тыс жерде заңға сәйкес қорғауға кепілдікбереді.

Конституция мемлекет тарапынан азаматтарды қорғаудың негізгі кепілдіктерін, соның ішінде азаматтарды шет мемлекеттерге беруге тыйым салуды және мемлекеттің

оларды елден тыс жерлерде қорғауды қамтамасыз ету міндетін бекітеді.

Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының азаматы шетелде қылмыс жасаса, мемлекет оны ұлттық заңнамаға сәйкес қылмыстық қудалаумен қамтамасыз етуге міндетті, бұл жауаптылықтың бұзылмайтындығы қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді және сонымен бірге азаматтың құқықтарын қорғауға кепілдік береді.

2-тармақта мемлекеттің өз азаматтарын елден тыс жерлерде қорғау міндеті бекітілген. Бұл кепілдік азаматтарға құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де көмек көрсететін, соның ішінде олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесетін, құжаттарды ресімдейтін, төтенше жағдайларда көмек көрсететін және Отанға оралуына ықпал ететін дипломатиялық және консулдық мекемелер арқылы іске асырылады.

## 15-бап

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.
2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан тиесілі, олар ажыратуға және айыруға болмайтын деп танылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының мазмұны мен қолданылуы осыған қарай айқындалады.
3. Қазақстан Республикасы азаматының өз азаматтығына орай құқықтары мен міндеттері бар.
4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда көзделген жағдайда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының азаматы үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

5. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға және бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылыс негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс.
6. Әр адамның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды адамының заңсыз әрекетімен келтірілген зиянды мемлекеттен өтетін алуға құқығы бар.

1. Жеке бостандық құқығы іргелі құқық және өмірдің түрлі салаларында іске асырылатын бірқатар нақты құқықтарды қамтиды. Жеке салада бұған тұрғылықты жерді таңдау, жүріп-тұру және іс-қимыл бостандығы кіреді. Саяси салада – ой, сөз және ар-ождан бостандығы. Кәсіби салада – еңбек, шығармашылық бостандығы, сондай-ақ қызмет түрі мен мамандықты таңдау бостандығы.

Бұл құқық халықаралық актілердің нормалары негізінде біздің Конституциямызда бекітілген және адамның құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде тану қағидатына негізделеді.

2. Адам құқықтары табиғи және ажыратылмайтын сипатқа ие. Адамның құқықтары мен бостандықтары әркімге туғаннан тиесілі және адамның табиғатынан туындайды. **Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының** 1-бабында: *«Барлық адамдар өз қадір-қасиеті мен құқықтарында еркін және тең болып туылады. Оларға ақыл-ой мен ар-ождан берілген және олар бір-біріне бауырластық рухында іс-қимыл жасаулары тиіс»*, – деп жарияланған.

Адам құқықтарының ажыратылмайтындығы – демократиялық елдердегі **конституциялық құрылыстың** және тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесінің негіз қалаушы қағидаты. Адамның құқықтары мен бостандықтары табиғи сипатқа ие, олар жеке тұлғадан бөлінбейді, аумақтық

немесе ұлттық шекараларға тәуелді емес және ұлттық заңдарда бекітілуіне қарамастан өмір сүреді. Бұл құқықтар халықаралық құқықтық реттеуге және қорғауға жатады.

3. Аталған тармақ азаматтардың өз елінің өміріне тек құқықтар шеңберінде ғана емес, сонымен бірге **міндеттемелерді орындау** арқылы да белсенді қатысатыны туралы қағидатты растайды. Бұл міндеттерге заңдарды сақтау, сайлауға қатысу, салық төлеу және қоғам мен **мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуын қолдауға бағытталған** басқа да іс-қимылдар кіруі мүмкін. Құқықтар мен міндеттер арасындағы теңгерімді көрсететін мұндай модель көптеген демократиялық елдердегі норма және құқықтық мемлекеттің тиімді жұмыс істеуі үшін негіз болып қызмет етеді.

Мәселен, **Франция** Конституциясында азаматтар заңдарды сақтауға және Отанды қорғауға қатысуға міндетті екені көрсетілген. **Германияның** Негізгі заңында әрбір азамат демократиялық тәртіпті құрметтеуге және конституциялық құрылысты қолдауға жәрдемдесуге міндетті екені қарастырылған. **Жапонияда** да Конституция азаматтардың бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға үлес қосуға міндетті екенін белгілейді.

4. Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар халықаралық практикаға ұқсас құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады, мұнда мұндай құқықтар мен міндеттер тұлғаның нақты елдегі мәртебесіне байланысты шектеледі. Бұл заңдар мен шарттарда белгіленген **ұлттық мүдделер мен халықаралық міндеттемелер арасындағы теңгерімді** сақтай отырып, Қазақстан аумағындағы барлық адамдар үшін құқықтардың теңдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**АҚШ** Конституциясында ел аумағында жүрген шетелдіктердің өз заңды мүдделерін қорғауға құқығы бар екені, бірақ олар АҚШ заңдарын сақтауға міндетті екені көрсетілген.

**Германия** Конституциясында да шетелдіктердің белгілі бір құқықтарды, мысалы, еңбек ету құқығын пайдалана алатыны бекітілген, алайда олардың құқықтары сайлауға қатысу мәселелерінде және кейбір басқа да салаларда шектелген.

5. Аталған тармақ құқықтар мен бостандықтарды іске асыру басқа адамдардың құқықтарын бұзбауы тиіс екенін және мемлекеттік құрылыс негіздеріне, қоғамдық тәртіпке немесе қоғамдағы жалпыға бірдей қабылданған имандылыққа (моральға) нұқсан келтірмеуі керек екенін бекітеді. Бұл дегеніміз – әрбір азаматтың іс-қимыл бостандығына құқығы бар, бірақ оның бостандығы басқалардың бостандығын шектемеуі тиіс, осылайша **қоғамның үйлесімді өмір сүруі мен тұрақтылығы** қамтамасыз етіледі.

Құқықтар мен бостандықтарды іске асыру басқа адамдардың құқықтарын бұзбауы тиіс және *«бір адамның бостандығы екінші адамның бостандығы басталған жерде аяқталады»* деген қағидатпен тығыз байланысты. Мұндай тәсіл көптеген елдерде бекітілген және жеке құқықтар мен қоғамдық тәртіп арасындағы теңгерімнің негізі.

Мәселен, **Франция** мен **Германия** Конституцияларында әрбір жеке тұлғаның бостандықтары басқаларға тиесілі құқықтар мен бостандықтармен, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау қажеттілігімен шектелетіні көрсетілген. **АҚШ**-та бұл қағидат жеке тұлғаның құқықтары мен қоғамдық мүдделерді теңгерімді түрде қорғайтын заңнама арқылы іске асырылады.

6. Негізгі заң мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтету құқығына кепілдік бере отырып, **азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған**.

Бұл мемлекеттік органдар заң шеңберінде әрекет етуге міндетті, ал **азаматтар өз құқықтары бұзылған жағдайда**

**әділдікке қол жеткізуге мүмкіндігі бар құқықтық мемлекет** қағидатын көрсетеді.

Бұл қағидат көптеген елдердің заңнамасында бекітілген. Мәселен, **Германия** Конституциясында мемлекеттік органдардың азаматтардың құқықтарын бұзатын әрекеттері үшін өтемақы алу құқығы қарастырылған. **АҚШ**-та азаматтар үкіметтің заңсыз әрекеттері болған жағдайда сот талаптары арқылы зиянды өтетуге құқылы, бұл мемлекеттің өз азаматтары алдындағы міндеттемесін растайды. Мұндай тәсіл билік әрекетінен зардап шеккендер үшін **құқықтық қорғау мен әділдікті** қамтамасыз етеді.

## 16-бап

**1. Заң мен сот алдында бәрі тең.**

**2. Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.**

Конституцияның 16-бабы құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарының бірі – **баршаның заң мен сот алдындағы теңдігін және кемсітушілікке тыйым салуды** бекітеді. Бұл дегеніміз – әрбір адам тегіне, әлеуметтік жағдайына, жынысына, ұлтына, тіліне, дініне немесе өзге де жағдаяттарға қарамастан, тең құқықтарға ие болады, заң алдында тең жауаптылықта болады және мемлекет тарапынан тең қорғалуға құқылы.

Конституция жобасы **адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейте отырып**, жеке бостандық пен әділ қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі кепілдіктерін конституциялық деңгейде бекітеді.

Егер қолданыстағы редакция теңдік пен кемсітушілікке тыйым салуды жалпы формула түрінде бекітсе, жобадағы баптың 2-тармағы бұл қорғауды ел аумағындағы азаматтарға, шетелдік азаматтарға және азаматтығы жоқ тұлғаларға тікелей таратады. Осылайша, теңдік қағидаты әмбебап сипатқа ие болады және мемлекеттің юрисдикциясындағы әрбір адамды қорғаудың халықаралық стандартына сәйкес келеді.

### 17-бап

1. Өмір сүру құқығы – әр адамның ажыратуға және айыруға болмайтын құқығы.
2. Ешкімнің өз бетімен адам өмірін қиюға құқығы жоқ.
3. Өлім жазасына тыйым салынған.

Адам құқықтары мен бостандықтары – әркімге туғаннан тиесілі ажырамас, абсолютті әрі иеліктен шығарылмайтын құндылықтар. Олар азаматтығына, жынысына, ұлтына, тіліне, дініне немесе өзге де жағдаяттарға қарамастан танылады. Бұл құқықтар тұлғаның қадір-қасиеті мен бостандығын қорғауды көздейді және азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды қамтиды. Аталған ережелер адам құқықтары саласындағы әмбебап халықаралық стандарттарға, соның ішінде 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға толық сай келеді.

Әлемдік тәжірибеде өмір сүру құқығы әрдайым абсолютті сипатқа ие бола бермейді. Бірқатар мемлекеттерде өлім жазасын қолдануға немесе эвтаназияға қатысты ерекше жағдайларға жол беріледі. Қазақстан БҰҰ-ның Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісіне екінші Факультативтік хаттама бойынша қосылып, өлім жазасынан толық бас тарту міндеттемесін алды. 2022 жылы мемлекетішілік рәсімдер

аяқталған соң өлім жазасы Конституция мен қылмыстық заңнамадан толық алынып тасталды, соның нәтижесінде өмір сүру құқығы абсолютті сипатқа ие болды.

Адамның, оның өмірінің, ар-ожданы мен қадір-қасиетінің басымдығы қағидаты Конституцияның бүкіл мәтінде негізгі арқау ретінде көрініс табады. Мемлекет құқықтардың қайнар көзі емес, оларды тануды, сақтауды және қорғауды қамтамасыз ететін **кепіл** ретінде әрекет етеді.

### 18-бап

1. Әр адамға **жеке бас бостандығы** мен **жеке басына қол сұғылмау құқығына** кепілдік беріледі.

2. Сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды.

Күзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шағым жасау құқығы беріледі.

3. Әр адамға ұсталған **сәтте бостандығын шектеу негіздері және оның құқықтары түсіндіріледі.**

4. Ұсталған адамның, күдіктінің, айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар.

Жеке бас бостандығы мен қолсұғылмаушылық құқығы адамның іргелі және ажырамас құқықтарының қатарына жатады. Ол адамды негізсіз қамаудан, ұстаудан және оқшаулаудың кез келген нысандарынан қорғауды білдіреді. Конституция бұл құқықтың әркімге – азаматтығына және өзге де мән-жайларға қарамастан тиесілі екенін бекітеді.

Конституциялық-құқықтық мағынада жеке бас бостандығы, ең алдымен, **негізсіз бас бостандығынан айырудан қорғауды** көздейді. Бұл құқықты шектеуге тек заңда тікелей көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі.

Негізгі кепілдік сот бақылауы болып табылады. Конституция қамауда ұстауға тек соттың шешімі бойынша және шағымдану құқығын беру арқылы жол берілетінін белгілейді. Ешбір өзге орган немесе лауазымды адам қамауға алуды немесе қамауда ұстауды өз бетінше санкциялауға құқылы емес.

Қамауда ұстау туралы сот шешіміне шағымдану құқығы – сот арқылы қорғалудың ажырамас кепілдігі. Ол әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау жөніндегі жалпы конституциялық қағидатынан туындайды.

Жоба нақты ұстаудың алғашқы минуттарынан бастап органдардың әрекеттеріне қойылатын талаптарды нақтылау арқылы жеке бостандықты қорғауды күшейтеді. Сот бақылауын сақтаумен қатар, бостандықты шектеудің негіздерін және адамның құқықтарын түсіндіру жөніндегі конституциялық міндет енгізіледі. Бұл Конституция деңгейінде Миранда ережесі элементтерін бекітеді және ұсталған сәттен бастап адвокатқа қол жеткізуді қоса алғанда, адамның қорғауға деген формалды емес, нақты құқығын қамтамасыз етеді.

*Miranda warning ережесі – бұл құқық қорғау органдарына ұсталған адамға оның құқықтарын міндетті түрде түсіндіру талабы: үнсіз қалу құқығы, адвокатқа ие болу құқығы және айтылған сөздердің сотта өзіне қарсы пайдаланылуы мүмкін екенін білу құқығы.*

Халықаралық тәжірибе мұндай кепілдіктердің қажеттілігін растайды. Мәселен, **Түркия** Конституциясының «Жеке бас бостандығы және қауіпсіздігі» бөлімінде (19-бап) ұсталған адамды ұстаудың негіздері мен тағылған айыптар туралы дереу хабардар ету міндеті бекітілген. **Испания** Конституциясына сәйкес (17-бап, «Құқықтар мен бостандықтар» бөлімі) әрбір ұсталған адам өз құқықтары туралы және ұсталу себептері жөнінде дереу әрі түсінікті түрде хабардар етілуге тиіс, айғақ беруге мәжбүрленбеуге құқылы

және ұсталған сәттен бастап адвокат көмегіне кепілдік берілген құқыққа ие.

### 19-бап

1. Заңды күшіне енген сот үкімімен адам кінәлі деп танылмайынша, ол жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі емес деп саналады.

2. Ешкім өз-өзіне, жұбайына (зайыбына) және заңда айқындалған жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес.

Діни қызметшілер өздеріне сеніп, сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік етуге міндетті емес.

3. Адамды дәл сол құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға тыйым салынады.

Конституция жобасы кінәсіздік презумпциясын және «үнсіз қалу құқығын» негізгі конституциялық құқықтар деңгейіне көтереді. Кінәсіздік презумпциясы тек қылмыстық процестің қағидаты ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің және оның органдарының қызметіндегі жалпы стандартқа айналады. Сонымен қатар өзіне және жақын туыстарына қарсы айғақ бермеу құқығы («үнсіз қалу құқығы»), сондай-ақ бір құқық бұзушылық үшін қайтадан жауапкершілікке тартуға тыйым салу бекітіледі. Бұл жеке тұлғаны қорғаудың тұтас кепілдіктер жүйесін қалыптастырады.

Халықаралық тәжірибе мұндай тәсілді растайды. **Түркия** Конституциясында (38-бап) ешкім сот оның кінәсін дәлелдегенге дейін кінәлі деп танылмайтыны, сондай-ақ ешкім өзіне және отбасы мүшелеріне қарсы айғақ беруге міндетті еместігі конституциялық деңгейде белгіленген. **Испания** Конституциясында (24-бап) қорғану құқығы, өзін-өзі айыптауға тыйым салу және кінәсіздік презумпциясы әділ сот талқылауының негізгі кепілдіктері ретінде бекітілген.

## 20-бап

1. **Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады.**
2. **Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жәбірлеуге не жазалауға болмайды.**

Конституция адамның ар-намысы мен қадір-қасиетінің қолсұғылмаушылығы қағидатын бекітеді, бұл жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізі және ең жоғары конституциялық құндылықтардың бірі болып табылады.

1-тармақ адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмайтынын және заңмен қорғалатынын белгілейді. Конституция адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде тануға негізделеді, ал жеке тұлғаның қадір-қасиеті барлық құқықтар мен бостандықтардың мызғымас іргетасы болып табылады. Мемлекет адамның қадір-қасиетін құрметтеуге және қорғауға, оны құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге және жеке тұлғаның құқықтарын жүзеге асыру үшін жағдай жасауға міндетті. Сонымен қатар қадір-қасиетке құқық абсолютті сипатқа ие және қандай да бір жағдайларда шектелуге жатпайды, бұл мемлекеттік билікті жүзеге асыру мен оның органдары қызметінің шегін айқындайды.

2-тармақ азаптауға, зорлық-зомбылыққа және адам қадір-қасиетін қорлайтын қатыгез немесе ар-намысты кемсітетін қарым-қатынас пен жазаның өзге де түрлеріне сөзсіз тыйым салуды бекітеді. Бұл норма адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға, соның ішінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің және Азаптауға қарсы конвенцияның ережелеріне сәйкес келеді.

Азаптау деп адамға мәжбүрлеу, жазалау немесе қорқыту мақсатында қасақана түрде күшті физикалық не моральдық ауырсыну келтіру әрекеттері түсініледі. Қадір-қасиетті қорлайтын әрекет деп адамның бойында қорқыныш, қорлану немесе дәрменсіздік сезімін тудыратын және жеке тұлғаға деген құрметті бұзатын кез келген қатынас танылады.

Азаптауға және қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынасқа тыйым салу абсолютті сипатқа ие және құқық қорғау органдарының қызметін және жазаларды орындауды қоса алғанда, барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттеріне қолданылады. Бұл конституциялық кепілдік адамға ізгілікті қарым-қатынасты қамтамасыз етуге, оның дене және психикалық қолсұғылмаушылығын қорғауға және құқықтық әрі демократиялық мемлекет қағидаттарын орнықтыруға бағытталған.

## 21-бап

1. Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, **цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына** заңмен кепілдік беріледі.
2. Банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдары, **оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы** берілетін өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен ғана жол беріледі.
3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әр адамға өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжатпен, шешіммен және ақпарат көзімен **танысу мүмкіндігін** қамтамасыз етуге міндетті.

1. Бірінші тармақ адам құқықтарының негізгі құқықтарының бірі – жеке кеңістікке деген құқықты бекітеді. Бұл денсаулық жағдайы, отбасылық жағдайы, табыстары, хат алмасуы, жеке қатынастары, өмірбаяны және жеке өмірдің басқа да қырлары туралы мәліметтер адамның келісімінсіз еркін жиналмауға және таратылмауға тиіс екенін білдіреді. Конституция жеке өмірді адамға туғаннан тиесілі материалдық емес игілік ретінде қарастырады. Мемлекет адамның тек физикалық қауіпсіздігін ғана емес, сонымен қатар оның ішкі әлемін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға міндетті.

Қоғамды цифрландыру жағдайында дербес деректерді қорғау қажеттілігі алғаш рет конституциялық деңгейде тікелей бекітіледі.

Қазіргі таңда **азаматтардың дербес деректері**(*есімдері, мекенжайлары, медициналық ақпарат, биометриялық деректер және т.б.*) цифрлық технологиялардың көмегімен үлкен көлемде өңделеді, сақталады және беріледі. Бұл ақпараттың таралуы, заңсыз жинау және пайдалану, сондай-ақ алаяқтық тәуекелдерін тудырады.

Қазақстанда дербес деректерді қорғайтын және оларды заңсыз таратқаны үшін жауапкершілік белгілейтін заңдар қазірдің өзінде бар. Мәселен, **«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР заңының 11-бабы** меншік иелеріне, операторларға және үшінші тұлғаларға шектеулі қолжетімді дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету және оларды дерек субъектісінің келісімінсіз не заңды негіздерсіз таратпау міндетін жүктейді. Биометриялық деректердің құпиялылығы да жеке түрде бекітілген.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің **148-бабының 1-бөліміне сәйкес**, жеке өмірдің құпиялылығын заңсыз бұзу екі жылға дейінгі бас бостандығынан айыруға дейінгі қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Айта кету керек, Қазақстанда **Цифрлық кодекстің** қабылдануымен дербес деректерді қорғау күшейтілді және алғаш рет **цифрлық ортада** азаматтардың құқықтары кешенді түрде бекітілді, оның ішінде **деректерді жою, анонимдеу және өңдеуді шектеу құқығы (41-бап)** қамтылған. Сондай-ақ кодексте **биометрияны пайдалану** мәселелері қарастырылған. Мысалы, 48-бапқа сәйкес цифрлық аутентификация үшін қолданылатын биометриялық деректер **дербес деректер болып саналып**, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қорғалуға жатады.

Осы нормаларды Конституция деңгейінде бекіту **азаматтарды қорғауды күшейтеді және цифрландыру жағдайында оны тұрақты етеді**. Адам өзінің жеке ақпаратын келісімсіз және бақылаусыз еркін пайдалана алмайтынына сенімді болады. Мұндай норма азаматтардың цифрлық мемлекеттік қызметтерге және жаңа технологияларға деген сенімін арттырады.

Көптеген елдерде дербес деректерді қорғау Конституция деңгейінде бекітілген. Мысалы, **Испания** Конституциясының 18-бабы (4-тармақ) ақпараттық технологияларды қолдануды арнамыс пен жеке және отбасылық өмірдің қолсұғылмаушылығын қорғау мақсатында шектейтінін қарастырады, ал испан соттары бұл норманы азаматтардың дербес деректерін қорғау құқығына байланыстырады. **Өзбекстан** Конституциясының 31-бабына сәйкес, *«әркім өзінің дербес деректерін қорғауға және дұрыс емес деректерді түзетуге, заңсыз жиналған немесе құқықтық негізі қалмаған деректерді жоюға құқылы»*.

**Латын Америкасы елдерінде (Аргентина, Колумбия, Бразилия, Венесуэла және т.б.)** дербес деректерді қорғау **habeas data принципі** арқылы Конституцияларында бекітілген, яғни азаматтар өз деректеріне қол жеткізу, түзету және жою құқығына ие.

2. Екінші тармақ жеке өмір саласын нақтылай отырып, кейбір құпия түрлерін жіктейді: қаржылық және коммуникациялық құпияны. **Банктік құпия** дегеніміз адамның есепшоттары, салымдары, операциялары туралы ақпарат құпия болып саналады және оны тек дербес иесіне немесе заңда қатаң белгіленген жағдайларда ғана жариялауға болады. Бұл қағида **хат-хабар, телефон әңгімелері және электрондық хабарламаларға** да қатысты – ешкім заңды негізсіз адамның коммуникациясына араласа алмайды.

Сонымен қатар Конституция бұл құқықтарды шектеу мүмкіндігін тек заңда белгіленген тәртіппен ғана қарастырады. Мысалы, қылмыстық тергеу немесе кірістерді заңдастыруға қатысты қаржылық мониторинг жүргізу аясында. Мұндай шаралар қажетті, негізделген болуы тиіс және құқық мәнін бұзбауы керек. Бұл мемлекетпен **жеке өмірді қорғау мен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікті** сақтауы тиіс екенін білдіреді. Заңсыз тыңдау, хабарламаларды ұстап алу немесе банктік құпияны жариялау жауапкершілікке әкеп соғады.

3. Үшінші тармақ мемлекеттің қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге және адамның өз еркіне жат шешімдерден қорғалуына бағытталған. Егер мемлекеттік орган нақты азаматқа қатысты шешім қабылдаса, сол адамда **бұл шешімге қатысты құжаттармен, материалдармен және негіздермен танысу құқығы бар**. Бұл құқықтық мемлекет қағидатының элементі және шенеуніктердің жасырын немесе негізсіз әрекеттерінен қорғаудың кепілі.

## 22-бап

**1. Әр адам өзінің қай ұлтқа жататынын айқындауға, оны көрсетуге не көрсетпеуге құқылы.**

**2. Әр адамның ана тілі мен төл мәдениетін қолдануға, қарым-қатынас жасау, тәрбие беру, оқу мен шығармашылық тілін еркін таңдауға құқығы бар.**

Мәдени және тілдік бостандықтың екі маңызды қағидаты бекітіледі. Бірінші тармақ **әрбір адамның** өз ұлтын көрсету немесе көрсетпеу туралы өз бетімен шешім қабылдау құқығын қамтамасыз етеді, бұл жеке ақпаратты қорғау мен өзін-өзі сәйкестендіру бостандығын мемлекет немесе қоғам қысымсыз жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Екінші тармақ **туған тіл мен мәдениетті** өмірдің барлық саласында – қарым-қатынас, тәрбиелеу, білім беру және шығармашылықта **пайдалану құқығын** және осы мақсаттар үшін тілді өз бетімен таңдау мүмкіндігін береді.

Бұл мәдени мұраны сақтауды, барлық этностық топтар үшін тең мүмкіндіктерді және қоғамның әралуандылығына құрмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, бұл нормалар жеке құқықтарды қорғайды және азаматтардың ұлтына қарамастан теңдік қағидатын қолдайды.

## **23-бап**

- 1. Сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі.**
- 2. Зияткерлік меншік заңмен қорғалады.**
- 3. Мемлекеттік құпияларды қоспағанда, еркін ақпарат алу және тарату құқығы заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен іске асырылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айқындалады.**
- 4. Сөз еркіндігі және ақпарат тарату еркіндігі басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс.**
- 5. Цензураға тыйым салынады.**

6. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуді, аумағының тұтастығына, **Егемендігі мен Тәуелсіздігіне** қол сұғуды, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қақтығысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға, сондай-ақ осындай әрекеттерге шақыруға жол берілмейді.

1. Конституция жобасында ғылыми, техникалық және көркемдік шығармашылық бостандығын бөлек кепілдік ретінде бекіту **ғылым, технологиялар және креативті салалардың** дамуына жағдай жасайды, олар бүгінгі таңда заманауи экономиканың негізін құрайды. Мемлекет шығармашылықты тікелей Конституция деңгейінде қорғайтын болса, бұл ғылыми ортаға деген сенімді арттырады, инновацияларды ынталандырады және жаңа зерттеулердің, стартаптардың және білім беру жобаларының пайда болуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай норма университеттер мен ғылыми орталықтардағы **академиялық бостандықты қорғауға** көмектеседі, қоғам мүддесі үшін білімді және сын тұрғысынан ойлауды дамытуға жол ашады. Осындай тәсіл халықаралық конституциялық практикаға сәйкес келеді. Мәселен, **Германия** Конституциясының 5-бабының 3-тармағына сәйкес, *«өнер мен ғылым, зерттеу және оқыту еркін»*. **Испания** Конституциясының 20-бабының 1-тармағында әдеби, көркем, ғылыми және техникалық шығармаларды өндіру бөлек танылады және қорғалады.

2. Конституцияға интеллектуалды меншік құқығын қорғау туралы жаңа норманы енгізу авторларды, ғалымдарды және әзірлеушілерді қорғау үшін қажет. Бұл **олардың еңбегінің нәтижелерін рұқсатсыз еркін пайдалану мүмкін еместігін білдіреді және мемлекеттің оны қорғауға міндетті екенін**

көрсетеді. Осылайша, шығармашылық еркіндік пен еңбектің нәтижелеріне құқығы арасындағы құқықтық байланыс бекітіледі. Мұндай тәсіл, мысалы, **Ресей** Конституциясында да бар, онда 44-бап (1-тармақ) бойынша *«әркімге әдеби, көркем, ғылыми, техникалық және басқа да шығармашылық түрлері мен оқытудың еркіндігі кепілдік беріледі. Интеллектуалды меншік заңмен қорғалатын болады»*.

3. Ақпарат алу және тарату құқығын мемлекеттік құпияларды қоспағанда нақтылау **ақпарат ашықтығы мен ұлттық қауіпсіздікті қорғау арасындағы теңгерімді** қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл азаматтарға мемлекет мүдделеріне қауіп тудырмай ақпаратты еркін алуға мүмкіндік береді және сонымен бірге маңызды қызметтік ақпараттың таралуын болдырмайды.

Ұқсас нормалар басқа елдерде де бар. Мысалы, Өзбекстан Конституциясының 33-бабында ақпарат іздеу, алу және тарату құқығын шектеу тек заңға сәйкес және тек конституциялық құрылысты, халық денсаулығын, қоғамдық моральды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қорғау мақсатында, сондай-ақ **мемлекеттік құпияны** немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны **жария етуді болдырмау** үшін ғана рұқсат етілген.

4. Еркін сөз айту құқығы басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамдық тәртіпке зиян келтірмеуі тиіс. Бұл норманың мақсаты – жеке тұлғаны қорлау, жала жабу, қысым көрсету және зиянды немесе деструктивті контенттің таралуынан қорғау. Бұл еркін пікір білдіру құқығы басқа адамдарға құрмет көрсету және өз сөздеріне жауапкершілікпен үйлесуі керектігін көрсетеді. Мұндай норма әсіресе балалар мен осал топтар үшін **қауіпсіз ақпараттық орта қалыптастыруға**, қоғамдағы қақтығыстар деңгейін төмендетуге және сөз еркіндігін кереғар мақсатта,

мысалы, жауыздық қоздыру немесе жалған ақпарат тарату үшін пайдалануды болдырмауға көмектеседі. Жалпы алғанда, пікір білдіру еркіндігі маңызды құқық болса да, оны шексіздікке айналдырып, өзгелерге зиян келтіруге болмайды.

**Испания** Конституциясының 20-бабы (4-тармақ) бойынша еркіндіктер *«ар-намысқа, жеке өмірге, адам қадір-қасиетіне және жастар мен балаларды қорғауға»* қатысты шектеледі. **Үндістан** Конституциясының 10-бабы (1-тармақ, «а» тармақ) барлық азаматтарға сөз айту және пікір білдіру еркіндігі беріледі.

5. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар ақпаратты, жарияланымдарды, сөз сөйлеулерді, өнер туындыларын немесе журналистік материалдарды **алдын ала бақылауға, рұқсат беруге немесе тыйым салуға** құқылы емес. Басқаша айтқанда, ешкім өз пікірін білдіру үшін мемлекеттің «рұқсатын» алуға міндетті емес.

Цензураға тыйым салу мемлекеттің демократиялық негізін нығайтады, ашық қоғамдық пікірталас пен тәуелсіз БАҚ дамуына жағдай жасайды. Ол азаматтарға **өз ұстанымын еркін білдіру және әртүрлі ақпарат алу құқығын** қамтамасыз етеді, бұл құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен қоғамдық сенім үшін маңызды.

6. Жаңа Конституцияда тыйымдар тізімі де кеңейтілді. Соғыс пен алауыздықты насихаттауға тыйым салумен қатар, елдің Тәуелсіздігі мен Егемендігіне қол сұғуға, сондай-ақ арандатушылық әрекеттерге тыйым салынды, бұл елдің аумақтық тұтастығы мен тұрақтылығын қорғау үшін қажет. Жалпы алғанда, бұл шаралар экстремизмге, алауыздықты қоздыруға және зорлыққа шақыруға қарсы бағытталған.

## 24-бап

1. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әр адамның

ел аумағында **еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жерін еркін таңдауға құқығы бар.**

**2. Әр адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуға құқығы бар.** Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының **Қазақстан Республикасына кедергісіз оралуға құқығы бар.**

Конституцияның 24-бабындағы нормалар халықаралық актілерге, соның ішінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына (13-бап) сәйкес келеді, онда әр адамның еркін қозғалуға, тұру және мекенжайын таңдауға, кедергісіз шығуға және елге қайтып оралуға құқығы көрсетілген.

Қазақстан – ол аумағы үлкен, салыстырмалы түрде халқы аз және кейбір салаларда кадр тапшылығы бар (*өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы*) ел. Мысалы, Қазақстанда халықтың қартаю көрсеткіші жоғары және еңбекке жарамды жас адамдар жетіспейтін өңірлер бар (*Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары және т.б.*).

Ел ішінде еркін қозғалу құқығы осындай өңірлердің дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді, адамдар еңбек нарығында кадр жетіспейтін жерлерге көшіп, сол жерлерде жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады.

Азаматтардың елден еркін шығу және тарихи Отанына кепілдендірілген түрде оралу құқығы білім беру мен еңбек мобильділігін қолдайды, азаматтарға шетелде тәжірибе жинауға және жаңа білім мен дағдылармен қайтып келуге мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстанның әлеммен байланысын нығайтып, адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Бұл халықтың мемлекетке деген сенімін арттырады, өйткені азамат «сыртқа шығарып жіберілмейтініне» және әрдайым тарихи Отанына оралу мүмкіндігіне кепілдік бар.

## 25-бап

1. Әр адамның ар-ождан бостандығына құқығы бар.
2. Ар-ождан бостандығы құқығын пайдалану жалпыадамзат пен азамат құқықтарын, мемлекет алдындағы міндеттерді шектемеуге тиіс.

Конституция әр адамның ар-ождан бостандығына құқықты бекітеді, бұл негізгі жеке бостандықтардың бірі болып саналады және демократиялық, зайырлы мемлекеттің маңызды элементі болып табылады.

1-тармақ әр адамның дінге қатысты өз ұстанымын өз бетімен анықтау құқығын белгілейді, оған кез келген дінді ұстану немесе ешқандай дінді ұстанбау, діни немесе басқа сенімдерге берілу және оларға сәйкес әрекет ету мүмкіндігі кіреді.

Бұл құқық діни қызметке қатысуға немесе қатыспауға ешкімді мәжбүрлеуді жоққа шығарады және дүниетанымдық таңдау еркіндігін қамтамасыз етеді. Ар-ождан бостандығы халықаралық стандарт ретінде танылған және Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында бекітілген.

Ар-ождан бостандығын жүзеге асыру мемлекеттің зайырлылық қағидатына негізделеді, ол діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлу, барлық конфессиялардың заң алдында теңдігі және қандай да бір дінді мемлекеттік немесе міндетті деп жариялауға жол бермеуді қамтиды. Мемлекет діни бірлестіктердің заң шеңберінде жүзеге асырылатын қызметіне араласпайды және сол уақытта ар-ождан бостандығын жүзеге асыру үшін құқықтық жағдайларды қамтамасыз етеді.

Осы баптың 2-тармағы бойынша **діни сенімдер заңдарды орындаудан жалтаруға**, қоғамдық тәртіпті бұзу немесе басқа тұлғалардың құқықтарын шектеу үшін негіз бола алмайды. Заңнама сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және зайырлылық принципін сақтау мақсатында белгілі бір шектеулерді белгілейді, оның ішінде мемлекеттік органдар мен мекемелерде діни қызмет жүргізуге тыйым салу (заңда қарастырылған жағдайларды қоспағанда).

## **26-бап**

**1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестік құру бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестік қызметі заңмен реттеледі.**

**2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты және өзге де соттары төрағалары мен судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палатасы төрағалары мен мүшелерінің, құқық қорғау органы және арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері мен жұмыскерлерінің, әскери қызметшілердің саяси партия мен кәсіптік одақта болуға, қандай да бір саяси партияға немесе қоғамдық-саяси қозғалысқа қолдау көрсетуге не сыни пікір білдіруге құқығы жоқ.**

Бұл бап бірлестіктер еркіндігінің екі негізгі аспектісін және кейбір азаматтар үшін шектеулерді бекітеді.

**Бірінші тармақ барлық азаматтарға қоғамдық бірлестіктер құруға және оларға қосылу құқығын кепілдік береді**, осы бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі, бұл олардың жұмысында заңдылық пен ашықтықты қамтамасыз етеді.

**Екінші тармақ жоғары лауазымды мемлекеттік қызметшілерге, судьяларға, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне және әскери қызметшілерге шектеулер енгізеді**: олар саяси партиялар немесе кәсіптік одақтарға мүше

бола алмайды, сондай-ақ саяси күштерді ашық қолдауға немесе айыптауға құқылы емес.

Осы нормалар мемлекеттік органдардың бейтараптығын, объективтілігін және әділдігін қамтамасыз етуге, мүдде қақтығысын болдырмауға және билік институттарына деген сенімді сақтауға бағытталған.

## 27-бап

1. Әр адамның еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Еңбекке мәжбүрлеп тартуға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін адамды кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде, не төтенше жағдайда, не соғыс жағдайында жол беріледі.
2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек жағдайлары құқығына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітусіз сыйақы алу, сондай-ақ әлеуметтік қорғалу құқығына заңға сәйкес кепілдік береді.
3. Заңда белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы танылады.
4. Тынығу, жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс және мереке күндері, ақы төленетін демалыс құқығына заңмен кепілдік беріледі.

Конституция әр адамның еңбек ету құқығын жариялайды. Еңбек құқығы әр адамның өз қызмет түрі мен мамандығын еркін таңдауы, еңбек ету қабілеттерін еркін пайдалана алуы, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға еркін келісуі арқылы көрініс табады.

Сонымен бірге әр адамға еңбек ету құқығын жүзеге асыру аясында барлық қажетті жағдай қамтамасыз етілуге кепілдік беріледі (*еңбекақы, қауіпсіздік, гигиена, демалыс күндері және т.б.*).

Ешкім еңбек құқығын жүзеге асыру кезінде жынысы, жасы, дене мүгедектігі, нәсілі, ұлты, тілі, мүлкі, әлеуметтік

немесе лауазымдық жағдайы, тұратын жері, дінге қатынасы, саяси көзқарастары, ру немесе тапқа, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығы бойынша кез келген кемсітушілікке ұшырай алмайды.

Еңбек еркіндігі тек қызметкерге ғана емес, сонымен қатар жұмыс берушіге де қатысты: жұмыс беруші әлеуетті қызметкерді өз бетімен таңдай алады, заңда белгіленген тәртіппен еңбек шарты немесе басқа еңбек келісімін жасасады, еңбек шарттарын анықтайды, қызметкердің келісуге немесе келіспеуге құқығын сақтай отырып, т.б.

Бұл әр адамның заңмен тыйым салынбаған кез келген формада еңбек қызметін жүзеге асыру құқығы бар екенін білдіреді. Еңбек еркіндігі ең алдымен адамның өз еңбек қабілеттерін еркін пайдалануын, қызмет түрін, іс саласын немесе мамандықты таңдауға құқығын қамтиды.

**Еңбекке тарту формасы** әртүрлі болуы мүмкін, соның ішінде **кәсіпкерлік** қызмет, **корпоративтік** ұйымға қосылу, **мемлекеттік**, **азаматтық** немесе **әскери қызметке** кіру, сондай-ақ өз бетінше кәсіпкерлік қызметпен айналысу сияқты түрлерді қамтиды.

Қазақстанда заңмен кепілдендірілген жұмысшылардың өз құқықтарын қорғау мүмкіндігі мойындалады, соның ішінде **жеке және ұжымдық** еңбек дауларын шешу аясында, әртүрлі келіспеушілік туындаған жағдайда (*жұмыс жағдайының сапасыздығы, еңбекті толық немесе уақытында төлемеу және т.б.*), заңда белгіленген **шешу әдістерін** пайдалана отырып, соның ішінде ереуіл құқығын қолдану арқылы. Осылайша, Конституция еңбек қатынастарындағы тараптардың (*жұмыскер, жұмыс беруші*) **ең маңызды құқықтары мен бостандықтарының қатарына** еңбек дауларын қарау және шешуді жатқызады.

## 28-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға және шығарып жіберуге жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны қарап-тексеруге, тінтуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі.
2. Қазақстан Республикасында өз азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Тұрғын үй соған мұқтаж азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына заңда белгіленген нормаларға сәйкес беріледі.

1. Тұрғын үйдің қорғалу құқығы – адамның негізгі құқықтарының бірі болып табылады және халықаралық актілерде бекітілген.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 12-бабына сәйкес: *«Ешкімнің жеке және отбасылық өміріне, тұрғын үйіне, хат-хабарлар құпиясына немесе абыройы мен қадір-қасиетіне өз еркімен араласуға құқығы жоқ. Әркім заң аясында осындай араласудан қорғану құқығына ие».*

Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактінің 17-бабында да: *«Ешкімнің жеке және отбасылық өміріне, тұрғын үйіне, хат-хабарлар құпиясына немесе абыройы мен қадір-қасиетіне өз еркімен немесе заңсыз араласуға құқығы жоқ»* деп кепілдік беріледі.

Кең мағынада тұрғын үйдің қорғалуы жеке өмірдің қорғалуының бір көрінісі болып табылады, бұл құқық Конституциямен де қорғалатынын атап өткен жөн.

2. Өзін әлеуметтік мемлекет ретінде танытқан Қазақстанда ең жоғары құндылықтар адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Мемлекет барлық азаматтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуін – тегін немесе қолжетімді ақыға алуға мүмкіндікті қамтамасыз етуге ұмтылады.

Тұрғын үй жағдайлары – қоғамның әлеуметтік әлауқатының маңызды бөлігі. Осы мәнін ескере отырып, Конституция тұрғын үйге құқығын конституциялық құндылық ретінде таниды және мемлекетке азаматтарға өз тұрғын үйін алу үшін көмек көрсету міндетін жүктейді.

Осыған байланысты тұрғын үй заңнамасы, ең алдымен, тұрғын үйге мұқтаждықтары басым санаттағы азаматтарға беруді негізге алады, олардың қатарында мүгедектер мен Ұлы Отан соғысының қатысушылары, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; әлеуметтік осал топтар; жалғыз тұрғын үйі апатты деп танылған азаматтар және басқалар.

## 29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды түрде алған кез келген мүлкіне жеке меншік құқығы бар.
2. Меншікке және мұрагерлік құқыққа заңмен кепілдік беріледі.
3. Сот шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген айрықша жағдайда мемлекет мұқтажы үшін мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға оның тең құны өтелген кезде жол беріледі.
4. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік қызмет бостандығы құқығына, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалану құқығына кепілдік береді. Монополистік қызмет заңмен реттеледі немесе шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

Бұл бап азаматтардың жеке меншік құқығын экономикалық бостандық пен азаматтық автономияның негізгі элементі ретінде бекітеді, сонымен қатар оны сот жүйесі арқылы қорғауды қамтамасыз етеді. Міндетті және теңдей өтемақымен мәжбүрлі алып қою механизмі жеке құқықтар мен мемлекеттік мүдделер арасындағы тепе-теңдікті

**рәсімдейді**, бұл қоғамдық мақсаттарды еріксіз араласусыз жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлік қызметтің бостандығы мен мүлікті бизнесте пайдалану қатысушылар әрекетінің заңдылығы мен алдын ала болжамдылығын қамтамасыз ететін **институционалданған нарықтың негізін қалыптастырады**.

Монополияларды мемлекеттік реттеу және әділетсіз бәсекелестікті тыю тең жағдайларды институционалды қамтамасыз етудің құралдары болып табылады, бұл экономикалық және саяси институттарға деген сенімді нығайтады және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты күшейтеді.

### 30-бап

1. Неке және отбасы, ана, әке мен бала **мемлекет қорғауында** болады.
2. Неке – ер мен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркеген **ерікті және тең құқықты одағы**.
3. Балаға қамқорлық жасау және тәрбие беру – ата-ананың **етене құқығы әрі міндеті**.
4. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар **еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті**.

1. Қазақстан әлеуметтік және құқықтық мемлекет ретінде отбасын **негізгі құндылық ретінде** қарастырады және **оны қолдауға міндетті**.

Тәжірибеде бұл, ең алдымен, некені рәсімдеуді, жұбайлар мен ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін, балалар мен отбасы қатынастарын қорғауды реттейтін Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстегі заңдар жүйесінде көрініс табады. Мемлекет тек мемлекеттік органдарда тіркелген некеде орын алған құқықтық салдарды таниды, себебі тіркеу процесі ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін

(алимент, мұрагерлік, мүлік, жауапкершілік) іске қосады. Сонымен қатар мемлекет ата-анасыз қалған баланың мүмкіндігінше отбасылық ортада тәрбиеленуін (бала асырап алу, патронат, қабылдау және қонақ отбасы) қамтамасыз ету үшін балаларды отбасы жағдайында орналастырудың түрлерін дамытады.

2. Қолданыстағы Конституция отбасын, ананы және баланы қорғауды қамтамасыз етеді (*27-ban*), алайда онда **некенің нақты анықтамасы жоқ**. Сонымен бірге бүгінде әлемде негізгі ұғымдардың айқын еместігі тек отбасылық институтты әлсіретіп қана қоймай, қоғамның моральдық бағдарларын жоғалтуына әкеліп соғады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттер әртүрлі жолмен дамыса да, олардың көпшілігі отбасылық институттың стратегиялық мәнін терең түсінеді. **Көптеген елдің (Ресей, Польша, Венгрия, Болгария, Словакия және т.б.) конституцияларында отбасы мен некенің ұғымдары – ер адам мен әйел арасындағы одақ ретінде нақты анықталған**. Әртүрлі басқару жүйесінде де отбасы қоғамның негізгі бөлігі ретінде қарастырылады, екінші деңгейлі мәселе ретінде емес.

Мысалы, 1992 жылғы **Латвия** Конституциясының 110-бабында (2005 жылғы 15 желтоқсандағы Заң редакциясында) *«мемлекет некені – ер адам мен әйел арасындағы одақты қорғап, қолдайды»* деп көрсетілген.

**Некедегі еріктілік және теңдік принциптері** жалпыға бірдей танылған халықаралық нормаларда бекітілген.

Кейбір елдердің конституцияларында да некедегі ерлі-зайыптылардың еріктілігі мен теңқұқықтылығы принциптері бекітілген. Мысалы, 1947 жылғы **Жапония** Конституциясының 24-бабына сәйкес: *«Неке екі тараптың өзара келісіміне негізделеді және күйеу мен әйелдің құқық теңдігі принципіне сүйене отырып қолданылады»*. **Армения** Конституциясында (35-бап) *«ер адам мен әйел өз еркімен некеге тұруға құқылы,*

*ажырасу кезінде және некеге кіруде тең құқыққа ие, некеге кіру еркіндігі тек заңмен шектелуі мүмкін – денсаулық пен моральды қорғау мақсатында»* деп көрсетілген.

Неке ерікті таңдау және теңдік принципіне негізделген жағдайда, ол **зорлық-зомбылық пен мәжбүрлеуден қорғалатын тұрақты қатынастарға** айналады. Ерлі-зайыптылардың бір-біріне жауапкершілігі балаларды тәрбиелеу үшін тұрақты ортаны қалыптастырады.

Бұл норма ата-аналардың баланы тәрбиелеу құқығын және оларға қамқорлық пен дамуды қамтамасыз ету міндетін бір мезгілде бекітеді. Сонымен қатар Конституция тәрбиенің тек құқық қана емес, жауапкершілік екенін атап көрсетеді. Ата-аналар бала денсаулығына, қауіпсіздігіне, моральдық және психологиялық дамуына қамқорлық жасауға және міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Егер ата-аналар еңбекке қабілетсіз болса (мысалы, жас немесе денсаулық жағдайына байланысты), онда ересек еңбекке қабілетті балалар оларды күтіп, қолдау көрсетуге міндетті. Ұқсас көзқарас 1992 жылғы **Вьетнам** Конституциясының 6-бабында көрсетілген, онда *«ата-аналар балаларын тәрбиелеуге міндетті, балалар ата-ананы, аталары мен әжелерін сыйлап, оларға қамқорлық жасауға міндетті»* делінген. Бұл нормалар жалпы принципті нығайтады: мемлекет отбасын қолдайды, ал отбасының ішінде ұрпақтар арасындағы өзара жауапкершілік бекітіледі – ата-аналар балалар алдында, ал балалар ата-аналар алдында жауапты.

### 31-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматына жалақы мен зейнетақының ең төмен мөлшеріне кепілдік беріледі, сондай-ақ жасына, науқастануына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты және өзге де заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға **кепілдік беріледі**.

## 2. Қазақстан Республикасында ерікті әлеуметтік сақтандыру, өзге де әлеуметтік қамсыздандыру нысандары, волонтерлік қызмет пен қайырымдылық қолдау табады.

1. Мемлекет **азамат еңбек** арқылы өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын жағдайларда **оның материалдық қорғалуының базалық деңгейін** қамтамасыз ету міндетін өзіне алады. Бұл әлеуметтік тәуекелдер (қарттық, ауру, мүгедектік, асыраушысынан айырылу және өзге де заңды негіздер) туындаған кезде азаматтың күнкөріс құралдарынсыз қалмауын білдіреді.

**Ең төменгі жалақы мөлшеріне** кепілдік беру мемлекет тарапынан еңбекақы төлеудің міндетті ең төменгі шегін белгілеуді білдіреді. Бұл көрсеткіш жыл сайын республикалық бюджет туралы заңмен айқындалады және әлеуметтік стандарт әрі әлеуметтік әділеттіліктің өлшемі ретінде қызмет етеді, қызметкерлерді шамадан тыс төмен жалақыдан қорғауды қамтамасыз етеді.

**Ең төменгі зейнетақы мөлшеріне** кепілдік беру мемлекеттің қарт азаматтарды базалық материалдық қамтамасыз ету міндетін растайды. Қазақстанның зейнетақы жүйесі көпдеңгейлі сипатқа ие және мемлекеттік базалық зейнетақыны, ынтымақты жүйені және жинақтаушы элементтерді біріктіреді. Тіпті, жеткілікті еңбек өтілі болмаған жағдайда да мемлекет ең төменгі әлеуметтік стандарт ретінде базалық төлемге кепілдік береді.

Ауруға, мүгедектікке және асыраушысынан айырылуға байланысты әлеуметтік қамсыздандыру мемлекеттік жәрдемақылар жүйесі және міндетті әлеуметтік сақтандыру арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, әлеуметтік мемлекет туралы конституциялық қағидат қамтамасыз етіледі.

2. Баптың екінші тармағы мемлекеттің әлеуметтік қорғаудың міндетті нысандарымен ғана шектелмей,

азаматтардың және азаматтық қоғам институттарының бастамаларын қолдайтынын бекітеді.

Ерікті әлеуметтік сақтандыру азаматқа өзінің әлеуметтік қорғалуын дербес түрде күшейтуге мүмкіндік береді. Осылайша, Конституция, **жеке жауапкершілік мемлекеттік кепілдіктерді толықтыратын** модельді қолдайды.

Әлеуметтік қамсыздандырудың өзге нысандарын құруды қолдау қосымша қолдау тетіктерін (корпоративтік бағдарламалар, мемлекеттік емес қорлар, жеке бастамалар) дамыту мүмкіндігін білдіреді. Мемлекет олардың жұмыс істеуі үшін құқықтық шарттарды қалыптастырады.

Ерекше маңызға ие жайт – **волонтерлік қызметті ынталандырудың алғаш рет конституциялық деңгейде бекітілуі**. Бұл әлеуметтік міндеттерді шешудегі азаматтық қоғамның рөлін мойындауды көрсетеді. Волонтерлер төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсетуге, қарт адамдарды, мүгедектігі бар адамдарды, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды қолдауға белсенді түрде қатысады.

Волонтерлікті конституциялық тұрғыда бекіту мемлекет тек әлеуметтік қолдаудың қаржылық және институционалдық тетіктерін ғана емес, сонымен қатар азаматтардың қоғамдық өмірге тікелей қатысуын да ынталандыратынын білдіреді, осылайша қоғамдағы ынтымақтастық пен өзара жауапкершілік қағидаттарын нығайтады.

### **32-бап**

- 1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.**
- 2. Қазақстан Республикасының азаматтары заңда белгіленген медициналық көмекті ақы төлемей алуға құқылы.**
- 3. Мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен**

**айналысатын тұлғалардан ақылы медициналық көмек алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.**

1. Бірінші тармақ Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтауға құқығын негізгі әлеуметтік құқықтардың бірі ретінде бекітеді. Бұл мемлекеттің **халықтың денсаулығын сақтау және нығайту үшін** құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайлар жасауға міндетті екенін білдіреді.

Денсаулық сақтауға құқық денсаулық сақтау жүйесін дамытуды, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуді, аурулардың алдын алуды, салауатты өмір салтын қалыптастыруды, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты және экологиялық қауіпсіздікті қамтиды.

2. Екінші тармақ азаматтардың **заңда белгіленген көлемде өздері ақы төлемейтін медициналық көмекті** алуға құқығын белгілейді. Мұнда мемлекет кепілдік берген тегін медициналық көмектің көлемі (ТМККК) туралы сөз болып отыр. Бұл көлем заңнамамен айқындалады және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

3. Ақылы медициналық қызметтер пациент пен медициналық ұйым арасындағы шарт негізінде көрсетіледі. Заң лицензиялау талаптарын, қызмет көрсету шарттарын, пациентті хабардар ету тәртібін, сондай-ақ медициналық ұйымдардың көмекті сапалы және уақытылы көрсетуі үшін жауапкершілігін белгілейді.

### **33-бап**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік оқу орындарында **ақы төлемей орта білім** алуына кепілдік беріледі. Бастауыш және негізгі орта білім **міндетті**.

2. Қазақстан Республикасы азаматының заңға сәйкес жоғары оқу орындарында жоғары білім алуға құқығы бар.
3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.
4. Мемлекет жалпыға міндетті білім беру стандарттарын белгілейді. Барлық оқу орнының қызметі осы стандарттарға сәйкес келуге тиіс.
5. Рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие беру жүйесі зайырлы сипатқа ие.

1. Жаңа Конституцияда азаматтардың ақы төлемейтін орта білім алуға құқығы сақталған (33-баптың 1-тармағы), бұл мемлекеттің өз қоғамының білімділігін қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыруын білдіреді.

Сонымен қатар азаматтардың бастауыш және негізгі орта білім алуға міндеті белгіленеді. Азаматтардың орта білім алу міндеттері әлемнің көп елдерінің конституцияларында бекітілген (Ресей, Қытай, Үндістан, Жапония және басқалар).

Сонымен қатар заңнамаға сәйкес жоғары білім алу құқығы бекітілген (33-баптың 2-тармағы), оны азаматтар конкурс негізінде тегін ала алады.

Жеке оқу орындарында ақылы білім алу мүмкіндігі туралы норма (33-баптың 3-тармағы) азаматтардың конституциялық құқықтарын шектемей, керісінше қорғайды. Білімнің ақылы болу қағидаты, оның сапасын қамтамасыз етуге мемлекет тарапынан назар бөлінбейді дегенді білдірмейді.

Сонымен қатар «Білім туралы» заңға сәйкес, мемлекет мемлекеттік білім беру тапсырысын жеке білім беру ұйымдарында орналастырады деп қарастырылған. Бұл

механизм **білімнің қолжетімділігін арттыруға және мектептік оқыту** саласындағы **жеке секторды** қолдауға бағытталған.

**Білім сапасын** оның деңгейіне қарамастан қамтамасыз ету мемлекет тарапынан міндетті **жалпы білім беру стандарттарын** енгізусіз мүмкін емес. Мұндай стандарттардың болуы оқушылардың **қазіргі қоғам талаптарына** сай қажетті білім, дағды және құзыреттерге қол жеткізу кепілдігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Конституцияда барлық оқу орнының қызметі **осы стандарттарға сәйкес** болу керектігі белгіленген (33-баптың 4-тармағы). Бұл оқу орындарының **бірыңғай жалпыға міндетті білім беру стандарттарын** қолдануға міндетті екенін білдіреді, ол азаматтардың **сапалы білім** алуына, жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби жетілуіне ықпал етеді.

2. **Білім беру саласындағы** қызмет көрсетуге қатысты негізгі өзгерістердің бірі (33-баптың 5-тармағы) оның **зайырлы сипатын** бекіту болып табылады (*рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда*). Бұл норма Конституцияда бекітілген дінді мемлекеттен ажыратудың **базалық қағидатын** жүзеге асырудың айқын көрінісі болып табылады.

**Көптеген елдердің** (Түркия, Мексика, Португалия, Франция және басқалары) конституцияларында **білім беру саласынан діннің бөлінуі** нақты түрде бекітілген.

Мысалы, **Түркия Конституциясында** білім беру азаматтарға Мұстафа Кемал Ататүріктің зайырлы принциптері негізінде толық қамтамасыз етіледі және мемлекет тарапынан қадағалау мен бақылауда болады.

*Анықтама: Түркия Конституциясынан: «Оқыту және білім беру Ататүріктің принциптері мен реформалары, қазіргі ғылым мен білім беру әдістері негізінде мемлекет қадағалауында және бақылауында жүргізіледі. Осы*

*ережелерді бұзатын білім беру ұйымдарының құрылуына жол берілмейді». Атаүріктің алты негізгі принципінің бірі — зайырлылық.*

**Мексика Конституциясында «рухани қадағалауды қажет етпейтін міндетті және зайырлы білім»** деп белгіленген.

**Португалия Конституциясында «мемлекеттік білім беру діни сенімдермен байланысы болмауы тиіс»** деп көрсетілген.

**Франция Конституциясының алғысөзінде мемлекет міндеті ретінде «барлық деңгейде мемлекеттік зайырлы білім беруді қамтамасыз ету»** көрсетілген.

Осылайша, әлемдік тәжірибе білім беру мен тәрбиелеуде зайырлы принциптерді бекіту азаматтардың білім беру ұйымдарында діни белгілері бойынша тең қолжетімділігін қамтамасыз ету және кемсітушіліктің алдын алу үшін қажетті шарт екенін көрсетеді.

Қазақстан Конституциясындағы жаңа норма мемлекеттің зайырлы сипаты мен ар-ождан бостандығы арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді, білім беру практикасында түсінбеушіліктер туындау тәуекелін азайтады және оқу бағдарламалары мен тәрбиелік жұмыстың мазмұны үшін айқын шектерін қалыптастырады.

### 34-бап

Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт жиналысқа құқығы бар. Бұл құқықты пайдалану конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында заңмен шектелуі мүмкін.

**Бейбіт жиналыстарға қатысу құқығы азаматтарға** саяси және қоғамдық процестерге **тікелей қатысуға**, күн тәртібін қалыптастыруға әсер етуге және билік әрекеттерін бақылауға мүмкіндік береді.

Жаңа Конституция жобасында бейбіт жиналыстарға шектеу қою негіздерін кеңейту – **қоғамдық белсенділікті жауапты және теңгерімді реттеу** үшін саналы қадам. Мұнда наразылық білдіру құқығын шектеу туралы сөз емес, барлық азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау мәселесі қарастырылған.

Біріншіден, Конституция **біреудің бостандығы екіншінің бостандығы басталатын жерде** аяқталатыны туралы принципінен шығады. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды мүмкін шектеулердің негізі ретінде бекіту қоғамдық шаралардың басқа адамдарға зиян тигізуіне, қалыңыстар тудыруына немесе қоғамдық тәртіпті бұзуға жол бермеуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, конституциялық құрылымның негіздерін қорғауды атап көрсету мемлекет тұрақтылығын сақтау мен оның институттарына сенімді нығайтуға бағытталған. Бұл **көптеген елдерде қолданылатын әмбебап норма** болып табылады және билікке сыни көзқарасты тыймайды, тек **зорлық-зомбылыққа, хаосқа немесе заңды тәртіпті бұзуға әкелетін әрекеттерді ғана болдырмайды.**

Үшіншіден, моральдық құндылықтарды қорғауға сілтеме **қоғамның негізгі мәдени және этикалық бағыттарды қорғау құқығын** көрсетеді. Осылайша, Конституция ұлттық контекст пен қоғамдық консенсусты ескереді, қоғамдық кеңістікті провокациялар ортасына және қасақана бөлшектеуге жол бермейді.

Сондықтан аталған нормалар **қоғамдық жиналыстар саласында болжамдылық пен жауапкершілікті күшейтеді.** Олар пікір білдіру бостандығының қоғамдық қауіпсіздік пен

басқалардың құқықтарына құрметпен үйлесетін құқықтық шеңберін қалыптастырады, бұл халықаралық тәжірибеге де, мемлекеттің тұрақты дамуы мүддесіне де сәйкес келеді.

### **35-бап**

**1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініш жолдауға құқығы бар.**

**2. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар. Жалпыхалықтық референдум өткізу тәртібі конституциялық заңда айқындалады.**

**3. Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауға, жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы жоқ.**

**Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға қатысты кінәсін сот заңда белгіленген тәртіппен таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлануға құқығы жоқ.**

**4. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа**

**қойылатын талаптар заңға сәйкес лауазымдық міндетінің сипатына ғана қатысты болады.**

Азаматтар мемлекетті басқаруға тікелей де, сайланған өкілдері арқылы да қатыса алады. Сонымен қатар олар жеке немесе ұжымдық түрде өз мүдделерін қорғау және қоғамдық мәселелерді шешу мақсатында мемлекеттік және жергілікті билік органдарына жеке жүгінуге құқылы. Сондай-ақ олар сайлауда дауыс беруге және мемлекеттік және жергілікті билік органдарына кандидат ретінде өздерін ұсынуға құқылы. Сонымен бірге олар референдумдарға қатыса отырып, мемлекеттік маңызы бар маңызды мәселелер бойынша тікелей шешім қабылдай алады.

**Жаңа редакциядағы Конституцияның 35-бабының 3-тармағы пассивті сайлау құқығына қосымша конституциялық шектеу енгізеді.** Заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе өтелмеген соттылығы бар тұлғалар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмысы немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығына қатысы сотпен танылған азаматтар заң шығарушы билік органдарына сайлана алмайды деп белгіленген.

Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік қызметте жұмыс істеуге тең мүмкіндікке ие. Лауазымға тағайындауда жеке немесе әлеуметтік ерекшеліктер емес тек заңмен белгіленген кәсіби талаптар мен міндеттер есепке алынады.

Қолданыстағы Конституцияда, жаңа редакциясында да Қазақстан Республикасы демократиялық мемлекет деп жарияланған.

**Демократиялық мемлекеттің негізгі қағидаларының бірі – азаматтардың саяси құқықтарын және олардың мемлекет басқаруына қатысу құқығын конституциялық деңгейде бекіту.**

Жалпы алғанда, азаматтардың саяси құқықтарын реттеу және олардың мемлекет басқаруына қатысуын қамтамасыз етуге арналған осындай тәсіл халықаралық конституциялық тәжірибеге сәйкес келеді.

Мысалы: **Германия Федеративтік Республикасының** Негізгі заңында (**20-бап**) барлық мемлекеттік билік халықтан шыққан және халық арқылы сайлау мен дауыс беру арқылы, сондай-ақ заң шығарушы, атқарушы және сот билігі органдары арқылы жүзеге асатыны көрсетілген. 38, 21 және 9-баптарда сайлау және сайлану құқығы, саяси партияларға қатысу және бірлестіктер еркіндігі бекітілген.

**Франция** Конституциясы (**2 және 3-баптар**) халыққа тиесілі ұлттық тәуелсіздік принципін бекітеді, ол өкілдер арқылы және референдум арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ тең сайлау құқығы мен азаматтардың мемлекеттік билікке қатысу мүмкіндігін белгілейді. АҚШ Конституциясы азаматтардың мемлекет басқаруына өкілдік демократия институттары арқылы – Конгресс мүшелерін және Президентті сайлау (I және II-баптар), сондай-ақ сайлау құқығын және саяси бостандықтарды, соның ішінде сөз, жиналыс және өтініш білдіру бостандықтарын кепілдейтін конституциялық түзетулер арқылы қатысуын қарастырады.

Италия Конституциясында (**1-бап**) тәуелсіздік халыққа тиесілі және Конституцияда белгіленген формалар мен шектерде жүзеге асырылады. **48-51-баптарда** белсенді және пассивті сайлау құқығы, саяси партияларға қатысу және азаматтардың мемлекеттік лауазымдарға тең қолжетімділігі реттелген.

Финляндия Конституциясы (2 және 14-баптар) мемлекеттік билік халыққа тиесілі екенін және азаматтардың қоғамдық іс-шараларға, соның ішінде муниципалдық деңгейде шешім қабылдауға қатысу құқығын бекітеді.

Азия елдерінің конституцияларында да азаматтардың саяси құқықтары мен мемлекет басқаруына қатысу құқықтары бекітілген. **Жапония Конституциясы (15-бап)** халыққа мемлекеттік лауазымдық тұлғаларды сайлау және сайлану құқығын береді, **Корея Республикасы Конституциясы (1 және 24-баптар)** халықтық тәуелсіздік қағидатын және азаматтардың сайлау құқығы арқылы басқаруға қатысуын бекітеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа редакциясындағы азаматтардың саяси құқықтары мен мемлекет басқаруына қатысуы туралы ережелер жалпы халықаралық конституциялық модельге сай келеді. Ол халық билігі принципін және сайланатын механизмдерді Негізгі заң деңгейінде бекітуді қарастырады, сонымен қатар пассивті сайлау құқығына конституциялық тұрғыда рұқсат етілген шектеулерді белгілеуді қамтиды.

### 36-бап

1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.
2. Әр адам Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

Конституцияның аталған бабы әр адамның заңдылықты қамтамасыз етуге, өзара құрмет көрсетуге және мемлекеттік құрылымды нығайтуға бағытталған негізгі конституциялық міндеттерін бекітеді.

1-тармақ әр адамның Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтау, сондай-ақ басқа тұлғалардың құқықтары, бостандықтары, абыройы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсету міндетін белгілейді. **Конституция**

ең жоғары құқықтық күші бар және ел аумағында орналасқан **барлық тұлғаларға**, соның ішінде азаматтарға, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға **орындауға міндетті** болып табылады. Конституциялық және заңнамалық нормаларды сақтау қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, заң үстемдігі принципін жүзеге асыру және мемлекеттің тұрақты қызмет етуі үшін қажетті шарт болып табылады. Бұл талаптардың бұзылуы заңмен белгіленген құқықтық жауапкершілікке әкеледі.

Басқа тұлғалардың құқықтары, абыройы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсету **әр адамның құндылығын мойындауды және оларға физикалық немесе моральдық зиян келтіруге болмайтындығын** білдіреді, бұл құқықтық және демократиялық қоғамның ең маңызды негіздерінің бірі болып табылады.

2-тармақ әр адамның Қазақстан Республикасының **мемлекеттік рәміздерін** – Мемлекеттік Туды, Мемлекеттік Елтаңбаны және Мемлекеттік Гимнді құрметтеу міндетін бекітеді. Мемлекеттік рәміздерелдің **тәуелсіздігі, егемендігі және ұлттық бірегейлігінің бейнесі** болып табылады. Оларды пайдалану тәртібін сақтау және оларға қатысты қорлыққа жол бермеу мемлекеттілікті нығайту және патриотизмді қалыптастырудың маңызды элементі болып табылады. Осы саладағы заң талаптарының бұзылуы заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

### **37-бап**

- 1. Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті.**
- 2. Мемлекет адамның өмір сүруіне және денсаулығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді.**

**3. Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қатер төндіретін фактілерді, мән-жайларды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауаптылыққа алып келеді.**

**Жаңа Конституция жобасында** табиғатты қорғау мен қоршаған ортаны ұқыпты пайдалануға қатысты мемлекеттің және азаматтардың жауапкершілігін атап көрсететін **бап** күшейтіліп, толықтырылған.

Бұл – маңызды қадам, себебі қазіргі жағдайда **экология «қосалқы мәселе»** болмай, еліміздің негізгі құндылықтарының біріне айналып отыр.

Аталған норма бүгінгі күнгі сын-қатерлерге жауап ретінде қабылданған, мысалы: өнеркәсіптік қалдықтардың артуы, жаһандық жылыну мен климаттық өзгерістер, су мен ауаның ластануы, табиғи қоқыс аландары, жерлердің деградациясы, өмір сапасының төмендеуі және экологиялық факторларға байланысты аурулардың көбеюі.

Осы нормаларды **Конституцияда** бекіту мынаны білдіреді:

- мемлекет экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып саясат жүргізуге міндетті;

- экологиялық мәселелер бизнестің, кәсіпорындардың және мемлекеттің қысқамерзімді пайдасы үшін еленбей қалмайды.

Экология тікелей **экономикамен** байланысты. Бұл әсіресе **ауыл шаруашылығында** айқын көрінеді, өйткені жердің, судың және ауаның жағдайы өнімділікке, мал шаруашылығының тиімділігіне, фермерлердің табысына және азық-түлік бағасына әсер етеді. Осы барлық фактордың жиынтығы елдің **азық-түлік қауіпсіздігінің негізін құрайды.**

Сондықтан табиғатты қорғау – бұл бизнес пен өнеркәсіп үшін «кедергі» емес, ол **тұрақты экономикалық өсім мен ұлттық қауіпсіздіктің қажетті шарты.**

Ерекше маңыздысы, Конституция **лауазымды тұлғалардың** өмірге, денсаулыққа және қоршаған ортаға қауіп төндіретін **ақпаратты** (апаттар, қалдықтар, ағулар) **жасыруға** жауапты екенін бекітеді. Бұл **биліктің** қоғам алдындағы **жауапкершілігін** күшейтеді, себебі азаматтар өз өмірі мен денсаулығына қауіптің бар-жоғы туралы хабардар болуға құқылы.

Бұл **басқарудың ашықтығын** күшейтеді және адамдарды экологиялық және техногендік апаттардың салдарынан қорғайды.

### **38-бап**

**Занды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу – әр адамның борышы мен міндеті.**

Салықтар **бюджетті қалыптастырудың негізгі көзі** және **экономиканы реттеудің маңызды құралы** болып табылады. Салық салу арқылы мемлекет өз функцияларын орындауға және қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз етуге арналған қаражатты жинайды.

Жиналған салықтар мен алымдар қоғамға **білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек және басқа да қоғамдық игіліктер** түрінде қайтарылады. Азаматтар салықтарды уақытында және толық көлемде төлеуге, табыс пен мүлікті декларациялауға міндетті, ал ұйымдар есеп жүргізіп, есеп беруге міндетті. Бұл **қоғамдық ресурстарды әділ бөлудің** негізін қалыптастырады. Салық міндетін Конституцияда бекіту оның **елдің тұрақты дамуы мен әлауқаты үшін** маңызды екенін көрсетеді.

### 39-бап

1. Қазақстан Республикасын қорғау – оның әр азаматының қасиетті парызы мен міндеті.
2. Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызметті заңда белгіленген түрде және көзделген тәртіппен өткереді.

Конституция азаматтардың мемлекетті қорғау және әскери қызметтен өту міндетін олардың құқықтық мәртебесінің маңызды элементі және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің шарты ретінде бекітеді.

«Міндет» ұғымы азаматтың мемлекеттің және қоғамның алдында, елдің тәуелсіздігі, территориялық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғаудағы моральдық жауапкершілігін көрсетеді. Сонымен қатар бұл норма құқықтық мазмұнға ие, себебі әскери қызмет міндеті заңнамада бекітілген және оны орындау міндетті болып табылады. Бұл міндет барлық азаматқа олардың әлеуметтік жағдайы, ұлттық белгісі, сенімдері немесе басқа да жағдайларына қарамастан таратылады, бұл оның жалпы сипатын айқындайды.

Әскери міндетке әскери қызметке дайындық, әскери есепке алу, шақыру және әскери қызметтен өту, резервте болу және әскери жиындарға қатысу кіреді. Оның негізгі жүзеге асу формасы шақырту бойынша әскери қызметтен өту болып табылады, сонымен қатар келісімшарт бойынша ерікті түрде әскери қызметке қабылдану мүмкіндігі қарастырылған. Қызметке қабылданған кезде азамат әскери ант береді, Конституция мен заңдарды сақтауға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін қорғауға дайын екенін растайды.

Әскери қызмет – бұл мемлекеттік қызметтің ерекше түрі болып табылады, ол әскери қауіпсіздікті қамтамасыз

етуге, Қазақстан Республикасының егемендігіне, территориялық тұтастығына және мемлекеттік шекараның қорғалуына бағытталған. Шақыру тәртібі, қызмет өту шарттары, кейінге қалдыру немесе одан босату негіздері Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

#### 40-бап

**Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұраның сақталуына қамқор болуға, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға міндетті.**

Аталған конституциялық норма әрбір азаматқа елдің тарихи және мәдени мұрасын сақтауға **жеке жауапкершілік** жүктейді. Тарихи және мәдени ескерткіштер **халықтың жалпы естелігі мен бірегейлігінің бөлігі** болып табылады, сондықтан оларға ұқыпты қарау өткен, қазіргі және болашақ ұрпақтар арасындағы байланысты сақтауға маңызды. Мұнда тек осындай нысандарды бұзуға немесе бүлдіруге тыйым салу ғана емес, олардың құндылығы мен маңыздылығын құрметтеу қажеттілігі де көзделген.

Мемлекет мұраны қорғау үшін **құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайлар** жасайды: арнайы заңдар қабылдайды, ғылыми-зерттеулер, археологиялық жұмыстар жүргізеді, ескерткіштерді қалпына келтіреді. Мәдени құндылықтарды сақтау мен насихаттауға бағытталған мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар іске асырылады, сондай-ақ **ЮНЕСКО** конвенциялары аясында халықаралық ынтымақтастық дамытылады. Ұлттық мәдениетті сақтау және насихаттау шаралары қабылданады, бірақ бұл міндетті толықтай орындау азаматтардың өздерінің қатысуынсыз толық көлемде жүзеге аспайды.

Мәдени мұраны сақтау **елдің тұрақты дамуы мен қоғамдық құндылықтарды нығайтудағы маңызды**

**бөлік**ретінде қарастырылады. Мәдениет саласындағы тиімді саясат қоғамға шығармашылық бағыттарды қалыптастыруға, инфрақұрылымды дамытуға және азаматтардың шығармашылық әлеуетін қолдауға бағытталған. Бұл тек өткенді сақтап қана қоймай, заманауи мәдениетті дамытуға, ұлттық бірлікті және даралықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Жаңа Конституция жобасы бұл мәселелерді **жоғары деңгейге көтереді**. Мәселен, Қазақстан тарихи-мәдени мұраны сақтау мен ұлттық мәдениетті қолдауды мемлекет қызметінің негізгі принциптері ретінде жариялайды. Мәдениеттің маңызы Конституцияның Прембуласында да көрсетілген. Демек, осы бағытта одан әрі белсенді әрекеттер қабылданатын болады.

#### **41-бап**

- 1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында тек заңмен және қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін.**
- 2. Этносаралық және конфессияаралық татулықты бұзуға алып келетін әрекет конституциялық емес деп танылады.**
- 3. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын саяси себептермен шектеуге жол берілмейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12, 14, 16, 17, 20, 22, 25-баптарында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда шектелмеуге тиіс.**

Бапта кез келген құқықтар мен бостандықтарды шектеу заңды, пропорционалды және нақты мақсатпен негізделген болуы керек екені бекітілген, мысалы: конституциялық құрылымды қорғау, ұлттық қауіпсіздікті

қамтамасыз ету, басқа адамдардың құқықтарын немесе қоғамдық тәртіпті қорғау. Бұл құқықтық айқындық принципіне және минималды араласу принципіне сәйкес келеді: мемлекет бостандықтарды тек қоғамдық маңызы бар мақсаттарға жету үшін қажетті көлемде ғана шектей алады және одан әрі асыра алмайды.

**Ерекше назар этносаралық және дінаралық келісімді қорғауға аударылады** – бұл қақтығыстардың алдын алу және әлеуметтік тұрақтылықты нығайту механизмі болып табылады.

Сонымен қатар бап өмір сүру құқығы, жеке тұлғаның бостандығы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, сайлауларға қатысу, тіл мен мәдениет бостандығы сияқты негізгі құқықтардың қорғалуын қамтамасыз етеді (12, 14, 16, 17, 20, 22, 25-баптар). Бұл шектелмейтін адам құқықтары тұжырымдамасын бекітеді, яғни олар ешбір жағдайда шектеле алмайды, бұл адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттардың негізгі идеяларының бірі болып табылады.

## III БӨЛІМ. ПРЕЗИДЕНТ

### 42-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекет басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, Қазақстан атынан ел ішінде және халықаралық қатынастарда өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.
3. Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді әрі кедергісіз жұмыс істеуін, билік органдарының біртұтас Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан – басқару нысаны бойынша президенттік республика. Бұл жүйе мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары қалай құрылатынын, олардың өкілеттіктерін, өзара және азаматтармен қарым-қатынасын айқындайды. Қарастырылып отырған бапта Президенттің мәртебесі – мемлекеттік институттардың жүйесін қалыптастырушы тұлға, елдің ішкі-сыртқы саясатын айқындайтын және халықаралық аренада Қазақстанның атынан өкілдік ететін тұлға ретінде бекітілген.

Конституция бойынша Президент – халық пен мемлекет бірлігінің нышаны. Аталған құбылыс, әсіресе қоғамдық тұтастық шешуші рөл атқаратын Қазақстан секілді көпұлтты әрі көпконфессиялы ел үшін өте маңызды.

Президент заңдылықтың сақталуына, адам мен азаматтың құқықтарының қорғалуына жауап береді,

сондай-ақ заң шығару ісі мен мемлекеттік органдардың жұмысына ықпал етеді. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы – заманауи мемлекеттің негізі. Онсыз ел дамуы мен азаматтар үшін жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру мүмкін емес.

Заң бойынша Президенттің билік тармақтарынан – Үкіметтен (атқарушы билік), Құрылтайдан (заң шығарушы билік) және Жоғарғы Соттан (сот билігі) тыс болуының маңызы зор. Осының арқасында Мемлекет басшысы билік тармақтарының өзара үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, кикілжіңдерге жол бермейді. Бұл қоғам үшін мемлекеттің тұрақты әрі болжамды басқарылуына, шешімдердің ұзаққа созылған дағдарыссыз қабылдануына кепілдік береді. Ал мемлекет үшін басқарудың тиімділігі мен іс-қимылдың бірлігін қамтамасыз етеді.

### 43-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентін Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды.

Конституцияға сәйкес, бір адам бір реттен артық Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлана алмайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті болып тумысынан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын, жоғары білімі бар және мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымда кемінде бес жыл жұмыс істеген Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауы оның өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей өткізіледі және Қазақстан Республикасы

Құрылтайының жаңа құрамын сайлау мерзімімен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

4. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың **елу пайызынан астам** дауысын алған кандидат сайланды деп саналады. Кандидаттардың ешқайсысы елу пайыздан астам дауыс ала алмаса, ең көп дауыс санын алған екі кандидат қайта дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауыс санын алған кандидат сайланды деп саналады.

5. Осы баптың 1-тармағының ережелері **өзгермейді**.

1. Жаңа Конституцияда Президенттің бір мерзімге ғана сайлануы туралы норманың маңызы арттырылып, ол Президентке арналған арнайы бөлімге енгізілді.

*Анықтама: Бұрын бұл норма Конституцияның «Қорытынды және өтпелі ережелер» бөлімінде (91-баптың 2-тармағы) мемлекеттің тәуелсіздігі, біртұтастығы, аумақтық тұтастығы, басқару нысаны және Республика қызметінің түбегейлі принциптерімен бірге жалпылама көрсетілген болатын.*

Бұл өзгеріс Президенттің тек бір мерзімге сайлануы туралы норманың мызғымастығын конституциялық деңгейде бекіте түседі. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, президенттікті бір мерзіммен шектеу Оңтүстік Кореяда да қолданылады.

Президенттің 7 жылдық бір мерзімдік өкілеттігін сақтау қоғам мен мемлекеттегі «жаңару үдерісіне серпін береді». Сондай-ақ биліктің монополиялануына тосқауыл қойып, жоғарғы биліктің жүйелі әрі болжамды ауысуын қамтамасыз етеді.

Бұл бағыт Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың мәлімдемелерімен де үндеседі. Ол биліктің алмасу принципін ұстанатынын және сайлауалды бағдарлама мен реформаларды іске асыру үшін 7 жылдық бір мерзімнің жеткілікті екенін бірнеше рет қадап айтты. Президенттің пайымдауынша, кез

келген елдің басшысы – «киелі тұлға» емес, ең алдымен **өз халқы жалдаған мемлекет менеджері**.

2. Бүгінгі таңда Президенттікке кандидаттың **мемлекеттік қызметте немесе мемлекеттік сайланбалы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс** деген талап «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңның 54-бабында көрсетілген.

Конституциялық реформа аясында бұл норма Ата Заң деңгейінде бекітіліп отыр. Бұл сайлау процесін жетілдіруге және кандидаттарға қойылатын талаптарды күшейтуге бағытталған.

Мұндағы басты мақсат – үміткердің басқарушылық тәжірибесі мен қажетті дағдыларының болуын қамтамасыз ету. Мемлекет басшысы – **елдегі ең жоғары лауазым, сондықтан кандидаттың мемлекеттік құрылымды жете меңгеруі өте маңызды**.

Президенттікке үміткерлерге мемлекеттік қызмет өтілі бойынша талап қою тәжірибесі **Сингапур** елінде де бар. Ондағы талаптарға сәйкес, кандидат **кемінде үш жыл** министр, бас судья, Парламент спикері, Бас прокурор, Мемлекеттік қызмет комиссиясының төрағасы, бас аудитор немесе тұрақты хатшы лауазымдарын атқаруы тиіс.

Жалпы алғанда, бұл талаптың Конституция деңгейінде бекітілуі халықаралық тәжірибеге сай келеді және мемлекеттік басқару сапасын арттыруды көздейді. Бұл қадам ең жоғары мемлекеттік лауазымға жауапкершілікпен және кәсіби тұрғыдан қарауға жол ашады. Сондай-ақ билікке мемлекеттік тетіктердің жұмыс істеу принциптерін түсінбейтін, тәжірибесіз тұлғалардың келу қаупін азайтып, халықтың Президент институты мен сайлау процесіне деген сенімін нығайта түседі.

3. Бұған қоса, **кезекті сайлауды өткізудің (өкілеттік мерзімі аяқталуға кемінде екі ай қалғанда)** және ант берудің (*бір ай ішінде*) **нақты мерзімдері** белгіленді. Бұл билік ауысу кезеңінде мемлекеттік аппарат жұмысындағы **түсініксіздікті**

**азайтып**, саяси үдерістің халық үшін **айқын әрі болжамды** болуына жол ашады.

4. Конституцияға сәйкес, Президент **абсолютті көпшілікке негізделген мажоритарлық жүйе** бойынша сайланады (*яғни, сайлаушылардың 50%-дан астамының дауысын алуы тиіс*), қажет болған жағдайда екінші тур өткізіледі.

Бұл биліктің заңдылығын арттырады – Президент азшылық топқа емес, ел азаматтарының басым көпшілігіне сүйенеді. Нәтижесінде, Президент институтына деген халықтың сенімі нығаяды.

Қазақстан Республикасының Президентін сайлау **баламалы негізде** өтетінін ерекше атап өткен жөн. Бұл дегеніміз кандидаттар саны кемінде екі адам болуы шарт. Мұндай бәсекелестік орта:

- Кандидаттарды нақты әрі тиімді бағдарламалар ұсынуға итермелейді;

- Сайлаушылар алдындағы жауапкершілікті арттырады;

- Дауыс берудің жай ғана формалды түрде немесе баламасыз өту қаупін сейілтеді.

## **44-бап**

**1. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, өзіме жүктелген Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.**

**2. Ант беру рәсімі сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының, Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты судьяларының, экс-Президенттерінің, сондай-ақ қоғам өкілдері**

мен шақырылған шетел азаматтарының қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 51-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап **жеті күн ішінде ант береді.**

**3. Жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кіріскен сәттен бастап, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің **өкілеттігі тоқтатылады.** Қызметінен кетірілгендерден басқа, Қазақстан Республикасының барлық бұрынғы Президенттерінің Қазақстан Республикасының экс-Президенті атағы болады.**

Президент – елдің ең жоғары лауазымды тұлғасы, сондықтан оның қызметке кірісу рәсімі мен өкілеттігін тоқтату шарттары Конституцияда міндетті түрде айқындалуы тиіс. Сайланған Президент ант беру арқылы **азаматтар мен мемлекет алдындағы міндеттемелерді өз мойнына алғанын растайды.**

Бұрын ант беру рәсімі нақты бір күнге – қаңтардың екінші сәрсенбісіне бекітілген болатын. Қазір бұл процесс «сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап бір ай ішінде» деген мерзіммен белгіленді, бұл жүйенің **икемділігі мен тиімділігін** арттырады.

Әдеттегі жағдайда ант беру рәсімі сайлаудың ресми нәтижелері жарияланғаннан кейін бір ай ішінде, жоғары

мемлекеттік органдар мен жұртшылық өкілдерінің қатысуымен өткізіледі. Ал егер Президент өкілеттігі басқа тұлғаға көшсе, мемлекеттік **биліктің үздіксіздігі мен тұрақтылығын** сақтау үшін ант беру рәсімі неғұрлым қысқа мерзімде (жеті күн ішінде) өтеді.

Президенттің өкілеттігі жаңадан сайланған Президент қызметіне кіріскен сәттен бастап, сондай-ақ бірқатар себептерге байланысты мерзімінен бұрын тоқтатылады. Олар: өз еркімен отставкаға кету, денсаулық жағдайы, қызметтен шеттетілу немесе қайтыс болу. Бұл нормалар құқықтық **айқындылық пен мемлекеттік биліктің сабақтастығын** қамтамасыз етеді: қолданыстағы мандаттың қашан аяқталатыны және өкілеттіктердің қай кезде берілетіні әрқашан түсінікті болады. Бұл саяси тұрақсыздық қатерлерін **азайтып**, өтпелі кезеңдерде билік легитимділігіне қатысты даулардың алдын алады.

Институттың сабақтастығын көрсететін маңызды көрсеткіш – қызметінен шеттетілмеген жағдайда бұрынғы Президенттерге **Қазақстан Республикасының бұрынғы Президенті** атағының берілуі. Бұл биліктің өркениетті түрде ауысу мәдениетін қалыптастырып, мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайтады. Мемлекет үшін бұл саяси жүйенің тұрақтылығы мен институционалдық жадының сақталуының қосымша кепілі.

#### 45-бап

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өз өкілеттігі кезеңінде **өкілді органның депутаты болып сайлануға**, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға **құқығы жоқ.**
2. Қазақстан Республикасы Президентінің **жақын туыстарының** мемлекеттік саяси қызметші лауазымында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшы лауазымында болуға **құқығы жоқ.**

Президент – жауапкершілігі аса жоғары лауазым. Президент өз қызметін басқа ақы төленетін қызметтермен, кәсіпкерлікпен немесе депутаттықпен қатар атқара алмайды. Сондай-ақ **саяси бейтараптықты сақтау үшін** оның саяси партияда мүше болуына тыйым салынған. Бұл талаптар **мүдделер қақтығысын болдырмау** және Мемлекет басшысының бар зейінін тек өз міндеттерін атқаруға жұмылдыруы үшін қажет.

Президенттің жақын туыстарына белгілі бір лауазымдарды иеленуге тыйым салатын норма **жоғары қызметтерге тағайындау кезінде барлық азаматқа тең мүмкіндік береді**. Сонымен қатар бұл жеке мүдде мен қызметтік міндеттің түйісуіне және билікті асыра пайдалануға жол бермейді. Мұндай шара жең ұшынан жалғасқан сыбайластық пен тамыр-таныстық (кумовство) қатерлерін азайтып, қоғамның мемлекеттік институттарға, соның ішінде Президентке деген сенімін арттырады.

#### 46-бап

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы **жолдау жасайды**;

2) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының **Вице-Президентін тағайындайды**; Вице-Президентті лауазымынан босатады, оның өкілеттігін айқындайды.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Вице-Президентті тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті **Құрылтайды таратуға құқылы**;

3) Қазақстан Республикасы Құрылтайының кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды; Құрылтайдың бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан

халқына беретін антын қабылдайды; Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақырады; Құрылтай ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жариялайды немесе заңды не оның жекелеген баптарын қайта талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;

4) Құрылтайда өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациядан кейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кандидатурасын келісім беру үшін Құрылтайдың қарауына ұсынады; депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Премьер-Министрді тағайындайды; Премьер-Министрді лауазымынан босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкімет құрылымын айқындайды; Құрылтаймен консультациядан кейін Премьер-Министр ұсынған Үкімет мүшелерін тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін лауазымынан босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; аса маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Премьер-Министрді тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Жоғарғы Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын, Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасын, Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасын, Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығын, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді тағайындайды және оларды лауазымынан босатады;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын тағайындайды және лауазымынан босатады;

7) Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

8) Депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Конституциялық Соттың он судьясын сегіз жыл мерзімге, Орталық сайлау комиссиясының алты мүшесін бес жыл мерзімге, Жоғары аудиторлық палатаның сегіз мүшесін бес жыл мерзімге тағайындайды; оларды лауазымынан босатады.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

9) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және лауазымынан босатады;

10) жалпыхалықтық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды;

11) адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің Егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде Конституциялық Сотқа күшіне енген заңның немесе өзге де құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін қарау туралы және Конституцияның 93-бабында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы өтініш жібереді;

12) Қазақстан Республикасының атынан келіссөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға қол қояды; ратификациялық грамоталарға қол қояды; шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктері басшыларының, сондай-ақ халықаралық ұйым басшыларының сенім және кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды;

13) мемлекеттік наградаларды, құрметті атақтарды белгілейді;

14) мемлекеттік наградалармен марапаттайды, құрметті атақтарды, жоғары әскери және өзге де атақтарды, сыныптық

шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді;

15) Қазақстан Республикасының **азаматтығы мәселесін, саяси баспана беру** мәселесін шешеді;

16) **кешірім беруді** жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мен аумағының тұтастығына, ішкі саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне тікелей қатер төнсе және бұл мемлекеттік конституциялық органдардың жұмыс істеуін бұзуға алып келсе, Қазақстан Республикасының **Премьер-Министрімен және Құрылтайы Төрағасымен** ресми консультациядан кейін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе жекелеген аймақтарында **төтенше жағдай енгізуді**, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, осы мән-жайлар талап ететін шараларды қабылдайды;

18) Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген аймақтарында соғыс жағдайын енгізеді, ішінара не жалпы жұмылдыру жариялайды, бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Құрылтайына дереу хабарлайды;

19) өзіне бағынатын **Мемлекеттік күзет** қызметін құрады;

20) **Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін** құрады;

21) **Қауіпсіздік Кеңесін**, өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесін құрады;

22) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

1. Конституцияда айқындалған Президент өкілеттіктері мемлекетті **стратегиялық** (*Қазақстан халқына Жолдау арнау, халықаралық келісімшарттарға қол қою, референдум өткізу туралы шешім қабылдау*) және шұғыл басқаруды (*әскери жағдай немесе төтенше жағдай жариялау, азаматтарға кешірім жасау және т.б.*), сондай-ақ **кадрлық тағайындаулар**

арқылы билік тармақтарының үйлесімді жұмысын қамтамасыз етуге арналған.

Мәселен, **халыққа Жолдау арнау** немесе **республикалық референдум өткізу құқығы** биліктің ашықтығын, ұлттық басымдықтар мен мемлекеттің стратегиялық бағытын түсіндіруді, сондай-ақ маңызды шешімдер қабылдауда **халықтың рөлін арттыруды көздейді**.

Сондай-ақ Президент **ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету** шараларын үйлестіреді және ел азаматтарын қорғау үшін қажетті **іс-қимылдарды жүзеге асырады**. Бұл адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін дағдарыс жағдайларында (*төтенше жағдай, әскери қатер және т.б.*) орталықтандырылған әрі жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Президент – азаматтардың **құқықтары мен бостандықтарының** кепілі. Сондықтан ол қабылданған заңдар бойынша Конституциялық Сотқа жүгіну арқылы азаматтардың **конституциялық құқықтарын** қорғау өкілеттігіне ие, сондай-ақ **азаматтық және кешірім жасау** мәселелерін шешеді.

2. Жаңа Конституцияға кадрлық мәселелер бойынша көзқарас қайшылығы туындаған жағдайда Президенттің **Құрылтайды тарату құқығы** туралы норма енгізілді. Бұл құқық Вице-Президент, Премьер-Министр, Конституциялық Сот судьялары, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауға келісім беруден екінші рет бас тартылған кезде қолданылады.

Бұл тетік мемлекеттік биліктің негізгі тармақтарының **үздіксіз жұмыс істеуін** қамтамасыз етіп, **«басқару дағдарысын»** болдырмауға және мемлекеттік институттардың халық алдындағы міндеттемелерін (*әлеуметтік төлемдер, зейнетақы, заңнамалық тұрақтылық*) мүлтіксіз орындауына кепіл болады. Мұндай тәжірибе әлемде кең таралған. Мысалы,

**Франция, Түркия, Португалия және Жапония** басшылары осындай өкілеттіктерге ие.

3. Парламенттің **бір палаталы жүйеге өтуіне байланысты** Сенаттың кейбір функциялары Президенттің айрықша құзырына берілді. Сондай-ақ кадрларды тағайындау кезінде Сенаттың келісiмiн алу талабы **алынып тасталды**. Атап айтқанда:

- Вице-Президентті Құрылтайдың келісiмiмен тағайындау;

- Жоғарғы Сот Төрағасы мен Адам құқықтары жөнiндегi уәкiлдi тағайындау (бұл құқық Сенаттан берiлдi);

- Конституциялық Сот Төрағасын, Ұлттық Банк Төрағасын, Бас Прокурорды, Ұлттық қауiпсiздiк комитетiнiң Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесiнiң Төрағасын өз бетiнше тағайындау (бұрын Сенаттың келiсiмi қажет болатын);

- Мемлекеттiк күзет қызметiнiң бастығын тағайындау (бұрын бұл норма болмаған);

- Құрылтайдың келісiмiмен Конституциялық Соттың 10 судьясын 8 жылға, Орталық сайлау комиссиясының 6 мүшесiн 5 жылға, Жоғары аудиторлық палатаның 8 мүшесiн 5 жылға тағайындау.

Аталған өзгерiстер маңызды шешiмдерге жауапты тұлғаларды саяси лауазымдарға тағайындау iсiн жеделдетiп, Сенатпен келiсу рәсiмiн алып тастау арқылы бюрократияны азайтуға бағытталған.

## **47-бап**

**1. Қазақстан Республикасының Президенті Конституция мен заңдар негiзiнде және олардың орындалуы үшiн Қазақстан Республикасының бүкiл аумағында мiндеттi күшi бар жарлықтар мен өкiмдер шығарады.**

**2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай өкiлеттiгi мерзiмiнен бұрын тоқтатылып, ол уақытша болмаған**

кезеңде Қазақстан Республикасының конституциялық заң күші немесе заң күші бар жарлықтар шығарады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін заңдарды Құрылтай Төрағасы мен Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оларға заңдардың Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

Үкімет бастамасымен шығарылатын Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді және оған актілердің Конституция мен заңдарға сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

1. Президент ең жоғары лауазымды тұлға ретінде Конституция мен заңдарды орындау мақсатында өзінің барлық тікелей өкілеттіктерін құқықтық механизмдер (жарлықтар мен өкімдер) арқылы жүзеге асырады.

Мәселен, Президент жарлықтар шығару арқылы экономикалық (Жолдауды іске асыру шаралары, халықаралық келісімшарттардың жобалары және т.б.) және әлеуметтік-саяси дамудың (референдум, төтенше жағдай режимін жариялау, сайлау тағайындау) стратегиялық мәселелері бойынша маңызды шешімдер қабылдайды.

2. Бұрын Парламент Сенатының құзырында болған, Конституциялық заң немесе заң күші бар жарлықтар шығару құқығының (Құрылтай уақытша болмаған кезеңде) Президентке берілуі – өтпелі кезеңдерде мемлекеттің маңызды заң шығару қызметтерінің (бюджетті бекіту, төтенше жағдай кезінде шешімдер қабылдау және т.б.) үздіксіз орындалуын қамтамасыз ететін шара.

3. Заңдарға Президент қол қойғанға дейін Құрылтай Төрағасы мен Премьер-Министрдің қол қоюы – олардың бұл құжаттардың Конституцияға және қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін растайтынын білдіреді. Сол сияқты Үкімет бастамашы болған Президент актілеріне Премьер-Министрдің

қол қоюы олардың құқықтық негізділігі үшін Үкіметтің жауапкершілігін бекітеді. Бұл қоғам үшін заңдар мен шешімдердің сапасын арттырса, мемлекет үшін – тежеу әрі тепеңдік жүйесін нығайтып, Конституцияға қайшы келетін актілердің қабылдану қаупін азайтады. Осылайша, бұл норма нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау мен шығару кезінде қосымша жауапкершілік механизмін енгізеді.

#### 48-бап

##### 1. Қазақстан Республикасының Президентіне, оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

Мемлекетке опасыздық жасауды қоспағанда, Президент өкілеттігін атқару кезіндегі әрекеті үшін Қазақстан Республикасының Президенті қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, қызмет көрсету және күзету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының экс-Президенттеріне қолданылады.

Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық аренада мемлекет атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Оның халық бірлігінің нышаны, сондай-ақ Конституцияның, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі рөлі президент институтының мемлекет тұтастығы мен тұрақтылығы үшін маңызы зор екенін көрсетеді.

Осы миссияны тиімді атқару үшін Конституция мен заңдарда Президент мәртебесіне арнайы кепілдіктер мен оны қорғау шаралары бекітілген. Президенттің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық заңмен қорғалады. Президент өз өкілеттіктерін орындау кезіндегі іс-әрекеттері

үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықтан иммунитетке ие. Бұл иммунитет **сыртқы қысымсыз, еркін әрі дербес шешім** қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл қорғаныс мемлекеттік опасыздық жасау жағдайларына жүрмейді, мұндай жағдайда заңда белгіленген тәртіппен жауапкершілік қарастырылған.

Мемлекет Президент қызметі үшін барлық ұйымдастырушылық және құқықтық жағдайларды, соның ішінде күзет, қамтамасыз ету, қызмет көрсету және қажетті ресурстармен жабдықтау жұмыстарын өз мойнына алады. Бұл шаралар мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады және Мемлекет басшысының өз **конституциялық міндеттерін орындауға толық зейін қоюына** бағытталған.

Елдің бұрынғы Президенттері үшін де бөлек кепілдіктер қарастырылған. Олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау құқығы сақталады, сондай-ақ күзетпен және әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етіледі. Бұл мемлекеттік **биліктің сабақтастығын және президенттік институтқа деген құрметті** білдіреді.

#### 49-бап

1. Қазақстан Республикасының Вице-Президентін депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Қазақстан Республикасы Құрылтайының келісімімен **Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.**
2. Вице-Президенттің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға **құқығы жоқ.**
3. Вице-Президент **Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша** Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде

**Президент атынан өкілдік етеді, сондай-ақ Президент айқындайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.**

Қазақстанда Вице-Президент лауазымын енгізу соңғы бірнеше жыл бойы құрылып келе жатқан бүкіл саяси құрылымды қисынды түйіндейді.

Қазақстан тарихында Вице-Президент лауазымы бұрын да болған. 1991 жылдың қазан айында бұл лауазымға **Ерік Асанбаев** келіп, 1995 жылдың тамызында аталған қызмет жойылғанға дейін Вице-Президент болды. Оның функциялары билік сабақтастығы бойынша Сенат спикеріне, ал саяси жүктемесі Мемлекеттік хатшыға өтті.

Бүгінгі таңда Вице-Президент институты мемлекеттік басқару жүйесіндегі негізгі лауазым ретінде қарастырылады және ол мынадай артықшылықтарды қамтамасыз етеді:

**Біріншіден**, Вице-Президент лауазымы мемлекеттік басқарудың тепе-теңдігін қамтамасыз етіп, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін қалыптастырады. Сонымен қатар Вице-Президент ішкі және халықаралық тұрақтылықты нығайта түседі.

**Екіншіден**, бұл Президент жарлықтарының орындалуына бақылауды күшейтуге, берілген тапсырмалардың бағыттар бойынша іске асырылуын қадағалауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Президенттің мүдделерін білдіруге мүмкіндік береді.

**Үшіншіден**, вице-президенттік институт мемлекеттік аппараттың жұмысын неғұрлым болжамды әрі орнықты етеді. Бұл институт түсініксіздікті жойып, басқарудағы кідірістерді азайтады және мемлекеттік құрылымдардың белгіленген ережелер бойынша әрекет етуіне жол ашады.

**Төртіншіден**, жүйенің бір ғана лауазымды тұлғаға тәуелділігін азайта отырып, мемлекеттің институционалдық әлеуетін кеңінен ашады. Бұған қоса, шешімдер қабылдаудың

үздіксіздігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік органдардың жұмысын жандандырады.

**Бесіншіден,** Вице-Президент Президент, Үкімет және Парламент арасындағы үйлестіру жұмыстарына қосымша мүмкіндіктер туғызады. Бірпалаталы Құрылтай мен Қазақстан Халық кеңесінің құрылуын ескерсек, Вице-Президент жаңа саяси архитектураның негізгі буынына айналады.

Қазіргі уақытта вице-президенттік институт әлемнің **45-ке жуық** елінде (АҚШ, Әзербайжан, Бразилия, Аргентина, Индонезия, Филиппин, Швейцария және т.б.) бар.

Бұл елдерде аталған институттың болуы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- мемлекеттік басқарудың болжамдылығы мен тыныштығы;
- биліктің бір қолға шоғырлануын азайту;
- ішкі тепе-теңдік пен тежеу;
- басқару жүйесіне түсетін салмақты жеңілдету.

## 50-бап

**1. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына мәлімдеме беру арқылы өз еркімен орнынан түсуге құқылы. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің орнынан түсу туралы мәлімдемені өзі және өз еркімен бергенін растайды. Конституциялық Сот қорытынды берген сәттен бастап Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне байланысты лауазымынан босатылды деп саналады.**

**2. Қазақстан Республикасының Президенті денсаулығына байланысты өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілеті болмаған жағдайда мерзімінен бұрын лауазымынан босатылуы мүмкін. Бұл жағдайда Құрылтай депутаттардан және тиісті медицина салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім комиссияның қорытындысы негізінде және Конституциялық Соттың**

белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы негізінде Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшіннің дауысымен қабылданады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін атқару кезіндегі әрекеті үшін мемлекетке опасыздық жасағанда ғана жауапты болады және бұл үшін Құрылтай оны қызметінен кетіруі мүмкін. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп айып тағу және оны тергеп-тексеру туралы бастаманы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірі көтереді. Бұл мәселе бойынша шешім Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Құрылтай тағылған айыпты тергеп-тексеруді ұйымдастырады және оның нәтижелері Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай отырысының қарауына шығарылады. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім Жоғарғы Соттың айып тағудың негізділігі туралы қорытындысы және Конституциялық Соттың белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы болған жағдайда Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшіннің дауысымен қабылданады. Айып тағылған сәттен бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылданбаса, бұл Қазақстан Республикасының Президентіне қарсы айыпты қабылданбады деп тануға алып келеді. Қазақстан Республикасының Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың кез келген сатыда қабылданбауы осы мәселені қарауға бастамашы болған Құрылтай депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға алып келеді.

4. Қазақстан Республикасының Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе Құрылтайдың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін қарау кезеңінде ұсынылмайды.

1. Елді басқару жүйесінде Президент орталық орын алады. Осыны ескере отырып, Президент лауазымына келу мен одан

**босатудың нақты әрі түсінікті тетіктерінің** болуы аса маңызды.

Конституцияға сәйкес, Президент денсаулық жағдайына **байланысты** өз міндеттерін атқаруға қабілетсіз болса, қызметінен **мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін**. Ол үшін Құрылтайдың, медицина мамандарының және Конституциялық Соттың қатысуымен өтетін **қатаң әрі көпсатылы рәсім** қарастырылған. Мұндай шешім депутаттардың жалпы санының кемінде төрттен үшін құрайтын білікті көпшілік даусымен қабылданады. Бұл өз бетінше немесе саяси астары бар шешімдердің қабылдануына жол бермейді, осылайша **президенттік институттың қорғалуын және мемлекеттік биліктің тұрақтылығын** қамтамасыз етеді.

Жаңадан енгізілген норма бойынша Президент Конституциялық Сотқа арыз беру арқылы **өз еркімен отставкаға кетуге құқылы**. Мұндай жағдайда Конституциялық Сот бұл шешімнің ешқандай қысымсыз, ерікті түрде қабылданғанына көз жеткізуі тиіс. Конституциялық Сот тиісті қорытынды берген сәттен бастап Президент өз еркімен қызметінен босатылған деп есептеледі. Бұл норма билікті жүзеге асырудың еріктілік принципін көрсетеді, сондай-ақ президенттік өкілеттік – билікте мерзім соңына дейін қалу құқығы емес, ең алдымен қоғамға қызмет ету екенін айқындайды.

2. Президент өз қызметі үшін **тек ерекше жағдайда** – мемлекеттік опасыздық жасағанда ғана жауапқа тартылады. Мұндай жағдайда ол Конституцияда белгіленген тәртіппен Құрылтай шешімі бойынша қызметінен шеттетілуі мүмкін. Қызметтен шеттету рәсімі өте күрделі: ол тергеу жүргізуді, Жоғарғы Сот пен Конституциялық Соттың қорытындыларын және депутаттардың басым көпшілігінің қолдауын талап етеді. Бұл мұндай маңызды шешімнің тек бұлтартпас дәлелдер мен негіздер болғанда ғана қабылдануына кепілдік береді.

Конституцияда айыптың қабылданбау мерзімдері мен шарттары да қарастырылған, ал рәсімге бастамашы болғандар саяси жауапкершілік арқалайды. Бұл Мемлекет басшысына негізсіз қысым көрсету әрекеттеріне тосқауыл болады. Нәтижесінде, Президентті жауапқа тарту мүмкіндігі мен оны саяси қарсыластардың қиянатынан қорғау арасындағы тепе-теңдік сақталады.

Сонымен қатар Президент Құрылтайды тарату мәселесін қарастырып жатқан кезеңде оны қызметінен шеттету туралы мәселе көтеруге тыйым салынды. Бұл норма басқару жүйесінің орнықтылығын және конституциялық үдерістердің болжамдылығын сақтауға бағытталған.

## 51-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Вице-Президентке өтеді; Вице-Президенттің денсаулық жағдайына немесе жеке сипаттағы өзге де себептерге байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Құрылтай Төрағасына өтеді; Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін Құрылтай Төрағасының қабылдауы мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі Премьер-Министрге өтеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдаған тұлға Конституциялық Сотқа Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас тарту туралы мәлімдеме береді. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаудан бас

тарту туралы мәлімдемені осы тұлғаның өзі және өз еркімен бергенін растайды және қорытынды береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Вице-Президент, Құрылтай Төрағасы, Премьер-Министр өкілеттігін доғарады. Бұл жағдайда бос мемлекеттік лауазымдарға орналасу Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен кетірілуіне байланысты мерзімінен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған күннен бастап **жеті күн ішінде** Құрылтай Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу туралы жариялайды. Сайлау **Құрылтай тиісті шешім қабылдаған күннен бастап екі ай ішінде** өткізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлғаның Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасауға, сондай-ақ Құрылтайды таратуға құқығы жоқ.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясы нормаларына сәйкес, Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған, шеттетілген немесе қайтыс болған жағдайда, оның қалған мерзімдегі өкілеттігі билік иерархиясына сәйкес белгілі бір лауазымды тұлғаларға көшеді. Қазіргі Конституция бойынша бұл тізімде Парламент Сенатының төрағасы, Мәжіліс төрағасы және Премьер-Министр болса, жаңа Конституция жобасында – **Вице-Президент, Құрылтай төрағасы және Премьер-Министр** көрсетілген.

Президенттің өкілеттік мерзімі – **7 жыл**. Егер ол қызметінен, мәселен, алғашқы жылы кетсе, қалған 6 жыл бойы мемлекетті халық тікелей сайламаған, дауыс бермеген адам басқарады. Бұл жағдай саяси дағдарыстарға әкеп соғуы мүмкін.

Сондықтан жаңа Конституция жобасында Президент сайлауын өткізудің **қатаң уақыт шеңберін белгілеу** ұсынылып отыр. Мәселен, еліміздің заң шығарушы органы (*Құрылтай*) Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған, шеттетілген немесе қайтыс болған күннен бастап **7 күн** ішінде Президент сайлауын өткізу туралы хабарлауы тиіс. Ал сайлау осы шешім қабылданған күннен бастап **2 ай** ішінде өткізілуі керек.

Осылайша, билік транзитінің нақты алгоритмі қалыптасады. Бұл елдегі саяси үдерістер дамуының жеделдігі мен болжамдылығын, саяси жүйенің орнықтылығын, сондай-ақ Мемлекет басшысының легитимділігін қамтамасыз етеді.

Екі айлық мерзім үміткерлердің сайлауға дайындалуына және сапалы сайлау науқанын өткізуіне толық жеткілікті. Сайлауды жариялау өкілеттігінің заң шығарушы органға берілуі билік институттары арасында Парламент рөлінің күшейгенін көрсетеді. Парламент – ең жоғары өкілді орган екенін ескерсек, бұл мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауда азаматтардың рөлін арттырады.

Мерзімінен бұрын сайлау өткізудің нақты уақытын белгілеу – әлемдік тәжірибеде жиі кездесетін үрдіс. Мысалы, **Корея Республикасында** Президент орны бос қалса, жаңа сайлау ресми түрде босаған сәттен бастап 60 күн ішінде өткізілуі тиіс. **Францияда** мұндай жағдайда сайлау **20 күннен ерте емес және 35 күннен кешіктірілмей** өткізіледі.

Жаңа Конституция жобасына билік иерархиясындағы лауазымды тұлғалардың **Президент өкілеттігін қабылдаудан бас тарту тетігі** де енгізілген. Ол үшін Конституциялық Сотқа тиісті арыз беру қажет, ал Сот өз қорытындысын шығаруы тиіс. Бұл үдерістердің ашықтығын қамтамасыз етеді, әсіресе президенттік билік ауысқан кезеңде бұның маңызы зор.

Президент өкілеттігі уақытша өткен кезде оның **конституциялық мүмкіндіктерін шектейтін норманың** рөлі

ерекше. Атап айтқанда, мұндай тұлға Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашы болуға, сондай-ақ Құрылтайды таратуға құқылы емес. Бұл ереже халықтық мандат қағидатын қорғауға және өтпелі кезеңде сайлаушылардың тікелей еркісіз Ата Заңның өзгеруіне жол бермеуге бағытталған.

## IV БӨЛІМ. ҚҰРЫЛТАЙ

Қос палаталы парламенттік жүйе 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында тәуелсіз мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңінің шарттарына сәйкес келетін мемлекет құрылысы моделінің элементі ретінде бекітілді. Ол кезеңде институционалдық тұрақтандыру, аймақтық және ұлттық мүдделердің теңгерімін қамтамасыз ету, заң шығарушы биліктің тұрақты тетіктерін қалыптастыру бірінші кезектегі міндеттер болды.

Қазіргі уақытта Қазақстан жаңа тарихи дәуірдің талаптарына сәйкес мемлекеттік құрылымды терең қайта құру және қоғамдық сананы жаңғырту бағытын жүзеге асыруда.

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының Президенті парламенттік реформаны мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі дамытудың негізгі векторларының бірі ретінде белгіледі. Ұсынылып отырған өзгерістер Парламенттің рөлін өзгертуді – шешімдерді үйлестіру және сүзгілеу институтынан тікелей саяси жауапкершілік пен қоғам алдындағы есеп беруші институтына айналдыруды көрсетеді.

Парламенттік реформа Парламенттің қолданыстағы қос палаталы құрылымынан **барлық заң шығару функциялары бір өкілді органда шоғырланатын бірпалаталы** модельге көшуді көздейді.

Реформа аясында:

- Жеке палата ретінде Сенат таратылады;
- мәртебесі жаңартылған және өкілеттігі кеңейтілген біртұтас заң шығарушы палата құрылады;
- парламентті құру тәртібі мен оның саяси жүйедегі рөлі қайта қаралуда.

Бір палаталы модель заң шығару процесінің ашықтығын жеңілдетуге және арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік шешімдер қабылдаудың неғұрлым түсінікті архитектурасын құруға бағытталған.

***Анықтама:** Екі палаталы парламенттік жүйеден бір палаталы парламенттік жүйеге көшу бірқатар мемлекеттерде, соның ішінде Қырғызстанда (2003), Хорватияда (2001), Түркияда (1982), Швецияда (1971), Данияда (1953) жүзеге асырылды.*

Бір палаталы Парламенттің басты артықшылығы **біртұтас және нақты белгіленген саяси жауапкершілікті құру**. Қос палаталы жүйеде шешімдер үшін жауапкершілік көбінесе палаталар арасында бөлінеді, бұл олардың жекелендіруін азайтады және қоғамдық бақылауды қиындатады.

Бір палаталы модельде:

- азаматтарға заң шығару шешімдері нақты қай жерде қабылданатыны айқын болады;
- саяси жауапкершілік бір ғана өкілді органда шоғырланады;
- партиялардың сайлау алдындағы міндеттемелері мен нақты заң шығару практикасы арасындағы байланыс күшейеді.

Осылайша, бір палаталы Парламент өкілетті биліктің неғұрлым ашық және есеп беретін жүйесін қалыптастырады.

**Бір палаталы жүйеге көшу.** Қос палаталылықты жою процедуралардың қайталануын, бекіту кезеңдеріне және заңдарды қабылдауға қажетті уақытты азайтады. Заң шығару процесі тиімдірек, қисынды және ұтымды бола түседі.

Қазақстан Республикасы сияқты унитарлы мемлекет үшін бір палаталы парламенттік үлгі әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді. Қазіргі уақытта дүниежүзіндегі 188 ұлттық парламенттің **107-сі (шамамен 57%) бір палаталы негізде жұмыс істейді.**

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Парламент Сенатында президенттік квота көзделген. 2007 жылы Президент тағайындайтын

сенаторлар саны 7-ден 15-ке дейін ұлғайтылды. 2022 жылғы конституциялық референдумның қорытындысы бойынша бұл квота 10 депутатқа дейін қысқартылды, олардың бесеуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалды.

Парламенттік реформаны талқылау барысында президенттік квотаны сақтау ұсынылған болатын, алайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл модельден бас тартты және депутаттар ешқандай ерекше тағайындауларсыз, бірыңғай қағидалар бойынша сайлануға тиіс екенін атап өтті. Осы логикаға сәйкес, **президенттік квота да, Қазақстан халқы Ассамблеясының жеке квотасы да жойылады.**

Сонымен қатар әйелдерге, жастарға және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған әлеуметтік квоталардан бас тарту мәселесі де қарастырылды. Алайда бұл шаралар өзге салаға жатады және қоғамдық-саяси үдерістердің инклюзивтілігін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік әділеттілік қағидатына бейімділікті көрсетеді.

Халықаралық тәжірибе әлеуметтік және гендерлік квоталардың қолданылуы кең таралғанын растайды. Бірқатар дамыған елдерде партиялық тізімдердің құрамына қатысты заңнамалық талаптар бекітілген. Мәселен, **Францияда** паритет туралы заң ерлер мен әйелдердің тең өкілдігін көздейді. **Испанияда** әйелдердің өкілдігі кемінде 40 пайыз деңгейінде болуы туралы ең төменгі шек белгіленген.

Ұқсас нормалар **Бельгияда, Ирландияда, Италияда, Польшада, Словенияда** және Еуропалық одақтың бірқатар өзге елдерінде қолданылады, мұнда ең төменгі шек 30-дан 50 пайызға дейін ауытқиды. Бұл квоталар дәл кандидаттық тізімдерге қатысты және парламенттердегі әйелдердің өкілдігін кеңейтуге бағытталған.

Парламенттік реформа аясында бір палаталы Қазақстан Республикасы Парламентінің жаңа атауы – «Құрылтай» деп белгіленді.

Парламент атауын өзгерту туралы бастаманы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың V отырысында айтты. Ұсыныс институционалдық сипатқа ие және қазіргі заманғы демократиялық принциптерді ұжымдық шешімдер қабылдаудың тарихи дәстүрлерімен үйлестіретін өкілді басқарудың тұтас моделін қалыптастыруға бағытталған.

Құрылтай тарихи тұрғыдан түркі және моңғол халықтарының жиналыс формасы болып есептеледі. Онда мемлекеттің және қоғамның маңызды мәселелері талқыланып, тайпа немесе мемлекеттің тағдырын айқындайтын шешімдер қабылданған.

Түрлі тарихи кезеңдерде құрылтайлар маңызды біріктіруші рөл атқарды: Алтын Орда дәуіріндегі Талас құрылтайлары, Қазақ хандығы тұсындағы Қарақұм мен Ордабасыдағы құрылтайлар, сондай-ақ Алаш Орда кезеңіндегі қазақ құрылтайлары.

Құрылтайлардың тарихи дәстүрі жаңа кезеңде де жалғасын тапты. 1992-2017 жылдар аралығында Дүниежүзі қазақтарының құрылтайының бес отырысы өтті. 2022 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін алмастырып, еліміздің стратегиялық дамуының диалог алаңына айналған Ұлттық құрылтай құрылды.

**Бұл атауды қолдану парламентаризм дәстүрлерінің сабақтастығын атап көрсетеді және қазіргі заманғы демократиялық стандарттарға қайшы келмейді.**

*Анықтама: Сондай-ақ «хурал/құрылтай» термині бірқатар мемлекеттер мен аймақтардың, оның ішінде Моңғолия (Ұлсын Их Хуралы), Тува Республикасы (Өкілдер Хуралы) және Башқұртстан*

*Республикасының (Мемлекеттік Жиналысы – Башқұртстан Республикасының Құрылтайы) сияқты қазіргі институционалдық тәжірибеде де қолданылады.*

## 52-бап

1. **Қазақстан Республикасының Құрылтайы – заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы.**
2. **Құрылтайдың өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және жаңадан шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясының жұмысы басталған кезде аяқталады.**
3. **Құрылтайдың өкілеттігі Конституцияда көзделген жағдайда және белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.**
4. **Құрылтайдың ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңда айқындалады.**

1. Жаңа Конституция жобасының 52-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Құрылтайы Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғарғы өкілді орган ретінде анықталады.

Бұл мынаны білдіреді:

- Құрылтай – халықтың заң шығару саласында өз еркін жүзеге асыратын органы;
- ол заңдар мен конституциялық заңдарды қабылдау жөнінде ерекше құзыретке ие;
- оның шешімдері елдің барлық аумағында міндетті сипатқа ие.

Құрылтайды жоғарғы өкілді орган мәртебесінде бекіту халық билігінің конституциялық қағидатының сақталатынын растайды: мемлекеттік биліктің көзі халық

болып қала береді, ал оның өкілдігі сайланған депутаттар арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар Құрылтай дәл заң шығару билігін жүзеге асыратыны атап көрсетіледі, бұл мемлекеттік билікті заң шығару, атқарушы және сот тармақтарына бөлу қағидатының өзгермейтінін көрсетеді.

Осылайша, реформа институционалдық модельді (бір палаталы құрылымға өту) өзгертеді, бірақ билік тармақтарының конституциялық тепе-теңдігін бұзбайды.

2. Құрылтайдың өкілеттігі оның алғашқы сессиясы ашылған сәттен басталады.

Бұл жаңа шақырылымның легитимдігі сайлау күнімен емес, оның ресми жұмысқа кірісу сәтінен басталатынын білдіреді.

3. Өкілеттік Құрылтайдың жаңа шақырылымдағы алғашқы сессиясы басталған кезде аяқталады.

Осылайша, **институционалдық сабақтастық пен заң шығару билігінің үздіксіздігі қамтамасыз етіледі.**

Конституция жобасы Құрылтайдың өкілеттігін Конституцияда белгіленген жағдайлар мен тәртіпте мерзімінен бұрын тоқтату мүмкіндігін қарастырады.

4. Мерзімінен бұрын өкілеттік тоқтатылуы өз еркімен жасалатын құрал емес екені, ол Ата Заңмен реттелетіні маңызды.

### 53-бап

1. Құрылтай біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша **пропорциялы өкілдік жүйе негізінде** конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын **бір жүз қырық бес депутаттан** тұрады.

2. Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі – **бес жыл.**

1. Жаңа Конституция жобасының 53-бабына сәйкес, Құрылтай 145 депутаттан тұрады, олар бірыңғай жалпыұлттық сайлау округі аумағында **пропорционалды өкілдік жүйесі** бойынша сайланады.

Ұсынылған бір палаталы Парламенттің 145 депутаттан тұратын саны кеңейтілген өкілеттігі бар орган үшін оңтайлы және теңдестірілген деп қарастырылады.

Құрамның едәуір қысқаруы келесі жағдайларға әкеледі:

- депутаттарға артық жүктеменің түсуіне;
- комитеттердің жұмысын әлсіретуге.

Керісінше, құрамның тым көп өсуі:

- басқару мүмкіндігін төмендетеді;
- фрагментацияны арттырады;
- процедуралық шығындарды арттырады.

**Пропорционалды сайлау жүйесі** – бұл Құрылтайды жасақтау тәсілі, мұнда барлық депутаттар партиялық тізімдер бойынша сайланады.

Бұл жүйе:

- идеяларды, бағдарламаларды және ұзақмерзімді стратегияларды жеткізушілер ретінде саяси партиялардың рөлін күшейтеді;

- партиялардың өз депутаттарының қызметі мен сайлау алдындағы міндеттемелерін орындауы үшін ұжымдық жауапкершілігін қалыптастырады;

- тар лоббистік және жеке мүдделердің ықпалын азайтады;
- заңнамалық шешімдердің жүйелі және дәйекті қабылдануына ықпал етеді.

Азаматтар үшін пропорционалды жүйе **қоғамдық бақылау механизмін жеңілдетеді**: сенім жоғалған жағдайда партия келесі сайлауда саяси жауапкершілікті өз мойнына алады.

Пропорционалды сайлау жүйесі бүкіл әлемде, соның ішінде **Норвегияда, Израильде, Нидерландыда, Швецияда,**

Бельгияда, Испанияда, Бразилияда және Оңтүстік Африкада кеңінен қолданылады.

1. Бір палаталы Парламент саяси партиялардың заң шығарушылық күн тәртібін қалыптастырудағы негізгі субъект ретінде рөлін күшейтеді.

Бес пайыздық сайлау шегін сақтау өзінің тиімділігін дәлелдеді:

- партиялық өкілдік кеңейтіледі;
- парламенттік жүйенің тұрақтылығы сақталады;
- биліктің шоғырлануына қарсы негізгі фактор ретінде саяси бәсекелестік күшейтіледі.

Партиялық жүйе қоғамдық дискуссияның және саяси жауапкершіліктің негізгі арнасына айналады.

*Анықтама: Дауыс беру бойынша 5 пайыздық электоралдық шектеу әлемдегі пропорционалдық сайлау жүйелерінде кең тараған нормалардың бірі және, атап айтқанда, Германия, Ресей, Польша, Украина, Молдова, Қырғызстан, Бельгия, Аустрия, Чехия және басқа да елдерде қолданылады.*

## 54-бап

1. Құрылтай депутаттары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Құрылтай депутаттарының кезекті сайлауы жұмыс істеп тұрған Құрылтай шақырылымының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

2. Құрылтай депутаттарының кезектен тыс сайлауы Құрылтайдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

3. Жиырма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, оның аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан адам Құрылтай депутаты бола алады.

4. Құрылтай депутаттарының сайлауы конституциялық заңмен реттеледі.

5. Құрылтай депутаттары Қазақстан халқына ант береді.

Жаңа Конституция жобасының 54-бабына сәйкес:

- депутаттарды сайлау жалпы, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады;
- кезекті сайлау қазіргі шақырылымның өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде екі ай бұрын өткізіледі;
- мерзімінен тыс сайлау Құрылтайдың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

Тікелей сайлау дегеніміз – **азаматтар заң шығарушы орган құрамын тікелей қалыптастырады** дегенді білдіреді.

Сайлау құқығының теңдігі әр дауыстың бірдей құқықтық күшке ие болуын қамтамасыз етеді.

Жасырын дауыс беру еркін таңдау жасауын қамтамасыз етеді.

Кезекті және мерзімінен тыс сайлау рәсімдері заң шығарушы биліктің үздіксіздігі мен легитимдігін сақтау мақсатында жүргізіледі.

Жаңа Конституция жобасының 54-бабы Құрылтай депутаты болуға үміткерлерге келесі талаптарды белгілейді:

- 25 жасқа толған болу;
- Қазақстан Республикасының азаматтығы;
- соңғы 10 жыл бойы ел аумағында тұрақты тұруы.

**25 жас мөлшеріндегі ең төменгі жастың белгіленуі** жастар үшін ашықтық пен белгілі бір өмірлік және кәсіби тәжірибенің болу қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті көрсетеді.

**Азаматтыққа қойылатын талап** – депутаттың:

- мемлекетпен толық құқықтық байланысы болуын;
- ел алдында конституциялық міндеттерін орындауын;
- тек Қазақстан халқының мүддесін білдіруін қамтамасыз етеді.

Бұл саяси тәуелсіздік қағидатын бекітіп, заң шығарушы органның құрылуына сыртқы факторлардың әсер етуін болдырмайды.

**Онжылдық тұруға қойылатын талап** – депутаттың:

- ішкі әлеуметтік-экономикалық үдерістерді терең түсінуін;
- елдің қоғамдық өміріне араласуын;
- азаматтардың өзекті мәселелері мен қажеттіліктерін бөлісуін қамтамасыз етеді.

Бұл – Құрылтайға тек формалды азаматтығы бар емес, Қазақстанмен шынайы байланысы бар адамдардың сайланатындығының маңызды кепілі.

Құрылтай депутаттары Қазақстан халқына ант береді.

Ант тек символдық сипатқа ғана емес, құқықтық мәнге де ие. Ол мыналарды бекітеді:

- халыққа қызмет ету міндеті;
- Конституция мен заңдарды қадағалау;
- мандатты адал орындауға деген жауапкершілік.

## 55-бап

1. Құрылтай депутаттары оның жұмысына қатысуға міндетті. Құрылтайда депутаттың жеке өзі дауыс береді. Депутат Құрылтай мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себепсіз үш реттен артық қатыспаса, сол сияқты дауыс беру құқығын басқаға берсе, бұл заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға алып келеді.

2. Құрылтай депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы талаптарды бұзу депутаттың өкілеттігін тоқтатуға алып келеді.

3. Құрылтай депутатын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Құрылтай депутатының өкілеттігі депутат орнынан түскен, қайтыс болған, заңды күшіне енген сот шешімімен әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайда тоқтатылады.

Құрылтай депутаты:

- 1) Қазақстаннан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;
- 4) сайланған саяси партиясынан шыққан немесе шығарылған;
- 5) сайланған саяси партиясы қызметін тоқтатқан кезде мандатынан айырылады.

Құрылтай депутаттарының өкілеттігі Құрылтай таратылған жағдайда тоқтатылады.

5. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың осы баптың 2-тармағының талаптарын және депутаттық әдеп қағидаларын сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және қол сұғылмау кепілдігінен айыруға байланысты мәселелерді дайындау Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

1. Жаңа Конституция жобасы Құрылтай жұмысында депутаттың жеке жауапкершілігі қағидатын бекітеді. Депутаттар оның қызметіне міндетті түрде қатысуға тиіс, ал дауыс беру депутаттың өз қатысуымен жүргізіледі.

Депутат Құрылтай мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себепсіз үш реттен артық қатыспаса, сол

сияқты дауыс беру құқығын басқаға берсе, бұл заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға алып келеді.

Бұл норма тәртіпті күшейтуге, мандаттағы формалды «қатысу» мүмкіндігін жоюға және нақты өкілділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Депутат міндетті түрде жеке қатысып, жеке шешім қабылдауға жауапты.

2. 55-бап депутаттық мандаттың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге және мүдделер қақтығысын болдырмауға арналған шектеулер тізімін енгізеді. Құрылтай депутатының мыналарды жасауға құқығы жоқ:

- басқа өкілді органның депутаты болуға,
- оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға,
- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға,
- коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге.

Осы талаптарды бұзу депутаттың өкілеттігін тоқтатуға алып келеді.

Бұл шектеулер «құқықтарды шектеу» болып саналмайды, олар қоғамдық мүддесін қорғау механизмі ретінде қызмет атқарады. Яғни, депутат мандатты тәуелсіз түрде және қоғамдық мақсаттарға қызмет ету үшін пайдалануға тиіс, оны тәуелділік немесе қаржылық мүдде тудыратын қызметпен біріктірмеу керек.

3. Жаңа Конституция жобасы депутаттық қызметті кепілдендіру үшін құқықтық иммунитет институтын бекітеді. Құрылтай депутатының өкілеттік мерзімі ішінде мыналарға жол берілмейді:

- қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда,
- күзетпен ұстауға,

- күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға,
- өз өкілеттігі мерзімі ішінде Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға.

Құқықтық иммунитет – бұл «жеке артықшылық» емес, депутатқа халық өкілі қызметін еркін орындауға мүмкіндік беретін құқықтық кепілдік, заңсыз қысымнан қорықпай жұмыс істеуге жағдай жасайды. Сонымен қатар қылмыс орнында ұстау және ауыр/аса ауыр қылмыстар жағдайлары сияқты ерекшеліктер мандат кепілдіктері мен заңдылық принципі арасындағы тепе-теңдікті сақтайды.

4. Құрылтай депутатының өкілеттігі мына жағдайларда тоқтатылады:

- орнынан түскен,
- қайтыс болған,
- заңды күшіне енген сот шешімімен әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған,
- Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайда.

Сондай-ақ депутаттардың өкілеттігі Құрылтай таратылған жағдайда да тоқтатылатындығы туралы айтылған.

Өкілеттілікті тоқтату негіздеріне объективті өмірлік жағдайлар мен конституциялық реттеумен белгіленген құқықтық мәні бар негіздер кіреді.

5. Конституция жобасында депутат мандаттан айырылатын жағдайлар қарастырылған:

- Қазақстаннан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;
- сайланған саяси партиясынан шыққан немесе шығарылған;

- сайланған саяси партиясы қызметін тоқтатқан кезде мандатынан айырылады.

Мандаттың партияға қатысуымен байланысын бекіту логикалық түрде пропорционалды сайлау жүйесінен туындайды және партияның саяси бағдарламасы мен тізіміне дауыс берген сайлаушылардың еркін сақтауға бағытталған. Сонымен қатар бұл депутаттардың жарияланған міндеттерін орындауда партиялық жауапкершілік пен тәртіпті ынталандырады.

Жергілікті деңгейдегі коммуникацияда бұл норманың партиялық тізімдер арқылы өкілдік принципін қорғау және мандатты азаматтар сайлауда қолдаған саяси платформадан бөлек қолдану жағдайларын болдырмау үшін енгізілгенін атап өту маңызды.

55-бап ОСК-ға мынадай мәселелерді дайындау жүктеледі:

- депутаттарға қатысты жазалау шараларын қолдануға қатысты;
- басқа қызметтерді қоса атқаруға шектеулерге қатысты (55-баптың 2-тармағы);
- депутаттық этика ережелерінің қадағалуына қатысты;
- депутаттардың өкілеттілігін тоқтатуға қатысты.

Орталық сайлау комиссиясының қатысуы рәсімдік кепілдік ретінде қызмет етеді. Бұл тәсілдердің біркелкілігін қамтамасыз етеді, қарастырудың формалды тәртібін орнатады және субъективті шешімдер қабылдану қаупін азайтады, өйткені материалдарды дайындау сайлау және сайланған тұлғалардың мәртебесі саласындағы уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылады.

## 56-бап

**Құрылтай:**

- 1) конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдайды;
- 2) Қазақстан Республикасының Президенті қарсылық білдірген заңдарды немесе заң баптарын қарсылық жіберілген

күннен бастап бір ай мерзімде қайта талқылап, дауысқа салады. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылығының қабылданғанын білдіреді. Егер Құрылтай конституциялық заңдар немесе конституциялық заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының төрттен үшінші дауысымен, ал заңдар немесе заң баптары бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісінің дауысымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға немесе заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы еңсерілмесе, конституциялық заң немесе заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп саналады;

3) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын жариялайды;

6) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындауға келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының Президентіне Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындауға келісім береді;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауына Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен келісім береді;

10) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын

сайлайды және лауазымынан босатады, олардың антын қабылдайды;

11) Конституциялық Сот судьяларын, Жоғарғы Сот судьяларын қол сұғылмау кепілдігінен айырады;

12) Құрылтай депутатының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен Құрылтай депутатын қол сұғылмау кепілдігінен айыру мәселесін шешеді;

13) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруге құқылы;

14) Конституциялық Соттың Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

15) жылына екі рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін тыңдайды;

16) Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылайды және бекітеді. Құрылтайдың республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкімет есебін бекітпеуі Құрылтайдың Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруі деп саналады;

17) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасымен Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің өз қызметі жөніндегі есептерін тыңдауға құқылы. Үкімет мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарын орындамаған жағдайда, есепті тыңдау қорытындысы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен Қазақстан Республикасының Президентіне оны лауазымынан босату туралы өтініш білдіру жөнінде шешім қабылдауға құқылы. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Үкімет мүшесін лауазымынан босатады;

18) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тыңдау өткізеді;

- 19) өз қызметінің регламентін қабылдайды және Құрылтайдың жұмысын ұйымдастыруға, ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешім қабылдайды;
- 20) Құрылтайдың үйлестіру органын және жұмыс органдарын құрады;
- 21) Құрылтай комиссияларын құрады, төрағаларын сайлайды және лауазымынан босатады, комиссиялардың қызметі туралы есепті тыңдайды;
- 22) Құрылтайға Конституциямен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Конституция жобасының 56-бабы Құрылтайдың бүкіл заң шығару билігіне және бақылау функцияларының кең ауқымына ие жоғары өкілді орган ретіндегі мәртебесін бекітеді.

**Заң шығару өкілеттіктері.** Құрылтайдың негізгі функциясы мемлекеттің құқықтық негізін қалайтын конституциялық заңдар мен заңдарды қабылдау болып табылады.

Заң шығарушы билік тармағының тәуелсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құралы – **Президенттің заңдарға немесе заң баптарына қатысты қарсылықтарын еңсеру рәсімі.** Мемлекет басшысы қарсылық білдірген жағдайда, Құрылтай бір ай мерзімде қайта талқылау өткізуге міндетті. Қарсылықтарға қарамастан заңды түпкілікті қабылдау үшін білікті көпшілік дауыс талап етіледі: конституциялық заңдар үшін – дауыс санының төрттен үші, ал қарапайым заңдар үшін – үштен екісі. Егер бұл шекті межелер еңсерілсе, Президент заңға бір ай ішінде қол қоюға міндетті, бұл өкілді орган еркінің үстемдігіне кепілдік береді.

**Мемлекеттік-кадрлық өкілеттіктер және институционалдық бақылау.** Құрылтай биліктің жоғары эшелондарын жасақтау кезінде негізгі сүзгі ретінде әрекет етеді, бұл дамыған әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді.

Өкілеттіктер екі түрге бөлінеді:

- **Тағайындауға келісім беру.** Вице-Президентке, Премьер-Министрге, Конституциялық Сот судьяларына, ОСК және Жоғары аудиторлық палата мүшелеріне қатысты қолданылады.

- **Сайлау.** Жоғарғы Сот судьялары Президенттің ұсынуы бойынша дәл осы Құрылтаймен сайланады, бұл олардың ерекше мәртебесі мен тәуелсіздігін айқындайды. Көптеген демократиялық елдерге (Германия, АҚШ, Польша) тән мұндай модель кадрлық тағайындаулар кезінде мүдделер тепе-теңдігін қамтамасыз етеді.

**Бақылау өкілеттіктері және атқарушы биліктің есептілігі.** 56-баптағы парламенттік бақылау жүйесі ең қатаң және пәрменді жүйелердің бірі болып табылады. Ол мыналарды қамтиды:

- **Бюджеттік бақылау.** Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның бюджеттің атқарылуы туралы есептерін талқылау және бекіту. Есептің бекітілмеуі автоматты түрде Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіреді, бұл қаржылық бақылауды нақты ықпал ету тетігіне айналдырады.

- **Саяси жауапкершілік.** Құрылтай депутаттардың 1/5 бөлігінің ұсынысы бойынша Үкіметке сенімсіздік вотумын бастамалай алады.

- **Дербес жауапкершілік.** Үкімет мүшелерінің есептерін тыңдау қорытындысы бойынша, Құрылтай (дауыс санының 2/3 бөлігімен) министр заңдарды бұзған жағдайда Президенттен оны қызметінен босатуды талап етуге құқылы және мұндай талап орындалуы міндетті болып табылады.

**Әскери-саяси және қоғамдық маңызы бар функциялар.** Құрылтай мемлекеттік егемендіктің іргелі мәселелерін шешуге: соғыс және бейбітшілік мәселелеріне, сондай-ақ бейбітшілікті сақтау жөніндегі халықаралық

міндеттемелерді орындау үшін Қарулы Күштерді пайдалану туралы шешімдер қабылдауға айрықша құқылы.

Бұдан бөлек, орган бүкілхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтеру құқығына ие, бұл халықтың ерік-жігеріне тікелей жүгінуге мүмкіндік береді. Депутаттардың өздері мен жоғары сот судьяларының тәуелсіздігін қорғау үшін оларды тиіспеушілік құқығынан айыру рәсімдері қарастырылған.

**Институционалдық тұрақтылық және ішкі ұйымдастыру.** Өз өкілеттіктерін тиімді жүзеге асыру үшін Құрылтай толық ұйымдастырушылық дербестікке ие.

Ол регламентті өз бетінше қабылдайды, үйлестіруші және жұмыс органдарын құрады, комиссиялар жасақтайды және парламенттік тыңдаулар өткізеді.

Ішкі тәртіп мәселелеріндегі бұл автономия заң шығарушы билікті сыртқы әкімшілік қысымнан қорғаудың қажетті шарты болып табылады.

## 57- бап

1. Құрылтайды мемлекеттік тілді жетік меңгерген депутаттар арасынан Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы сайланған Төраға басқарады. Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда Құрылтай Төрағасы лауазымынан кері шақырып алынуы, сондай-ақ орнынан түсуі мүмкін.

3. Құрылтай Төрағасы:

1) Құрылтай отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;

- 2) Құрылтайдың қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылық етеді;
  - 3) Құрылтай Төрағасының орынбасарларын лауазымға сайлау үшін Құрылтайға кандидатуралар ұсынады;
  - 4) Құрылтайдың қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;
  - 5) Құрылтайдың үйлестіру органының қызметіне басшылық етеді;
  - 6) Құрылтай шығаратын актіге қол қояды;
  - 7) өзіне Құрылтай регламентімен жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.
4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай Төрағасы Құрылтай сессиясын ашады.
  5. Құрылтай Төрағасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкім шығарады.

57-бап Құрылтай Төрағасының заң шығарушы орган қызметін ұйымдастыруды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жоғары лауазымды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайды.

**Төрағаны сайлау тәртібі** демократиялық легитимділік пен кәсібилік принциптеріне негізделген: мемлекеттік тілді еркін меңгеру талабы міндетті біліктілік шарты болып табылады, ал жасырын дауыс беруді қолдану депутаттардың ерік-жігерін еркін білдіруінің негізгі кепілі ретінде әрекет етеді.

Депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен сайлануы кандидатқа Құрылтай ішінде кең ауқымды саяси қолдауды қамтамасыз етеді.

Бапта бекітілген институционалдық өзара іс-қимыл моделі тежемелік әрі теңгерімділік жүйесін көрсетеді: **кандидатураны Президент ұсынады**, бұл Мемлекет басшысының бастамашы ретіндегі рөлін айқындайды, алайда **түпкілікті шешімді өкілді органның өзі қабылдайды**.

Төрағаны сайлаудан қайта бас тартқан жағдайда Құрылтайды тарату мүмкіндігі тетігі институционалдық тығырыққа тірелуге қарсы сақтандыру шарасы болып табылады.

Бұл норма биліктің тоқырауын болдырмауға бағытталған: егер орган басшылықты жасақтай алмаса, тарату жаңа сайлау арқылы оның жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Бұл ретте қайта бас тартудың міндеттілігі Президент пен депутаттар арасында алдын ала консультациялар өткізу және ұстанымдарды келісу әрекеттерінің қажеттілігін білдіреді.

**Төрағаның функционалдық өкілеттіктері** қатаң регламенттелген және ұйымдастырушылық әрі үйлестірушілік сипатқа ие.

Оның міндеттеріне отырыстарды шақыру, үйлестіруші органға басшылық жасау, регламенттің сақталуын қамтамасыз ету және Құрылтай актілеріне қол қою жатады.

Маңызды **шектеулердің бірі – Төрағаның дербес заң шығару құқығына ие еместігі** және заңдарды жеке-дара қабылдай алмайтындығы; бұл алқалы органды жеке билікпен алмастыруды болдырмайды.

Есептіліктің қосымша элементі – **кері шақыртып алу немесе өз еркімен отставкаға кету рәсімі** болып табылады, оны жүзеге асыру үшін де депутаттардың жалпы санының көпшілік ерік-жігері талап етіледі.

Осылайша, Құрылтай Төрағасы жеке-дара көшбасшы ретінде емес, бүкіл палата жұмысының тиімділігі мен рәсімдердің сақталуының **кепілі ретінде** әрекет етеді.

## 58- бап

1. Құрылтай сессиясы отырыс түрінде өткізіледі.
2. Құрылтайдың бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындысы

жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Құрылтайдың кезекті сессиясы жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күні мен маусымның соңғы жұмыс күні аралығында өткізіледі.

4. Сессия Құрылтай отырысында ашылады және жабылады. Құрылтай сессиясын, әдетте, Қазақстан Республикасының Президенті ашады. Құрылтай сессиялары арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен, Құрылтай Төрағасының немесе Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.

5. Құрылтай отырысы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Құрылтай отырысы ашық түрде өтеді. Регламентте көзделген жағдайда отырыс жабық түрде өткізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президенттің, Премьер-Министрдің және Үкімет мүшелерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырысқа қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

58-бап Құрылтай негізгі жұмыс тәртібі отырыстар форматында өтетін сессиялар екенін белгілейді. Бұл регламенттеу заң шығару процесінің жүйелілігін, ашықтығын және үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Құрылтайдың алғашқы сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті қатаң белгіленген мерзімде – сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін **30 күннен кешіктірмей шақырады**. Бұл тетік мыналарға кепілдік береді: жаңа құрамдағы депутаттар жұмысының дер кезінде басталуына; биліктің институционалдық сабақтастығына; толыққанды заң шығару қызметінің басталуын білдіретін

депутаттардың өз өкілеттіктерін орындауға ресми түрде кірісуіне.

**Кезекті сессиялардың нақты кестесін белгілеу** (қыркүйектің алғашқы жұмыс күнінен маусымның соңғы жұмыс күніне дейін) Парламент жұмысының болжамды әрі тұрақты жүйесін қалыптастырады. Мұндай цикл заң жобаларын қарауды жүйелі түрде жоспарлауға мүмкіндік береді.

**Сессияаралық кезең** (шілде–тамыз) функционалдық тұрғыдан комитеттерде заң шығару бастамаларын терең дайындауға және депутаттардың жергілікті жерлерде сайлаушылармен белсенді өзара іс-қимыл жасауына арналған.

Мемлекеттік **шұғыл міндеттерді шешу үшін кезектен тыс сессияларды шақыру тетігі** қарастырылған. Бастама көтеру құқығы Президентке тиесілі (жеке өзіне де, сондай-ақ Құрылтай Төрағасының немесе депутаттардың үштен бірінің ұсынысы бойынша да).

Маңызды шектеу – **сессияның нақты мақсаттылығы**: мұндай сессияларда тек оларды шақыруға негіз болған мәселелер ғана қарастырылады, бұл нақты процедуралық аяны қадағалауға және күн тәртібінен ауытқымауға мүмкіндік береді.

Конституция **кворумның жоғары шегін белгілейді** (депутаттардың жалпы санының кемінде үштен екісінің қатысуы). Бұл талап мынадай өте маңызды функцияларды атқарады:

- қабылданатын мемлекеттік шешімдердің жоғары өкілділігіне кепілдік береді;
- заңдардың шектеулі топтардың мүддесі үшін қабылдану ықтималдығын болдырмайды;
- депутаттар корпусының Құрылтай жұмысына қатысуы үшін дербес жауапкершілігін едәуір күшейтеді.

**Отырыстардың ашықтық принципі** Құрылтай жұмысының жариялылығын қамтамасыз ету және қоғамды

хабардар ету үшін негізгі болып табылады. Жабық отырыстар ерекше жағдай болып саналады және тек регламентте тікелей көзделген реттерде – **мемлекеттік қауіпсіздік мәселелері немесе өзге де құпия ақпарат талқыланғанда ғана** өткізілуі мүмкін.

Бап сонымен қатар мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларының (Президент, Вице-Президент, Премьер-Министр, Үкімет мүшелері, Ұлттық Банк, Бас прокуратура, ҰҚК басшылары және т.б.) **кез келген отырысқа қатысу және сөз сөйлеу құқығын** бекітеді.

Бұл заң шығарушы және атқарушы билік тармақтары арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, парламенттік пікірталастар барысында мемлекеттік органдардың ұстанымын жедел таныстыруға мүмкіндік береді.

## 59-бап

1. Құрылтай конституциялық заңда саны айқындалатын тұрақты комитеттер, сондай-ақ комиссиялар құрады.
2. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

Конституция жобасының 59-бабы Құрылтайдың ішкі ұйымдастырушылық құрылымының іргелі негіздерін бекітеді, оның негізгі жұмыс органдарын құру және олардың қызмет ету тәртібін айқындайды.

**Тұрақты комитеттер.** Құрылтай тұрақты комитеттер құрады, олардың саны конституциялық заңмен айқындалады. Комитеттердің негізгі рөлі заң жобаларын жалпы талқылауға шығарғанға дейін оларды кәсіби және салалық тұрғыдан пысықтаудан тұрады.

**Әрбір комитет мемлекеттік саясаттың белгілі бір саласына маманданған** (мысалы, бюджет, әлеуметтік саясат, қорғаныс, құқықтық мәселелер және т.б.), бұл заң жобаларын

пленарлық отырысқа шығарудан бұрын кәсіби деңгейде қарастыруға мүмкіндік береді.

Дәл осы комитеттер деңгейінде заң мәтіндерін аса мұқият пысықтау жүзеге асырылады, бұл асығыс немесе тиімсіз шешімдердің қабылдану қаупін барынша азайтады.

**Құрылтай комиссиялары** тұрақты комитеттерге қарағанда парламенттік жұмыстың неғұрлым икемді құралы болып табылады. Олар арнайы немесе уақытша сипатта болуы мүмкін және **нақты, мақсатты міндеттерді шешу үшін құрылады**: парламенттік тексерулер жүргізу, жекелеген бастамаларды дайындау немесе жедел ден қоюды талап ететін төтенше мәселелерді қарау.

Комитеттер мен комиссиялар өз құзыреті шегінде **қаулылар шығарады**. Бұл актілердің маңызды процедуралық мәні бар:

- олар қаралып жатқан мәселе бойынша комитет мүшелерінің ортақ ұстанымын ресми түрде рәсімдейді;
- мәселені Құрылтайдың пленарлық отырысының күн тәртібіне енгізу үшін міндетті құқықтық негіз болып табылады;
- заң шығарушы органның ішкі жұмысының реттілігін қамтамасыз ете отырып, ұйымдастырушылық-өкімдік сипатта болады.

Осылайша, 59-бап мемлекеттік шешімдерді «сүзгіден өткізудің» және сапалы дайындаудың тиімді тетігін қалыптастырады, мұнда комитеттер Құрылтай қызметіндегі тұрақтылық пен кәсібилікті, ал комиссиялар – жеделдік пен мақсатты тәсілді қамтамасыз етеді.

## 60-бап

**1. Заң шығаруға бастама жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке, Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі және тек қана Құрылтайда іске асырылады.**

2. Қазақстан Республикасының Президенті заң жобаларын қараудың басымдығын айқындауға құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдануға тиіс дегенді білдіреді.

### 3. Құрылтай:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектісі болуына, азаматтық құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауаптылығына;

2) меншік режиміне және өзге де заттық құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге немесе олардың күшін жоюға;

5) республикалық бюджет, мемлекеттік қарыз, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсету мәселелеріне;

6) сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелеріне;

7) рақымшылық жасау мәселелеріне;

8) білімге, ғылымға, мәдениетке, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

9) кәсіпорындарды және олардың мүлкін жекешелендіруге;

10) қоршаған ортаны қорғауға;

11) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысына;

12) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне;

14) халықаралық шарттарды ратификациялауға және денонсациялауға;

15) мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтарға;

16) Конституцияға сәйкес өзге де мәселелерге қатысты аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негіз құраушы қағидаттар мен нормаларды белгілейтін заң шығаруға құқылы.

4. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысына, қоғамдық тәртіптің сақталуына, елдің

экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі заң шығару бастамасымен енгізген заң жобаларын Құрылтай дереу қарауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда Үкімет өзіне жауапкершілік ала отырып, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық акт қабылдауға құқылы. Мұндай акт Құрылтай қабылдаған заң күшіне енгенге дейін немесе Құрылтай заң жобаларын қабылдамай тастағанға дейін қолданыста болады.

5. Құрылтай қабылдаған заң он күн ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылады.

Құрылтай заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен тұтастай қабылдамай тастауға құқылы. Мұндай жағдайда заң жобасы қабылданбады деп саналады және бастамашыға қайтарылады.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Үкіметтің оң қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Құрылтайға енгізілетін заң жобалары үшін мұндай қорытынды талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы. Бұл мәселе сенім білдіру мәселесі қойылғаннан бастап қырық сегіз сағаттан кейін ғана дауысқа салынады. Егер сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысын алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп саналады. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

Конституция жобасының 60-бабы заң шығарушы биліктің қызмет етуінің іргелі негіздерін қалайды, заң шығару бастамасы

субъектілерінің тобын, басымдықтар сатысын және жоғары мемлекеттік институттар арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін айқындайды.

**Заң шығару бастамасы құқығы негізгі институттар:** Қазақстан Республикасының Президенті, Құрылтай депутаттары, Үкімет және Қазақстан Халық Кеңесі арасында бөлінген.

Субъектілердің мұндай кең ауқымын бекіту **заң шығаруға көпвекторлы тәсілді қамтамасыз етеді:** биліктің әртүрлі тармақтарының қатысуы, Құрылтай арқылы халық мүддесінің өкілдігі және Қазақстан Халық Кеңесі арқылы азаматтық бастамалардың ескерілуі. Бұл мемлекеттік шешімдерді әзірлеу арналарын кеңейтеді және заңнаманың әрі атқарушы биліктің әрі депутаттар корпусының қажеттіліктерін ескеруіне кепілдік береді.

Тиімділіктің маңызды құралы **Президенттің заң жобаларын қараудың басымдығын айқындау құқығы** болып табылады.

Мұндай жобалар бірінші кезектегі тәртіппен **екі ай ішінде** қабылдануға тиіс. Бұл норма стратегиялық маңызды бастамаларды жедел ілгерілетуге мүмкіндік береді, сонымен бірге Құрылтайдың түпкілікті шешім қабылдау құқығын сақтап қалады.

**60-бап Құрылтай маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар шығаруға құқылы 16 бағытты нақты айқындайды.** Оларға мыналар жатады:

- адамның құқықтары мен бостандықтары, жеке және заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі;
- меншік режимі, салық салу және республикалық бюджет;
- мемлекеттік органдарды ұйымдастыру негіздері, сот жүйесі және сот төрелігі;

- қорғаныс, қауіпсіздік, әкімшілік-аумақтық құрылыс және халықаралық шарттар мәселелері.

Бұл тізбенің бекітілуі мемлекет пен қоғамның қызмет етуінің құқықтық негіздерін қалыптастыруда дәл осы Құрылтайдың айқындаушы орган екенін баса көрсетеді.

Халықтың өміріне, конституциялық құрылысқа, экономикалық қауіпсіздікке қатер төнуі сияқты шұғыл ден қоюды талап ететін жағдайлар үшін **Үкіметтің заң жобаларына қатысты ерекше тәртіп қарастырылған.** Осындай ерекше жағдайларда Үкімет Құрылтай заң қабылдағанға дейін қолданылатын, заң күші бар уақытша актілер қабылдауға құқылы. Бұл мемлекеттің дағдарыстық жағдайларда жедел әрі икемді әрекет етуін қамтамасыз етеді.

**Жаңа Конституция жобасы бюджеттік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін** қорғаныс тетіктерін (предохранители) белгілейді: мемлекет кірістерінің азаюына немесе шығыстарының ұлғаюына әкеп соғатын заң жобалары үшін Үкіметтің оң қорытындысы қажет. Бұл қаржылық жағынан қамтамасыз етілмеген шешімдердің қабылдануын жоққа шығарады және фискалдық саясаттың үйлесімділігіне кепілдік береді.

Маңызды ерекшелік – Президенттің бастамасы, ол мұндай қорытындыны талап етпейді. Бұл оның негізгі мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуының кепілі ретіндегі рөлін айқындай түседі.

Бап **Үкіметке сенім білдіру** мәселесі арқылы заң шығарудағы тығырықтарды шешу тетігін енгізеді. Егер Үкіметтің заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр вотум (сенімсіздік білдіру) рәсімін бастауға құқылы.

Егер Құрылтай көпшілік дауыспен сенімсіздік білдірмесе, заң **автоматты түрде қабылданды** деп есептеледі. Бұл тетік ымыраға келуді ынталандырады және атқарушы биліктің саяси тұрақтылығын қамтамасыз етеді, сонымен бірге бұл құқықты

пайдалануды шектеу (жылына екі реттен көп емес) ықтимал теріс пайдаланушылықтардың алдын алады.

Құрылтай қабылдаған заң он күн ішінде Президентке қол қоюға беріледі. Сонымен қатар Құрылтай заң жобасын көпшілік дауыспен толықтай қабылдамай тастау құқығына ие, бұл заң шығару бастамашыларына қатысты тежемелік және теңгермелік құралы болып табылады.

### **61-бап**

**1. Құрылтай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар заң және қаулы қабылдайды.**

**2. Заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.**

**3. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.**

**4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен заңды қабылдайды.**

**Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.**

**5. Заңдар, Құрылтай қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Құрылтай қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.**

**6. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі заңмен және Құрылтай регламентімен реттеледі.**

Конституция жобасының 61-бабы Құрылтай қабылдайтын нормативтік құқықтық актілердің түрлерін, оларды бекіту және қолданысқа енгізу тәртібін айқындайды.

Бұл бөлім заң шығару қызметінің рәсімдік негізін бекітеді.

**Актілердің түрлері.** Құрылтай келесі актілерді қабылдайды:

- конституциялық заңдар;
- заңдар;
- қаулылар.

Актінің әрбір түрінің өз қолданылу аясы мен қабылдану тәртібі бар.

**Конституциялық заңдар.** Конституциялық заңдар тікелей Конституцияда көзделген мәселелер бойынша қабылданады.

Оларды қабылдау үшін білікті көпшілік дауыс – депутаттардың жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысы талап етіледі.

Дауыс берудің жоғарылатылған шегі:

- мұндай заңдардың ерекше маңыздылығын айшықтайды;
- қабылданатын шешімдердің кең ауқымды қолдауға ие болуын қамтамасыз етеді;
- мемлекеттің негізгі институттарын құқықтық реттеудің тұрақтылығына кепілдік береді.

**Жай заңдар.** Заңдар Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

Олар Конституцияда айқындалған қоғамдық қатынастардың кең ауқымын реттейді.

Заңның жалпы құрамның көпшілік дауысымен қабылдануы шешімнің өкілділігі мен заңдылығын (легитимділігін) қамтамасыз етеді.

**Қаулылар.** Құрылтай өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды.

Қаулылар, әдетте, мыналарды реттейді:

- Құрылтай қызметінің ұйымдастырушылық мәселелерін;
- ішкі жұмыс рәсімдерін;
- заң қабылдауды талап етпейтін жекелеген шешімдерді.

**Қолданысқа енгізу.** Қабылданған заң Президентке қол қою үшін жіберіледі.

Заңға қол қойылғаннан және ол ресми жарияланғаннан кейін, заңнамада көзделген тәртіппен және мерзімдерде қолданысқа енгізіледі.

Егер Президент заңды қарсылықтарымен қайтарса, Құрылтай оны белгіленген тәртіппен қайта қарауға құқылы.

Мұндай рәсім келесілерді қамтамасыз етеді:

- заң шығару процесінің құқықтық аяқталуын;
- заңның қолданысқа енуінің ресмилігі мен жариялылығын;
- қабылданған шешімдерді қосымша тексеруді.

## 62-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консультациядан кейін Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай келісімімен тағайындалатын лауазымға Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда **Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.**

3. Құрылтайды төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ алдыңғы таратудан кейінгі бір жыл ішінде немесе Конституцияның 51-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайда таратуға болмайды.

Конституция жобасының 62-бабы Құрылтайды таратудың негіздерін, тәртібін және шектеулерін айқындайды. Бұл институт мемлекеттік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және ұзаққа созылған саяси дағдарыстардың алдын алуға бағытталған.

**Тарату негіздері.** Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген жағдайларда – Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен ресми консультациялардан кейін, сондай-ақ «кадрлық тығырықтар» туындаған кезде Құрылтайды таратуға құқылы.

Мұндай негіздерге, атап айтқанда, мыналар жатады:

- Вице-Президент пен Премьер-Министрдің кандидатураларын келісуден қайта бас тартқан жағдайда;
- Конституциялық Сот судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) немесе Жоғары аудиторлық палата мүшелерінің кандидатураларын келісуден қайта бас тартқан жағдайда;
- Құрылтайдың Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартқан жағдайда.

Сондай-ақ егер Құрылтай депутаттары Президентті «мемлекетке опасыздық жасады» деген айыппен қызметінен кетірсе және бұл айып кез келген сатыда қабылданбай тасталса, бұл осы мәселеге бастамашы болған **депутаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғатынын** атап өткен жөн.

Құрылтайды тарату ерікті шара болып табылмайды. Ол заң шығарушы органның бұдан былайғы қалыпты жұмысы объективті түрде қиындаған немесе өкілді органның құрамын жаңартуды талап ететін институционалдық қақтығыс туындаған жағдайларда қолданылады.

**Шектеулер.** Тарату құқығы сөзсіз (шексіз) болып табылмайды және белгіленген шектеулерге бағынады.

Мына жағдайларда тарату мүмкін емес:

- **төтенше немесе соғыс жағдайы** кезеңінде;
- Президент өкілеттігі мерзімінің **соңғы алты айында**;
- алдыңғы таратудан кейін **бір жыл ішінде**;

- егер Мемлекет басшысы қызметінен мерзімінен бұрын кеткен жағдайда, **Президенттің міндеттерін оны уақытша алмастыратын тұлға** (Вице-Президент, Құрылтай Төрағасы немесе Премьер-Министр) атқарып жатса.

Шектеулерді белгілеу саяси тұрақтылықты қорғауға және мемлекеттік жауапкершілік жоғарылаған жағдайларда тарату рәсімін пайдалануға жол бермеуге бағытталған.

## V БӨЛІМ. ҮКІМЕТ

### 63-бап

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық етеді.
2. Үкімет – алқалы орган, ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Құрылтай алдында жауапты.
3. Үкімет мүшелері Конституцияның 56-бабының 17 тармақшасында көзделген жағдайда Құрылтайға есеп береді.
4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

**Қазақстан Үкіметі елдегі бүкіл атқарушы билікті басқарады**, мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіреді және заңдар мен мемлекеттік бағдарламаларды орындау үшін олардың қызметіне басшылық етеді.

Ол шешімдерді алқалы түрде қабылдайтын бірлескен орган ретінде әрекет етеді және өз жұмысы үшін Президент пен Құрылтай алдында жауапты болады.

**Үкіметтің жекелеген мүшелері Құрылтай алдында жауапты болады.** Атап айтқанда, Құрылтай Үкімет мүшелерінің есептерін тыңдауға және жұмыс нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған жағдайда (дауыс санының 2/3 бөлігімен), Президентке оларды қызметінен босату туралы ұсыныспен жүгінуге құқылы.

Конституциялық күші бар заң Үкіметтің өкілеттіктерін, сондай-ақ оны ұйымдастыру ережелері мен жұмыс тәртібін белгілей отырып, оның іс-қимылының заңдылығы мен үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

**64-бап**

1. Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.
2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныс енгізеді.
3. Үкімет мүшелері Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне ант береді.

Қазақстан Үкіметін Президент Конституцияда белгіленген рәсімдерге сәйкес құрады және оны қалыптастыру конституциялық талаптарға бағынады.

Бұл бап атқарушылық қызметке көшудің нақты тетігін қамтамасыз ету және жұмыс істеуге қабілетті мемлекеттік аппарат құру үшін қажет:

1. Жауапкершілікті белгілеу: ол Премьер-Министрге қатаң шектелген мерзімде команданы (құрылымы мен құрамын) жасақтау бойынша дербес міндет жүктейді.

2. Иерархияны айқындау: бап Президенттің ұсыныстар Премьер-Министрден түскеніне қарамастан, жоғары атқарушы органды жасақтайтын тұлға ретіндегі рөлін растайды.

3. Ресми мәртебе беру: ант беру арқылы Үкімет мүшелері халыққа және Ата Заңға адалдығын растайды, бұл олардың лауазымға заңды түрде кірісуі үшін қажет.

**65-бап**

**Үкімет:**

- 1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ісінің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

- 2) **Құрылтайға** республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;
- 3) **Құрылтайға** заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- 4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;
- 5) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу шараларын әзірлейді;
- 6) министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді;
- 7) Қазақстан Республикасының министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің толық немесе бір бөлігінде күшін жояды не қолданысын тоқтата тұрады;
- 8) мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық орган үшін қаржыландырудың және қызметкерлерге еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен бекітеді;
- 9) өзіне Конституциямен, заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Бұл бап Үкімет қызметінің **құқықтық іргетасы** болып табылады. Аталған норма мемлекеттік тыныс-тіршіліктің нақты қай салаларына атқарушы билік жауапты екенін айқын ажыратады және мемлекеттің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті ықпал ету құралдарын (бюджет, нормативтік актілер, министрліктерге басшылық жасау және т.б.) белгілейді.

Осы ережелер шеңберінде Үкіметке әлеуметтік-экономикалық саланы, қорғаныс қабілеті, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелерін қамтитын мемлекеттік саясаттың негізгі

**бағыттарын әзірлеу және іс жүзінде іске асыруды ұйымдастыру бойынша өкілеттіктер беріледі.**

Мемлекеттік басқару жүйесінде бюджеттік-қаржылық өкілеттіктер ерекше орын алады, оған сәйкес **Үкімет республикалық бюджетті жасақтап, Құрылтайдың қарауына ұсынып қана қоймай, оның атқарылуы мен тиісті есептердің берілуіне де жауапты болады.** Орган заң шығару бастамасы құқығы және қабылданған заңдардың республиканың бүкіл аумағында мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі тікелей міндеті арқылы заң шығару процесіне белсенді түрде кіріктірілген.

Үкіметке төмен тұрған органдар актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұру құқығы бекітіледі, **бұл атқарушылық вертикалдың бірлігін және заңдылық қағидатының сақталуын қамтамасыз етеді.** Бұдан бөлек, Үкімет мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады және елдің сыртқы саяси курсын іске асыру бойынша нақты шараларды тұжырымдайды.

Маңызды аспектілердің бірі – Үкіметтің мемлекеттік аппараттың әлеуметтік стандарттарын реттеудегі рөлі, бұл Президентпен келісім бойынша барлық бюджеттік ұйымдар үшін қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітуден көрініс табады.

Осылайша, ұсынылып отырған өзгерістер Үкіметтің мемлекеттік саясатты іске асыру орталығы ретіндегі стратегиялық рөлін сақтай отырып, оның есептілігін күшейтеді, жоспарлау жүйесін реттейді және артық конституциялық нормаларды жояды.

## **66-бап**

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:**

**1) Үкімет қызметін ұйымдастырады және басқарады, оның жұмысы үшін дербес жауап береді;**

- 2) Үкімет қаулысына қол қояды;
- 3) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның барлық аса маңызды шешімдері туралы Президент пен Құрылтайға баяндайды;
- 4) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басқаруға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

Қазақстанның Премьер-Министрі Үкімет жұмысына басшылық етеді және оның нәтижелері үшін дербес жауапты болады. Ол қаулыларға қол қояды, Президентке және Құрылтайға Үкіметтің негізгі бағыттары мен шешімдері туралы баяндайды, сондай-ақ атқарушы билік қызметін ұйымдастырумен және басқарумен байланысты өзге де функцияларды орындайды.

### 67-бап

1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде дербес шешім қабылдайды және өзіне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Премьер-Министр алдында дербес жауап береді. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны іске асырмайтын Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не лауазымынан босатылуға тиіс.
2. Үкімет мүшелерінің өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің лауазымдық міндеті болатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ.

Үкіметтің әрбір мүшесі өз өкілеттіктері шеңберінде шешімдерді дербес қабылдайды және Премьер-Министр алдында бағынысты органдардың жұмысы үшін жауап береді. Егер Үкімет мүшесі жүргізіліп жатқан саясатпен келіспесе

немесе оны іске асыруға қатыспаса, ол отставкаға берілуі тиіс немесе қызметінен босатылуы мүмкін.

Үкімет мүшелері бір мезгілде депутат бола алмайды, ақы төленетін лауазымдарды иеленуге (ғылыми, оқытушылық немесе шығармашылық жұмыстан бөлек), кәсіпкерлікпен айналысуға немесе егер бұл заң бойынша олардың лауазымдық міндеттерінде көзделмесе, коммерциялық ұйымдардың басқару органдарына кіруге құқығы жоқ. Мұндай тыйым олардың тәуелсіздігін қамтамасыз етеді және мүдделер қақтығысына жол бермейді.

### **68-бап**

- 1. Үкімет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулы шығарады.**
- 2. Премьер-Министр Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар өкім шығарады.**
- 3. Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келмеуге тиіс.**

Қаулылар – ел дамуының негізгі мәселелері бойынша Үкіметтің бүкіл құрамының алқалы шешімдері. Қаулылар арқылы заңдар мен Президент актілерінің іске асырылуы, сондай-ақ бүкіл атқарушы билік жүйесінің үйлесімді қызметі қамтамасыз етіледі.

Премьер-Министрдің өкімдері негізінен әкімшілік-өкімдік және жедел мәселелерге – мысалы, лауазымды тұлғаларды тағайындау мен босатуға немесе мемлекеттік органдардың басшыларына тапсырмалар беруге қатысты болады. Бұл актілер ағымдағы және жедел басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте Үкімет қаулылары да, Премьер-Министрдің өкімдері де Конституцияға, заңдарға және Президент актілеріне сәйкес келуге тиіс. Олар қолданыстағы заңнамаға қайшы келмеуі немесе оны айналып өтпеуі керек, бұл атқарушы билік жүйесіндегі заңдылықты, нормативтік актілердің иерархиясын және құқық үстемдігін кепілдендіреді.

### 69-бап

1. Үкімет жаңадан **сайланған Құрылтай** алдында өз өкілеттігін доғарады.
2. Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі орындау мүмкін емес деп есептесе, Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы мәлімдеме беруге құқылы.
3. Құрылтай Үкіметке **сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда** Үкімет Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы мәлімдейді.
4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Қазақстан Республикасының Президенті он күн ішінде қарайды.
5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.
6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті оған міндеттерін одан әрі атқаруды тапсырады.
7. Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін лауазымынан босатуға құқылы. Премьер-Министрді лауазымынан босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

Үкімет жаңадан сайланған Құрылтай алдында өз өкілеттіктерін доғарады, бұл атқарушы биліктің өкілді

органның жаңа құрамымен институционалдық байланысын және оған есептілігін қамтамасыз етеді.

Егер міндеттерді бұдан былай орындау мүмкін болмаса, бүкіл **Үкімет немесе оның кез келген мүшесі Президентке отставкаға кету туралы өтініш беруге құқылы**. Сонымен қатар Құрылтай сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда, Үкімет отставкаға кету туралы мәлімдеуге міндетті, бұл Құрылтай алдындағы саяси жауапкершілік тетігін бекітеді.

**Отставканы қабылдау Үкіметтің немесе тиісті министрдің өкілеттіктері тоқтатылғанын білдіреді**. Егер Премьер-Министр отставкаға кетсе, бүкіл Үкіметтің өкілеттіктері автоматты түрде тоқтатылады. Отставка қабылданбаған жағдайда, Президент мемлекеттік басқарудың үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, міндеттерді атқаруды жалғастыруды тапсырады.

Президент сондай-ақ өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттіктерін тоқтатуға немесе оның кез келген мүшесін қызметінен босатуға құқылы. Премьер-Министрді қызметінен босату бүкіл Үкіметтің өкілеттіктерінің тоқтатылуына әкеп соғады, бұл атқарушы биліктің және жалпы мемлекеттік билік жүйесінің үйлесімді әрі тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## VI БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ

### 70-бап

1. Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.
2. Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.
3. Қазақстан Халық Кеңесін құру, оның құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттігі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады.

### 71-бап

Қазақстан Халық Кеңесі:

- 1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;
- 2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;
- 3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;
- 4) конституциялық заңға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстандағы конституциялық реформа аясында жаңа жоғары консультативтік орган – **Қазақстан Халық Кеңесі құрылады. Халық Кеңесін** жалпыұлттық диалог алаңы ретінде қалыптастыру бастамасын Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев Қызылорда қаласында өткен V Ұлттық құрылтайда көтерді.

**Халық кеңесінің мәртебесі** Конституцияда құқықтық жағдайы мен өкілеттіктерін айқындатын жеке бөлім ретінде бекітіледі. Осы арқылы қоғам мен мемлекет арасындағы диалог тетіктері **институционалдық деңгейге** шығарылады. **Халық**

**кеңесінің қызметі** жалпыұлттық бірлікті нығайтуға, қазақстандық бірегейлікті дамытуға және қоғамды топтастыруға бағытталады.

**Халық Кеңесінің құрамына** елдегі барлық этностардың, әлеуметтік топтар мен өңірлердің өкілдері кіреді. Жалпы саны – 126 адам, оның ішінде:

- 42 адам этномәдени бірлестіктерден;
- 42 адам ірі қоғамдық ұйымдардан;
- 42 адам мәслихаттар мен өңірлік қоғамдық кеңестер.

**Халық Кеңесінің мүшелерін** Қазақстан Президенті тағайындайды. **Кеңес Төрағасы** оның мүшелері арасынан сайланады. Халық Кеңесінің **жоғары органы** – сессия, ол кемінде жылына бір рет шақырылады. Халық Кеңесі – Народный Совет Төрағасының ротациялық негізде қоғамдық бастамамен тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық басшысы болады.

**Халық Кеңесі – мемлекет пен қоғам арасындағы жүйелі диалогтың жаңа форматы.** Ол бір мезгілде екі қоғамдық-консультативтік органның – Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы Ассамблеясының орнын басады. Сонымен қатар Халық Кеңесіне Ассамблеяның этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелері бойынша негізгі функциялары беріледі.

Осылайша, Халық Кеңесі АНК мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық рөлін сақтай отырып, қоғамның бірлігі мен тұтастығын нығайтуға бағытталған негізгі қоғамдық-саяси құрылымдарды бір алаңға біріктіреді.

**Халық Кеңесіне заң шығару** бастамасы құқығы беріледі. Халық кеңесі өз қызметі аясында ішкі саясаттың негізгі бағыттары бойынша, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, жалпыұлттық құндылықтар мен мемлекеттің қызмет қағидаттарын ілгерілету мәселелері жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді, сондай-ақ

жалпыхалықтық референдум өткізу туралы бастама көтере алады.

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ**

Мемлекеттік биліктің жоғары органдары жанынан консультативтік және кеңесші құрылымдар құру тәжірибесі шетел мемлекеттерінде кең таралған. Мұндай тетіктер мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты институционалдық деңгейде орнықтыруға бағытталған. Әдетте, бұл органдарға биліктік өкілеттіктер берілмейді, олар сараптамалық-кеңес беру және үйлестіру функцияларын атқарады.

Қытай Халық Республикасында саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдерін біріктіретін Қытай халықтық саяси консультативтік кеңесі жұмыс істейді. Кеңес мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын талқылауға және билік органдарына ұсынымдар әзірлеуге қатысады. Саяси консультативтік кеңестің Бүкілқытайлық комитеті әр шақырылым бойынша бес жыл мерзімге құрылады, ал оның сессиясы жылына бір рет өткізіледі.

Испанияда мемлекеттік билік органдарының тиімді жұмыс істеуі мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында құрылған Мемлекеттік кеңес қызмет атқарады. Ол Үкімет жанындағы ең жоғары консультативтік орган және заң жобаларына, нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ мемлекеттік басқару мәселелеріне қорытындылар береді. Кеңес құрамына тағайындалатын мүшелер мен атқарушы билік өкілдері кіреді. Негізгі міндеті – қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен сапасын қамтамасыз ету үшін Үкіметке құқықтық кеңес беру.

Францияда Үкімет пен Парламент жанындағы Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық кеңес жұмыс істейді. Оның құрамына кәсіби қауымдастықтардың, кәсіподақтардың және азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері

енеді. Кеңес конституциялық консультативтік орган болып саналады және Ұлттық жиналыс пен Сенаттан кейінгі үшінші палата ретінде қабылданады. Ол әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелер бойынша заңдарды әзірлеу кезінде Үкімет пен Парламентке кеңес береді, сондай-ақ азаматтық қоғам өкілдері арасындағы диалогқа арналған институционалдық алаң қызметін атқарады.

Осылайша, Қазақстан Халық Кеңесін құру мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың консультативтік тетіктерін қалыптастыру жөніндегі халықаралық тәжірибеге толық сәйкес келеді. Бұл қадам қоғамдық қатысуды кеңейтуге және мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша салмақты ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.

## VII БӨЛІМ. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ

### 72-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган.

2. Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады. Олардың өкілеттік мерзімі – сегіз жыл.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот судьясы болып тағайындалмайды.

3. Конституциялық Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және ол өкілеттік мерзімі ішінде Конституциялық Сот судьясы да болады.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

4. Конституциялық Сот судьяларын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьялары арасынан Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Конституциялық Сот судьясының депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

6. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі ішінде тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп

әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

**7. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы және қызметі конституциялық заңмен реттеледі.**

1. Конституция жобасы **Конституциялық Соттың рөлін күшейтеді**, оның **тәуелсіз мемлекеттік орган** ретіндегі мәртебесін бекітіп, конституциялық бақылауды жүзеге асыруын және елдің бүкіл аумағында Негізгі заңның үстемдігін қамтамасыз етуін айқындайды.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бірқатар еуропалық мемлекеттерде конституциялық соттар сот жүйесінің құрамына кірмейді, керісінше конституциялық бақылауды жүзеге асыратын дербес әрі тәуелсіз органдар ретінде қызмет атқарады. Мәселен, **Германияның** Федералдық конституциялық соты жалпы соттар жүйесіне жатпайды. Ұқсас тәсіл **Аустрияда** да жүзеге асырылған.

2. Бір тұлға Конституциялық Соттың судьясы болып бір реттен артық тағайындала алмайды. **«Бір мерзім» қағидаты**, яғни бір ғана тағайындау туралы ереже Конституциялық Сот құрамының тұрақты әрі кезең-кезеңімен жаңартылып отыруын қамтамасыз ету үшін енгізіледі.

3. Жаңа редакцияда **Конституциялық Сот Төрағасы** өз өкілеттік мерзімі ішінде **бір мезгілде Конституциялық Соттың судьясы болып табылатыны** туралы ереже бекітіледі, бұл оның конституциялық сот төрелігін жүзеге асыруға тең дәрежеде қатысатынын айқындайды. Сонымен қатар **бір тұлға бұл лауазымды бір реттен артық атқара алмайтыны** жөнінде шектеу белгіленеді, бұл Сот басшылығының өкілеттіктерін шоғырландырудың алдын алуға бағытталған.

4. **Конституциялық Сот судьяларын тағайындау тәртібі** өзгереді. Қолданыстағы редакцияға сәйкес судьяларды әртүрлі субъектілер – Президент, Сенат және Мәжіліс

тағайындайды. Жаңа Конституция жобасына сәйкес судьялар Президенттің тағайындауымен және Құрылтайдың келісімімен қызметке кіріседі. Мұндай тәсіл конституциялық бақылаудың жоғары органының құрамын қалыптастырудың ашық әрі бірыңғай тетігін қамтамасыз етіп, оның легитимділігі мен тәуелсіздігін күшейтеді.

5. Ұсынылып отырған редакция **Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларының қолсұғылмаушылық кепілдіктерін нақтылайды.** Өкілеттік мерзімі ішінде олар Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімінсіз ұстала алмайды, жауаптылыққа тартылмайды және өзге де мәжбүрлеу шараларына ұшыратылмайды, **қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларды** қоспағанда.

6. Депутаттық мандатпен, өзге де ақы төленетін қызметпен, кәсіпкерлік қызметпен және коммерциялық ұйымдарға қатысумен үйлестіруге тыйым салу саяси, экономикалық және жеке мүдделердің ықпалын болдырмайды.

Олардың оқытушылық, ғылыми және шығармашылық қызметпен айналысуына рұқсат берілуі осы қызметтердің **коммерциялық емес және тәуелсіз сипатымен** негізделеді, сондай-ақ құқықтық ғылымның дамуына және теория мен практиканың байланысын нығайтуға ықпал етеді.

7. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы мен қызметі Конституция ережелерін нақтылайтын **арнайы конституциялық заңмен** реттеледі. Бұл заң Сот құрамын қалыптастыру тәртібін, судьяларға қойылатын талаптарды, олардың құқықтық мәртебесін, сондай-ақ істерді қарау және шешім қабылдау рәсімдерін айқындайды. Сонымен бірге конституциялық заң Конституциялық Сот шешімдерін орындау тәртібін белгілеп, оның конституциялық бақылауды жүзеге

асыратын тәуелсіз орган ретіндегі тиімді қызметін қамтамасыз етеді.

Жобада ұсынылған өзгерістер Конституциялық Соттың тек нормативтік құқықтық актілердің сәйкестігін тексеретін орган ретінде ғана емес, сонымен қатар Конституцияны, адамның құқықтары мен бостандықтарын және мемлекеттік биліктің тепе-теңдігін қорғаудың орталық институты ретінде қабылдануына бағытталған. Оның мәртебесін бекіту, Төрағаның рөлін нақтылау, қалыптастыру тәртібін өзгерту және тәуелсіздік кепілдіктерін күшейту құқықтық мемлекет стандарттарына сай келетін айтарлықтай орнықты әрі тиімді конституциялық бақылау моделін қалыптастырады.

### **73-бап**

**1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:**

**1) дау туындаған жағдайда Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын және жалпыхалықтық референдумды өткізудің дұрыстығы мәселесін шешеді;**

**2) Президент қол қойғанға дейін Құрылтай қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;**

**3) Құрылтай қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;**

**4) халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;**

**5) халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің орындалуының Конституцияға сәйкестігін қарайды;**

**6) Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді;**

**7) Конституцияның 50-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.**

2. Конституциялық Сот Конституцияның 46-бабының 11) тармақшасында көзделген жағдайда – **Президенттің өтінішін**, сондай-ақ Конституцияның 79-бабында белгіленген жағдайда соттың өтінішін қарайды.

3. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституцияда көзделген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін **олардың өтініштері** бойынша қарайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін **Бас Прокурордың өтініші** бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін **Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің** өтініші бойынша қарайды.

6. Конституциялық Сот Конституцияның 50-бабының 1-тармағында және 51-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларда **қорытынды береді**.

1. Конституциялық Сот тікелей халық билігінің легитимділігін қамтамасыз етеді: ол Президентті, Құрылтай депутаттарын сайлаудың және республикалық референдумның дұрыс өткізілуіне қатысты дауларды қарайды, рәсімдердің заңдылығын және конституциялық талаптардың сақталуын тексереді.

Заң шығару саласында Сот алдын ала конституциялық бақылауды жүзеге асырады: Құрылтай қабылдаған заңдарды Президент қол қойғанға дейін тексеріп, нормалардың мазмұнын

ғана емес, оларды қабылдау рәсімін (дауыс беру тәртібі, міндетті қорытындылар және т.б.) де талдайды. Сонымен қатар Құрылтай қаулыларын тексеру жөніндегі өкілеттіктері кеңейтілді, бұл **Құрылтайдың жауапкершілігін арттырады** және конституциялық өкілеттіктер шегінен шығу тәуекелін төмендетеді.

Халықаралық-құқықтық және конституциялық кепілдіктер саласында Конституциялық Сот халықаралық шарттарды ратификацияға дейін қарайды әрі халықаралық ұйымдар шешімдерінің орындалу мүмкіндігін Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан бағалайды, **ішкі конституциялық тәртіптің басымдығын қорғайды.**

Сондай-ақ ол Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді, **Негізгі заңның біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді**, және Конституцияда көзделген жағдайларда Президентті мерзімінен бұрын босату немесе қызметінен шеттету мәселелері бойынша рәсімдердің сақталуы туралы қорытынды шығарады, **саяси астары бар немесе рәсімдік тұрғыдан заңсыз шешімдердің алдын алады.**

2. Конституциялық Сот Конституцияның 46-бабының 11) тармақшасында қарастырылған жағдайларда Президенттің өтініштерін қарайды. Бұл – кейінгі конституциялық бақылау деп аталатын тетік. Оған сәйкес, Президент егер **азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, ұлттық қауіпсіздікке, мемлекеттің егемендігіне немесе аумақтық тұтастығына қатер төнгенін көрсе**, күшіне еніп қойған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні Конституциялық Сотқа жіберуге құқылы. Осылайша, Президент Конституцияның кепілі ретінде конституциялық құрылым негіздерін қорғаудың пәрменді құралына ие болады.

Сонымен қатар Конституциялық Сот Конституцияның 79-бабына сәйкес соттардың өтініштерін қарайды. Егер сот нақты істі қарау барысында қолданылуға тиіс заң конституциялық

құқықтар мен бостандықтарды шектейді деген қорытындыға келсе, ол іс жүргізуді тоқтата тұрып, Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті. Бұл адам құқықтарын қорғаудың аса маңызды тетігі болып табылады: **сот күмәнді норманы қолданбай, оның конституциялылығын тексеруді бастамашы етеді.**

3. Қазақстан Республикасының азаматтары нормативтік құқықтық акт олардың **конституциялық құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсер ететін** жағдайда Конституциялық Сотқа жүгінуге құқылы. Бұл Сотты конституциялық емес заңдардан немесе заңға тәуелді актілерден адамды тікелей қорғау құралына айналдырады.

Жүгіну тәртібі конституциялық заңмен айқындалады: азамат актінің нақты өз құқықтарына әсер ететінін дәлелдеуге тиіс, ол даудың абстрактілі нысанасы болмауы керек. Мұндай модель **азаматтардың конституциялық сот төрелігіне қолжетімділігін арттырады** және жүйені жеке конституциялық шағымның халықаралық стандарттарына жақындатады.

4. **Бас Прокурор** ратификацияға дейін халықаралық шарттарды тексеру, халықаралық ұйымдар шешімдерінің орындалуы, сондай-ақ Конституция нормаларын ресми түсіндіру мәселелері бойынша Конституциялық Сотқа жүгінуге құқылы. Бұдан бөлек, ол нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы мәселе қоя алады.

Бұл конституциялық заңдылық кепілдіктерінің жүйесін кеңейтеді. Прокуратура заңдылықтың сақталуын қадағалай отырып, **мемлекет пен қоғам мүдделері қозғалған кезде** қосымша қорғау тетігіне ие болады.

5. **Адам құқықтары жөніндегі уәкіл** нормативтік құқықтық актілер азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына әсер еткен жағдайда Конституциялық Сотқа жүгінуге құқылы. Бұл адам құқықтарын

институционалдық қорғауды күшейтеді, өйткені омбудсмен азаматтардың, әсіресе әлеуметтік тұрғыдан осал санаттардың мүддесі үшін әрекет етеді. Егер омбудсмен белгілі бір заңның немесе заңға тәуелді актінің конституциялық кепілдіктерді бұзатынын анықтаса, ол **жеке өтініштерді немесе сот дауларын күтпей-ақ** оны тексеруді бастамашы ете алады.

6. Конституциялық Сот Конституция жобасының 50 және 51-баптарында көзделген жағдайларда қорытынды береді. Егер Президент өз еркімен отставкаға кетсе, ол Конституциялық Сотқа өтініш береді, ал Сот **өтініштің жеке өзі және ерікті түрде берілгенін** куәландырады. Тек Сот қорытындысынан кейін Президент қызметінен босатылған болып есептеледі.

Сол сияқты, Президент өкілеттіктері өтуге тиіс тұлға (Вице-Президент, Құрылтай Төрағасы немесе Премьер-Министр) бұл өкілеттіктерді қабылдаудан бас тартса, ол **Конституциялық Сотқа өтініш береді**. Сот мұндай бас тартудың еріктілігін куәландырып, қорытынды шығарады. Бұл рәсімдер жоғары мемлекеттік билікті беру кезінде **құқықтық айқындық пен тұрақтылықты** қамтамасыз етіп, қабылданатын шешімдердің легитимділігіне күмән туындауын болдырмайды.

## 74-бап

1. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуі, Құрылтайдың сайланған депутаттарын тіркеу, жалпыхалықтық референдум қорытындысын шығару **тоқтатыла тұрады**.

2. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша **Конституциялық Сотқа өтініш берілген жағдайда тиісті**

актілерге қол қою не оларды ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

**3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімде шығарады.**

1. Егер Конституциялық Сотқа Президентті сайлау, Құрылтай депутаттарын сайлау немесе бүкілхалықтық референдумды өткізудің дұрыстығына қатысты дау жөнінде өтініш келіп түссе, барлық **қорытынды іс-қимылдар уақытша тоқтатылады**. Бұл сайланған Президенттің қызметіне кіріспейтінін, депутаттардың тіркелмейтінін, ал референдум нәтижелерінің Сот шешімі шыққанға дейін ресми түрде шығарылмайтынын білдіреді.

Мұндай тетік **биліктің легитимдігін қорғайды**. Егер сайлау немесе дауыс беру рәсіміне қатысты дау туындаса, мемлекет алдымен олардың заңдылығын құқықтық тұрғыдан айқындауға міндетті. Бұл саяси тұрақсыздық тәуекелін төмендетіп, қоғамның сайлау мен референдум қорытындыларына деген сенімін нығайтады. Осы жағдайда Конституциялық Соттың шешімі процестің **қорытынды құқықтық бағасы** болып табылады.

2. Егер өтініш заңға оған қол қойылғанға дейін немесе халықаралық шартқа ратификацияға дейін тексеру жүргізуге қатысты болса, **белгіленген мерзімдердің өтуі автоматты түрде тоқтатылады**. Бұл қол қоюға немесе ратификациялауға бөлінген уақыттың істі қарау кезеңінде уақытша «тоқтайтынын» білдіреді. Егер заңның немесе халықаралық міндеттеменің Конституцияға сәйкестігіне күмән туындаса, мемлекет құқықтық баға берілгенге дейін оларды қабылдау рәсімін аяқтамауға тиіс. Шешім шығарылғаннан кейін мерзімдер қайта жалғасады және акт конституциялық емес деп танылған жағдайда процесс не жалғасады, не тоқтатылады.

3. Конституциялық Сот конституциялық заңда белгіленген мерзімдерде шешім қабылдауға міндетті. Бұл істі қарау ұзақтығы Сот қызметін реттейтін арнайы заңмен айқындалатынын, алайда Конституцияның өзі мерзімдердің міндеттілігі мен шектелуі қағидатын бекітетінін білдіреді. Нақты уақыт шектерін белгілеу процестердің созылып кетуіне жол бермейді және мемлекеттік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бір жағынан, Сот мәселені Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан жан-жақты тексеруге тиіс, екінші жағынан – билік органдары қызметінің тоқтап қалуына жол бермеуі қажет. Осылайша, 74-бап конституциялық бақылаудың жеделдігі мен сапасы арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

### 75-бап

1. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не ратификацияланбайды және олар қолданысқа енгізілмейді.

2. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап қолданысын тоқтатады және қолданылмауға тиіс.

Конституциялық Сот берген түсіндірмеде Конституцияға сәйкес келеді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері осы түсіндірмедегідей қолданылуға тиіс.

3. Конституциялық Сот орындалуы Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері, оның ішінде жекелеген ережелері орындалмауға тиіс.

**4. Конституциялық Сот шешімдері қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болады және оларға шағым жасалмайды.**

1. Егер заң немесе халықаралық шарт Конституцияға сәйкес емес деп танылса, ол қол қойылуға, ратификациялануға немесе қолданысқа енгізілуге жатпайды. Бұл мұндай актінің заңды күші болмайтынын және қолданыстағы құқықтың құрамдас бөлігіне айналмайтынын білдіреді.

Егер заң немесе халықаралық міндеттеме Негізгі заңға қайшы келсе, олардың ешқайсысы қолданылмайды. Конституция заңдар мен халықаралық шарттардан жоғары тұрады, ал конституциялық бақылау тетігі құқықтық жүйеде конституциялық қағидаттарды бұзатын нормалардың пайда болуына жол бермейді.

2. Егер заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт (не оның жекелеген ережелері) қолданыста болып, кейіннен конституциялық емес деп танылса, олар Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен бастап немесе Сот көрсеткен өзге күннен бастап күшін жояды. Бұл мұндай нормалардың бұдан былай соттар мен мемлекеттік органдар тарапынан қолданылмайтынын білдіреді.

Алғаш рет конституциялық деңгейде Конституциялық Соттың түсіндіруінде Конституцияға сәйкес деп танылған заң нормалары дәл сол түсіндіруде ғана қолданылуға тиіс екені бекітіледі. Бұл заң әртүрлі түсіндіруге жол берсе, Сот оның конституциялық тұрғыдан жол берілетін мәнін айқындап, өзге қолдану тәсілдеріне тыйым сала алатынын білдіреді.

Осылайша, Конституциялық Сот мемлекеттік органдар мен соттарға заңды қалай дұрыс түсіну және қолдану қажеттігін бағыттап, ерікті түсіндіру мен адам құқықтарының шектелуіне

жол бермейді. Бұл құқық қолдану практикасының **бірізділігін және Конституцияның үстемдігін** қамтамасыз етеді.

3. Жеке тармақ енгізіліп, оған сәйкес Конституцияға сәйкес емес деп танылған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері орындалуға жатпайды. Бұған дейін мұндай норма Конституцияда тікелей көзделмеген еді, бұл халықаралық міндеттемелер мен ұлттық құқық арасындағы қайшылықтар туындаған жағдайда құқықтық түсініксіздікке әкелетін.

Енді бұл мәселе реттелді, өйткені Конституция ең жоғары заңдық күшке ие. Егер **сыртқы шешім конституциялық қағидаттарды бұзса, мемлекет оны орындамауға құқылы.**

4. Конституциялық Соттың шешімдері қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар үшін міндетті болып табылады және шағымдануға жатпайды. Бұл олардың **конституциялық бақылау жүйесіндегі ең жоғары заңдық күшін** айқындайды.

Шешімдердің түпкіліктілігі құқықтық айқындық пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Шешім шығарылғаннан кейін дау шешілді деп есептеледі және оны ешбір өзге орган қайта қарай алмайды. Осылайша, Конституциялық Сот заңдар мен өзге де актілердің Конституцияға сәйкестігі мәселелерінде түпкілікті төреші болып табылады.

## VIII БӨЛІМ. СОТ ТӨРЕЛІГІ. ПРОКУРАТУРА. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ

### 76-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады.
2. Сот билігі сот ісін жүргізудің заңда белгіленген **азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де** нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен өтеді.
3. Қазақстан Республикасының соттары – **Жоғарғы Сот**, заңмен құрылған **жергілікті және басқа да** соттар.
4. Қазақстан Республикасының сот жүйесі **Конституцияда және конституциялық заңда** белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасында сот төрелігі тек соттар арқылы жүзеге асырылады. Бұл заңдылық, кінәлілік және әділдік туралы шешімдерді тек белгіленген сот жүйесі шеңберінде судьялар ғана қабылдай алатынын, ал өзге мемлекеттік органдардың немесе жеке тұлғалардың мұндай өкілеттіктерге ие еместігін білдіреді. Сот жүйесіне Жоғарғы Сот, жергілікті және заң негізінде ғана құрылатын өзге де соттар кіреді. Басқаша айтқанда, соттардың құрылымы заңнамамен айқындалады, ал белгіленген тәртіптен тыс сот органдарын құруға жол берілмейді. Сот жүйесінің ұйымдастырылуы мен құрылысы Конституциямен және конституциялық заңмен белгіленеді. **Кез келген атаумен арнайы немесе төтенше соттарды құруға тікелей тыйым салынады**, бұл сот төрелігінің бірыңғай стандарттарын қамтамасыз етуге және кезектен тыс немесе саяси астары бар сот органдарының пайда болуына жол бермеуге бағытталған.

**2021 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне (бұдан әрі – ӘРПК) қол қойылды. ӘРПК-ны қабылдаудың мақсаты – сот жүйесіне әкімшілік әділетті енгізу және мамандандырылған әкімшілік соттарды құру болды. Жаңа ӘРПК азаматтардың мемлекеттік органдармен сот даулары барысында құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін енгізді, сондай-ақ азаматтардың билік органдары шешім қабылдау процесіне қатысуына мүмкіндік беретін кепілдіктерді белгіледі. Тәжірибе көрсеткендей, мамандандырылған соттар құқықтық мемлекетті дамытудағы маңызды қадамға айналып, қазақстандық азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау тиімділігін арттырды.**

**Конституцияның жаңа редакциясында сот билігі әкімшілік сот ісін жүргізу арқылы да жүзеге асырылады деген норманы бекіту ұсынылады. Бұл норма құқықтарды қорғау мен заң үстемдігі қағидатын қосымша кепілдікпен қамтамасыз етеді және оны сот билігінің тұрақты әрі міндетті элементі мәртебесін береді. Әкімшілік соттар мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметіне соттық бақылау тетігі ретінде әрекет етіп, жеке тұлғаның құқықтарын қорғаудың қосымша процессуалдық кепілдіктерін қалыптастырады және заң үстемдігі қағидатын декларативті түрде емес, тиімді сот рәсімі арқылы іске асырады.**

**Әкімшілік сот ісін жүргізу және мамандандырылған әкімшілік соттар нысанында жұмыс істейтін әкімшілік әділет институты көптеген елдерде бар. Мысалы, Францияда, Германияда, Польшада, Чехияда, Қытайда және басқа да мемлекеттерде әкімшілік соттардың дербес жүйесі жалпы юрисдикция соттарынан бөлінген. Бұл соттың азаматтардың құқықтарын қорғаудағы белсенді рөлін күшейтіп, конституциялық кепілдіктердің тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.**

### 77-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, ол адамның, азаматтың, ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, сондай-ақ Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын мақсат етеді.
2. Сот билігі Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдануға байланысты туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.
3. Сот шешімінің, үкімі мен өзге де қаулысының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында **міндетті күші бар**.

Сот билігі мемлекет атынан жүзеге асырылады және азаматтардың, ұйымдардың және өзге де тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сондай-ақ Конституцияның, заңдардың, нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Ол құқықтық нормаларды қолдану барысында туындайтын барлық істер мен дауларды қамтиды, бұл қақтығыстар мен құқықтық келіспеушіліктерді шешудің бірыңғай әрі болжамды тетігін кепілдік береді.

Соттардың барлық шешімдері, үкімдері мен қаулылары елдің бүкіл аумағында орындалуға міндетті. Бұл құқық үстемдігін, құқық қолдану практикасының бірізділігін және сот актілерін азаматтар да, мемлекеттік билік органдары да мүлтіксіз орындауға тиіс екенін қамтамасыз етеді.

### 78-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде **тәуелсіз болады** және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асырған кезде соттың қызметіне мүлдем араласуға болмайды және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келеді. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді.
3. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде мына қағидаттарды басшылыққа алуға тиіс:
  - 1) ешкімнің өзіне заңда көзделген соттылығын оның келісімінсіз өзгертуге болмайды;
  - 2) сотта әр адамның өз сөзін тыңдатуға құқығы бар;
  - 3) айыпталушы өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге міндетті емес;
  - 4) адамның кінәлі екеніне қатысты кез келген күмән айыпталушының пайдасына қарастырылады;
  - 5) заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ. Ешкімді өзінің жеке мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды;
  - 6) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.
4. Конституцияда белгіленген сот төрелігі қағидаттары Қазақстан Республикасының барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай.

Судья өз қызметін дербес жүзеге асырады және тек Конституция мен заңға ғана бағынады, бұл қабылданатын шешімдердің объективтілігі мен бейтараптығын қамтамасыз етеді. Сот қызметіне қандайда бір араласуға жол берілмейді және ол заңды жауаптылыққа әкеп соғады, ал судьялар нақты істер бойынша өзге органдарға немесе лауазымды тұлғаларға есеп бермейді.

Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде судьялар негізгі қағидаттарды сақтауға міндетті: соттылық тараптың келісімінсіз өзгертілмейді; процестің әрбір қатысушысы тыңдалуға құқылы; айыпталушы өз кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес; күмәнді жағдайлар оның пайдасына түсіндіріледі; заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күші болмайды; қылмыстық заң ұқсастығы бойынша қолданылмайды.

Бұл нормалар Қазақстан Республикасының барлық соттары мен барлық судьялары үшін міндетті болып табылады және әділдік пен заңдылықтың бірыңғай стандарттарын, жеке тұлға құқықтарының басымдығын әрі халықаралық тәжірибеге сәйкес әмбебап құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етеді.

### 79-бап

**Соттардың адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ.**

Егер сот қолданылуға тиіс заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, ол **іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес** деп тану туралы ұсынумен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.

Соттар Конституциямен кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды бұзатын заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ. Егер сот мұндай бұзушылықты анықтаса, ол істі қарауды тоқтатуға және тиісті актінің конституциялылығын тексеру үшін мәселені Конституциялық Сотқа жолдауға міндетті.

### 80-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек қана заңда белгіленген негіздермен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Судьяны қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, тиісінше Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Құрылтайдың

келісімінсіз оны ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын **әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға** болмайды.

3. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

4. Судьяның депутат мандатын қатар алып жүруіне, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруына, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруіне болмайды.

Аталған норма әділ сот төрелігінің негізгі кепілдігі ретінде судьялардың тұрақтылығы мен тәуелсіздігі қағидатын бекітеді. Судьялар сот билігінің кәсіби жүзеге асырушылары болып табылады, сот төрелігін мемлекет атынан тұрақты негізде жүзеге асырады және қызметінен еркін түрде шеттетіле алмайды.

Судьялардың тұрақтылығы олардың ауыстырылмайтынын білдіреді: судьяның өкілеттігі мерзімсіз жүзеге асырылады және тек Конституция мен заңдарда тікелей көзделген негіздер мен тәртіп бойынша ғана тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін. Бұл сыртқы ықпал ету мүмкіндігін болдырмайды және шешімдердің тек заңға және судьяның ішкі сеніміне негізделіп қабылдануын қамтамасыз етеді.

Конституция жобасы сот билігінің тәуелсіздігін соттардың дербестігі мен судьялардың қолсұғылмаушылығы тетіктерін нақтылау, сондай-ақ кадрлық шешімдер саласындағы өкілеттіктерді қайта бөлу арқылы күшейтуге бағытталған. Егер қолданыстағы Конституцияда **судьяларды жауаптылыққа тартуға келісім беру** өкілеттігі (жергілікті сот судьяларына қатысты) Президентке, ал Жоғарғы Сот судьяларына қатысты Сенатқа тиесілі болса, жаңа редакцияда бұл өкілеттіктер **Президент пен Құрылтай арасында** бөлінеді. Мұндай тәсіл бір субъектінің ықпалын шоғырландыру тәуекелін төмендетіп,

судьялардың мәртебесіне қатысты мәселелерді шешуде институционалдық тепе-теңдікті күшейтеді.

Қазақстан Республикасының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заң деңгейінде белгіленеді, бұл олардың мәртебесі мен жауапкершілігінің айрықша маңызын айқындайды. Конституциялық заң кәсіби біліктілікке, білім деңгейіне, жұмыс тәжірибесіне қойылатын өлшемдерді, сондай-ақ кандидаттарға қатысты жоғары моральдық және әдептік талаптарды айқындайды.

**Осы талаптарды конституциялық заң деңгейінде бекіту судьялар үшін бірыңғай стандарттарды қамтамасыз етеді, сот жүйесіне қоғамның сенімін нығайтады және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына кепілдік береді.**

Судья лауазымын депутаттық мандатпен, өзге де ақы төленетін қызметпен, кәсіпкерлік қызметпен немесе коммерциялық ұйымдарды басқаруға қатысумен қоса атқаруға тыйым салу мүдделер қақтығысын және сот төрелігін жүзеге асыруға кез келген сыртқы ықпал етуді болдырмайды.

Судья Конституция мен заңдарды, судьялық әдеп нормаларын қатаң сақтауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға және өзінің адалдығы мен бейтараптығына күмән келтіруі мүмкін әрекеттерден аулақ болуға міндетті. Бұл шектеулер сот билігінің жоғары беделін және қоғамның сотқа деген сенімін қамтамасыз етеді.

**Тек оқытушылық, ғылыми және шығармашылық қызметке ғана жол беріледі, өйткені ол коммерциялық пайда табумен байланысты емес және құқықтық ғылымды дамытуға әрі судьялардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді.**

## 81-бап

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен

**жүргізіледі және сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.**

Аталған Конституция бабы сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ететін **қаржылық және әлеуметтік кепілдіктерді** бекітеді. Соттарды қаржыландыру және судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады әрі сот төрелігін толыққанды және тәуелсіз жүзеге асыруға мүмкіндік беруге тиіс.

Бұл норма мемлекеттің соттардың конституциялық функцияларын тиімді орындауына қажетті материалдық және ұйымдастырушылық жағдайларды жасауға міндетті екенін білдіреді. Қаржылық тәуелсіздік сотқа ресурстарды шектеу арқылы қысым жасау мүмкіндігін болдырмайды және сот билігінің дербестігін кепілдік береді.

**Судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету және тиісті әлеуметтік кепілдіктер беру де олардың тәуелсіздігі, тұрақтылығы мен қорғалуына маңызды кепілдік** болып табылады. Бұл судьяларға сот төрелігін материалдық немесе өзге де сыртқы факторлардың ықпалынсыз, бейтарап жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

## **82-бап**

**Жоғарғы Сот – жергілікті және басқа да соттардың қарауына жататын азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы, ол заңда көзделген жағдайда өзінің қарауына жататын сот істерін қарайды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндіру береді.**

Конституцияда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және жергілікті әрі өзге де соттардың қарауына жататын басқа да істер бойынша жоғары сот органы ретіндегі мәртебесі бекітілген. Бұл **Жоғарғы**

**Соттың сот жүйесіндегі ең жоғары орынды иеленетінін және сот төрелігінің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ететінін білдіреді.**

Жоғарғы Сот заңда көзделген жағдайларда, соның ішінде кассациялық тәртіппен, төменгі сатыдағы соттардың шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін тексере отырып, сот істерін қарайды. Бұл сот қателіктерін жоюға және азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жоғарғы Соттың маңызды функцияларының бірі – **сот практикасын зерделеу және жинақтау**, сондай-ақ нормативтік қаулылар арқылы заңнаманы қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелер беру. Мұндай түсіндірмелер заңдардың барлық **соттар тарапынан біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге және құқық үстемдігі қағидатын нығайтуға бағытталған.**

Сот практикасының бірлігін Жоғарғы Сот қамтамасыз етеді, ол сот арқылы қорғаудың жоғары сатысы болып табылады және Қазақстан Республикасында сот төрелігінің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге шешуші рөл атқарады.

### **83-бап**

**1. Жоғарғы Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды және ол өз өкілеттігі мерзімі ішінде Жоғарғы Сот судьясы да болады. Жоғарғы Сот Төрағасының өкілеттік мерзімі – алты жыл.**

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Жоғарғы Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

Жоғарғы Сот судьяларын Құрылтай Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен сайлайды.

**2. Жергілікті және басқа да сот судьяларын Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымымен тағайындайды.**

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін.
4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.
5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.

Жаңа Конституция жобасында **Жоғарғы Соттың Төрағасы Президенттің тағайындауымен Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде қызметке тағайындалады және бір мезгілде Жоғарғы Сот судьясының өкілеттіктерін жүзеге асырады, сондай-ақ бір тұлғаны қайта тағайындауға тыйым енгізіледі.**

**Жоғарғы Сот судьялары Құрылтаймен сайланады – Президенттің Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымына негізделген ұсынуы бойынша. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Президентпен дербес тағайындалады, бұл аталған органның судьялар корпусын іріктеу мен кәсіби бағалаудың негізгі институты ретіндегі ерекше мәртебесін айқындайды.**

83-баптың 2-тармағы судьяларды кәсіби әрі объективті іріктеуді қамтамасыз етеді. **Жоғары Сот Кеңесінің қатысуы** кандидаттардың біліктілігін бағалауға кепілдік береді, ал Президенттің тағайындауы олардың өкілеттіктеріне конституциялық легитимділік береді.

**Сот алқаларын құру** істерді мамандану бойынша тиімді бөлуге мүмкіндік береді, істерді қарау сапасын арттырады және сот төрелігін неғұрлым тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді.

Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Президенттің тағайындауы аталған органның жоғары мемлекеттік мәртебесін және тәуелсіз судьялар корпусын қалыптастырудағы шешуші рөлін қамтамасыз етеді.

**Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және қызметін ұйымдастыру заңмен**

айқындалады. Бұл норма Жоғары Сот Кеңесі қызметінің құқықтық негізін белгілейді, оның жасақталуының ашықтығын және судьяларды іріктеу мен олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету бойынша функцияларының тиімді орындалуын қамтамасыз етеді.

Халықаралық тәжірибе сот тәуелсіздігінің көпдеңгейлі кепілдіктерінің тиімділігін растайды. Судьяларды тағайындау, жауапкершілікке тарту және тәртіптік іс жүргізу мәселелері тек атқарушы билікпен ғана емес, арнайы сот кеңестерінің қатысуымен шешіледі. Бұл тұрғыда **Испания** тәжірибесін келтіруге болады: онда Сот билігінің бас кеңесі сот жүйесін басқарудың дербес органы болып табылады және судьяларды тағайындау, қызметінде жоғарылату және тәртіптік жауапкершілік саласындағы негізгі өкілеттіктерге ие (122-бап). Оның құрамы бірнеше субъектілердің – Корольдің, судьялар корпусының және парламенттің қатысуымен жасақталады, бұл биліктің бір тармағының монополиялық ықпалын жоққа шығарады.

Жоғары Сот Кеңесі рөлінің күшеюі және негізгі кадрлық рәсімдерге Құрылтайдың қатысуы құқықтық мемлекеттің халықаралық стандарттарына сәйкес келеді және қоғамның сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған.

## 84-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының прокуратурасы орталықтандырылған бірыңғай жүйені құрайды, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынады. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік

органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді.

**3. Бас Прокурорды Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Бас Прокурордың өкілеттік мерзімі – алты жыл.**

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Бас Прокурор болып тағайындалмайды.

**4. Бас Прокурорды қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.**

**5. Прокуратураның құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі конституциялық заңда айқындалады.**

Прокуратура заңдылықтың барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырып, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады.

Прокуратура төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынуы қағидатына негізделген **бірыңғай орталықтандырылған жүйе** ретінде әрекет етеді. Ол өз өкілеттіктерін өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан тәуелсіз жүзеге асырады, бұл оның қызметінің объективтілігі мен бейтараптығына кепілдік береді.

1995 жылғы Конституцияға сәйкес Бас Прокурорды Президент Сенаттың келісімімен **5 жыл** мерзімге тағайындайды.

Жаңа Конституция жобасында Бас Прокурорды Президент **6 жыл мерзімге және тек бір рет** тағайындайды.

Мұндай құқықтық реттеу прокуратура басшылығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, өкілеттіктердің шамадан тыс шоғырлануын болдырмауға және осы органның институционалдық тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған.

Парламент Сенатының таратылуына байланысты Бас Прокурорды қамауға алуға немесе оны қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім беру құқығы толықтай Президентке беріледі. Бұл тежемелік әрі тепе-теңдік тетігін елеулі түрде трансформациялайды және прокуратура жүйесінің жұмыс істеуі үшін Мемлекет басшысының дербес жауапкершілігін күшейтеді, сонымен қатар мемлекеттік биліктің жоғары органдары қызметіндегі үйлесімділікті және шешім қабылдау жылдамдығын қамтамасыз етеді.

Прокуратураның ұйымдастырылуы мен қызметі оның **өкілеттіктерін, құрылымын және жұмыс тәртібін** айқындайтын арнайы **заңмен** реттеледі. Бұл прокуратураның қызмет етуінің нақты құқықтық негізін қамтамасыз етіп, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және мемлекеттің мүдделерін қорғау жөніндегі конституциялық функцияларын тиімді жүзеге асыруына кепілдік береді.

## 85-бап

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл **адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге** жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.
2. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.
4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.
5. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.

Мемлекет басшысы бірнеше рет атап өткендей, мемлекеттің негізгі миссиясы – **Әділетті Қазақстанды құру**, онда **«Заң мен тәртіп»** қағидаты үстемдік етеді. Әділеттілікке тек **азаматтардың құқықтары** жан-жақты сақталып, қорғалған жағдайда ғана қол жеткізіледі. Осыған байланысты Конституцияда Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы **жеке бап** көзделген. Омбудсменнің қызметі **жеке тұлғаның құқықтарын шектейтін құқықтық нормаларға**, қолданыстағы заңдардағы олқылықтар мен **қайшылықтарға** қатысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Конституцияда Омбудсменнің **тәуелсіздігі** мен мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға **есеп бермеуі**, сондай-ақ **оның қолсұғылмаушылығының кепілдіктері** бекітілген. Уәкілдің **құқықтық мәртебесі мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңмен** реттеледі. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде Омбудсмен **қол сұғылмайтын тұлға мәртебесіне** ие болады.

**Жаңа Конституцияда** Адам құқықтары жөніндегі уәкілді тағайындау құқығының Сенаттан Президентке берілуі **Парламенттің жоғарғы палатасының таратылуына** байланысты және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл

институтының қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған. Қолсұғылмаушылықтан айыру енді Президенттің айрықша құзыретіне жатқызылды (85-баптың 4-тармақшасы).

Мәртебенің осылай бекітілуі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің конституциялылығын тексеруді бастамашыл болуға, сондай-ақ Конституциялық сотқа жүгінуге мүмкіндік береді. Бұл шара құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттырып, нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Осының арқасында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетігі күшейтіледі.

Осылайша, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл барлық мемлекеттік органдардың азаматтардың құқықтарын сақтауына бақылау жүргізетін жүйеден тыс, тәуелсіз институтқа айналады. Тек 2025 жылдың өзінде Уәкіл өз қызметі шеңберінде азаматтардың өтініштері мен шағымдары бойынша уәкілетті органдарға 150 ұсыным жолдаған. Сондай-ақ Уәкіл әртүрлі мекемелер мен ұйымдарға 818 рет барған, олардың нәтижесінде 2,4 мыңнан астам ұсыным берілген, оның ішінде 2 мың ұсыным орындалды. 329 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке, ал 76 қызметкер әкімшілік жауапкершілікке тартылған, бұл да институт жұмысының белсенділігін айғақтайды.

Әлемдік тәжірибеде адам құқықтары жөніндегі уәкілдерді Президенттердің тағайындауы кең таралған. Мысалы, Францияда оларды Президент 6 жыл мерзімге тағайындайды.

## 86-бап

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның мемлекет кепілдік берген сот арқылы қорғалу құқығын және

заң көмегін алу құқығын іске асыруға жәрдемдеседі. Заң көмегін адвокаттар мен өзге тұлғалар заңға сәйкес көрсетеді.

2. Адвокат қызметін жүзеге асыру тәртібі, адвокат құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы заңда айқындалады.

1. Жаңа Конституция жобасының маңызды ерекшеліктерінің бірі – қолданыстағы Конституцияда жоқ адвокатураға арналған дербес баптың енгізілуі. **Адвокатураның конституциялық мәртебесін** бекіту құқықтық мемлекетті нығайтудың және қылмыстық процесте тараптардың шынайы теңдігін қамтамасыз етудің қажетті шарты болып табылады.

Қазақстан Конституциясы білікті заң көмегін алу құқығына кепілдік бергенімен, оны көрсетудің негізгі субъектісі болып табылатын **адвокатура институты** 1995 жылғы Конституцияда тікелей конституциялық тұрғыдан бекітілмеген. Ал шын мәнінде, дәл **адвокатура адам құқықтары мен бостандықтарының нақты қорғалуын қамтамасыз етеді**, қылмыстық процестің барлық сатыларында жеке тұлға мен мемлекет мүдделері арасындағы **тепе-теңдік тетігі** ретінде әрекет етеді.

Адвокатураның конституциялық мәртебесінің болмауы тараптардың теңдігі қағидатын бұзады, себебі мемлекеттік айыптау конституциялық заң негізінде әрекет етеді, ал қорғау қызметі жай заңмен реттеледі. Бұл объективті түрде **қорғау позициясын әлсіретеді және адам құқықтарының кепілдіктері деңгейін төмендетеді**. Адвокатураны конституциялық деңгейде бекіту оның тәуелсіздігін күшейтуге, ұсталған алғашқы минуттардан бастап тиімді қорғауды қамтамасыз етуге және әділ сот талқылауына құқықты іске асырудың орнықты институционалдық кепілдіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе бұл тәсілдің орынды екенін растайды. Мәселен, **Испанияда** Конституция қорғау құқығына және адвокаттың міндетті қатысуына кепілдік береді (17-баптың 1-тармағы), сондай-ақ адвокаттар қауымдастығы өкілдері сот билігінің негізгі органдарын қалыптастыруға қатысады (159-бап). **Жапонияда** «Халықтың құқықтары мен міндеттері» атты бөлімде айып тағылмай тұрып, қамауға алуға жол берілмейтіні және адвокатқа жүгіну құқығы қамтамасыз етілетіні тікелей көзделген (34-бап). **Грузияда** жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың дербес конституциялық тетігі – құқық бұзушылықтарды анықтап, оларды жоюды талап ету өкілеттігі берілген Халық қорғаушысы институты қарастырылған.

2. Адвокаттық қызметті жүзеге асыру тәртібі Конституция ережелерін нақтылайтын арнайы заңмен реттеледі. Аталған заң **адвокаттың құқықтық мәртебесін, оның құқықтары мен міндеттерін және жауапкершілігін айқындайды, сондай-ақ адвокаттық қызметтің ұйымдастырушылық негіздерін және оны жүзеге асыру тәртібін белгілейді.**

## ІХ БӨЛІМ.

### ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

#### 87-бап

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалдың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару сайланбалы жергілікті өкілді органдар (мәслихаттар) және тағайындалатын жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) арқылы жүзеге асырылады, олар өз аумағында мемлекеттік саясатты жүргізуге және әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуге жауапты.

Жергілікті мемлекеттік басқару мемлекеттік шешімдердің «жергілікті жерде» нақты жұмыс істеуі үшін қажет: ол әрбір өңірдің ерекшеліктерін ескеруге, қызметтер мен инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз етуге, тұрғындардың күнделікті мәселелерін (тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолдар, абаттандыру, әлеуметтік сала) жедел шешуге және аумақтың даму нәтижелері үшін биліктің халық алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

#### 88-бап

1. Жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының ерік-мүддесін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды айқындайды, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы **бес жыл мерзімге** сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Қазақстан Республикасының азаматы бір ғана мәслихаттың депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына:

- 1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;
- 2) өз қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;
- 3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы орган басшыларының есебін қарау;
- 4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есепті тындау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;
- 5) заңға сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

5. Мәслихаттың өкілеттігін Қазақстан Республикасының Президенті Премьер-Министрмен және Құрылтай Төрағасымен консультациядан кейін мерзімінен бұрын тоқтатады, сондай-ақ оның өкілеттігі мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі, депутаттардың құқықтық жағдайы заңда белгіленеді.

Мәслихаттар – тиісті аумақ халқының еркін білдіретін және сонымен қатар жалпыұлттық мүдделерді ескеретін сайланбалы органдар. Олар жергілікті әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар мен бюджеттерді қалыптастырып, бекітеді, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады, әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін

шешеді, тұрақты комиссиялар құрады және жергілікті атқарушы органдардың есептерін тындайды. Мәслихат депутаттары бес жыл мерзімге сайланады және тек бір ғана мәслихаттың құрамында бола алады, бұл ашықтықты қамтамасыз етіп, биліктің шоғырлануын шектейді.

**Мәслихаттың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Президенттің Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консультациялар жүргізу рәсімі көзделген.** Бұл мәслихатты жеке-дара тарату мүмкіндігін күрделендіріп, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін қалыптастырады және заң шығарушы мен атқарушы билік тармақтарының ұстанымдарын ескеруге мүмкіндік береді. Осылайша, мәслихатты тарату негізгі мемлекеттік институттардың пікірін ескере отырып жүзеге асырылады, бұл жергілікті және орталық билік арасындағы тепе-теңдікті сақтап, жергілікті өзін-өзі басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

## **89-бап**

**1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүддесімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді.**

**2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына:**

**1) аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу мен олардың атқарылуын қамтамасыз ету;**

**2) коммуналдық меншікті басқару;**

**3) жергілікті атқарушы орган басшыларын тағайындау және лауазымынан босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;**

4) жергілікті атқарушы органдарға заңмен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру жатады.

3. Жергілікті атқарушы органды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқарады, ол Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады.

4. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін Қазақстан Республикасының Президенті тиісінше астана мәслихаты, облыс аумағындағы мәслихаттар, республикалық маңызы бар қала мәслихаты депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті кемінде екі кандидатураны ұсынады, олар дауысқа салынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көпшілік дауысын алған кандидат келісім алды деп саналады.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ лауазымынан босатылады. Қазақстан Республикасының Президенті өз ұйғаруымен астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерін лауазымынан босатуға құқылы.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасымен әкімге сенімсіздік вотумын білдіру мәселесі қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны лауазымынан босату мәселесін тиісінше астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдеріне қатысты – Қазақстан Республикасы Президентінің алдына не өзге де әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдеріне қатысты – жоғары тұрған әкімнің алдына қоюға құқылы. Астана, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті өз қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

6. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі заңда белгіленеді.

Жергілікті атқарушы органдар **атқарушы биліктің біртұтас жүйесіне** кіреді және жалпы мемлекеттік саясатты нақты аумақтың қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырады: жергілікті бағдарламалар мен бюджеттерді әзірлейді және орындайды, коммуналдық меншікті басқарады және басшыларды тағайындайды.

Органды Президент пен Үкіметтің өкілі болып табылатын әкім басқарады, бұл жергілікті деңгейдегі іс-қимылдардың үйлесімділігін және орталық билікпен өзара байланысты қамтамасыз етеді.

Ірі аумақтардың әкімдері **тиісті мәслихаттардың келісімімен Президентпен тағайындалады**, ал мәслихаттар сенімсіздік вотумын білдіру арқылы әкімді қызметінен босату мәселесін қарауды бастамашы ете алады. Бұл халық пен өкілді билік алдындағы саяси жауапкершілік тетігін қалыптастырады.

Жергілікті органдардың барлық өкілеттіктері мен қызметін ұйымдастыру тәртібі заңмен реттеледі, бұл олардың қызметінің құқықтық негізін бекітіп, басқарудың бірыңғай стандарттарына кепілдік береді. Осылайша, бап орталықтандыру мен есептіліктің үйлесімін, басшыларды тағайындаудың ашықтығын және халық тарапынан бақылауды қамтамасыз етеді.

## **90-бап**

- 1. Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша – шешім, ал әкімдер шешім мен өкім қабылдайды, бұлар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орындалуға міндетті.**
- 2. Жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейтін мәслихат шешімінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін.**

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасына сәйкес келмейтін мәслихат шешімінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоя алады, олардың күші сот тәртібімен де жойылуы мүмкін.

Мәслихаттар шешімдер қабылдайды, ал әкімдер өз құзыреті шегінде өз аумағында орындалуы міндетті шешімдер мен өкімдер шығарады. Бюджетке әсер ететін шешімдердің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған жағдайда ғана қаралуы мүмкін. Конституцияға немесе заңдарға қайшы келетін мәслихат шешімдері сот тәртібімен күшін жоюы мүмкін. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерін Үкімет, жоғары тұрған әкім немесе сот жоюға құқылы.

### 91-бап

1. Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті **өзін-өзі басқару** танылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар арқылы және тұрғын саны шағын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтарда өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына заңға сәйкес **мемлекеттік функциялар** берілуі мүмкін.

3. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және оның қызметі заңмен реттеледі.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне заңда белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі.

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді дербес шешуге мүмкіндік

береді. Ол тікелей немесе мәслихаттар және жергілікті қауымдастықтардың өзге де органдары арқылы жүзеге асырылады.

Заң жекелеген мемлекеттік функцияларды оларға беруі мүмкін. Жергілікті өзін-өзі басқару қызметі заңмен реттеледі, ал оның органдары белгіленген өкілеттіктер шегінде дербестігін сақтайды.

## X БӨЛІМ. КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

### 92-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасы бойынша, Құрылтайдың, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің бастамасы бойынша қабылдаған шешіммен өткізілетін **жалпыхалықтық референдумда** енгізіледі.
2. Жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, жалпыхалықтық референдум өткізілді деп саналады.
3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан Қазақстан Республикасы азаматтарының жартысынан астамы жалпыхалықтық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды жақтап дауыс берсе, олар қабылданды деп саналады.

**Конституция жобасы** жаңа X бөліммен («Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу») толықтырылды.

Қолданыстағы Конституцияда оған өзгерістер енгізу тәртібі өтпелі ережелер бөлімінің ішінде орналастырылған болатын. Ал өтпелі ережелер, әдетте, белгілі бір кезеңде ғана қолданылатын уақытша нормаларға арналған.

Жаңа Конституция жобасында бұл нормалар дербес **жеке бөлімге** шығарылды. Енді өзгерістер енгізу тәртібі өтпелі шаралардан бөлініп, тұрақты тетік ретінде рәсімделді. Мұндай өзгерістің маңызы – **Конституция оңай әрі жеңіл өзгертілмеуі тиіс** деген қағиданы бекітуінде.

Осы бөлімге сәйкес, **Қазақстан Республикасының Конституциясына** өзгерістер мен толықтырулар тек жалпыхалықтық референдум арқылы енгізіледі. Референдум Президенттің шешімімен өткізіледі, ол шешімді Президент өз бастамасы бойынша, сондай-ақ **Құрылтайдың, Үкіметтің, Қазақстан Халық Кеңесінің** бастамасымен қабылдай алады.

Бұдан былай түзетулер енгізуге **Қазақстан Халық Кеңесі** де, елдегі қоғамдық-азаматтық институты ретінде, бастамашылық ете алады.

Қазіргі таңда **қолданыстағы Конституция** түзетулерді қабылдаудың екі жолын қарастырады:

- республикалық референдум арқылы;
- егер Президент референдум өткізбей, жобаны Парламенттің қарауына енгізу туралы шешім қабылдаса, Парламент арқылы, яғни өзгерістер жалпыхалықтық дауыс берусіз де қабылдануы мүмкін.

**Жаңа Конституция жобасында** Конституцияны өзгертудің **бір ғана** жолы бекітілген – тек **жалпыхалықтық референдум** арқылы.

Жалпыхалықтық референдум оған **дауыс беруге құқығы бар азаматтардың жартысынан астамы** қатысқан жағдайда өтті деп есептеледі.

**Қолданыстағы Конституциядан** айырмашылығы – онда түзетулер Парламент депутаттарының **75%** дауысымен, халықтың қатысуынсыз қабылдануы мүмкін еді.

**Жаңа Конституция жобасына** сәйкес, түзетулер:

- ел азаматтарының **жартысынан астамы** қолдап дауыс берген жағдайда;
- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде **үштен екісінде** қолдау тапқан жағдайда **қабылданды** деп есептеледі.

**Міндетті жалпыхалықтық референдум:**

- Конституцияның легитимділігін және азаматтардың мемлекетке деген сенімін күшейтеді;
- кез келген өзгерістерді ашық әрі айқын етеді;
- **«Мемлекеттің Негізгі заңын өзгертуге тек халықтың ғана құқығы бар»** деген қағидатты бекітеді.

Осылайша, Конституция жобасы жай ғана жаңа рәсімді емес, Негізгі заңға деген **жаңа көзқарас мәдениетін**, онда **азаматтардың қатысуы шешуші мәнге ие болатын** үлгіні ұсынады.

Көптеген демократиялық мемлекеттерде Конституцияға өзгерістер тек жалпыхалықтық референдум арқылы бекітіледі.

**Швейцария** – тікелей демократияның классикалық үлгісі. Конституцияға кез келген өзгеріс референдумға шығарылады және қосарлы көпшілікпен ғана күшіне енеді: халықтың және кантондардың көпшілігі.

**Ирландияда** барлық түзетулер халықтың мақұлдауынан өтуі тиіс. 2015, 2018 және 2019 жылдары адам құқықтары мен мемлекеттік басқару мәселелері бойынша референдумдар өткен болатын.

**Данияда** парламент мақұлдағаннан кейін түзету міндетті түрде референдумға шығарылады және оны барлық сайлаушылардың кемінде 40%-ы қолдауы қажет.

**Аустралияда** түзету бүкіл ел бойынша азаматтардың көпшілігі және бір мезгілде штаттардың көпшілігі (6 штаттың кемінде 4-еуі) қолдаған жағдайда ғана қабылданады. Бұл **«қосарлы көпшілік»** қағидаты деп аталады.

**Жапония** – 96-бапқа сәйкес, кез келген түзету, тіпті парламенттің білікті мақұлдауынан кейін де, міндетті түрде референдумға шығарылуы тиіс. Жапония Конституциясының 1947 жылдан бері бірде-бір рет өзгермегені назар аударарлық – өзгертулер енгізу шегі тым жоғары.

**Тайваньда** Заң шығарушы юань депутаттарының 75%-ы қолдағаннан кейін түзету референдумға шығарылады.

Қабылдануы үшін барлық сайлаушылардың кемінде 25%-ы «қолдаймын» деп дауыс беруі қажет.

**Түркия** – егер түзету парламент дауысының 3/5-тен 2/3-не дейінгі мөлшерін жинаса, референдум өткізу міндетті болып табылады. Тіпті, 2/3 дауыс жиналған күннің өзінде де, президент оны жалпыхалықтық дауыс беруге шығару-шығармауды өзі шеше алады. Осылайша, 2007 және 2017 жылдары саяси жүйенің ауқымды реформалары қабылданды.

### 93-бап

**Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулардың Конституцияның 2-бабы 7-тармағының және 43-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкестігі туралы Конституциялық Сот қорытындысы болған жағдайда олар жалпыхалықтық референдумға шығарылады.**

**Конституциялық Сот** қолданыстағы және жаңа редакцияларында Конституцияның **Негізгі заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде** негізгі функцияны атқарады. Оның қатысуы конституциялық құрылыстың тұрақтылығын қамтамасыз етуге және мемлекеттің іргелі негіздеріне қол сұғатын өзгерістерге жол бермеуге бағытталған.

Жаңа Конституция жобасы Конституциялық Соттың конституциялық үдерістегі рөлін едәуір күшейтеді. Жаңа редакцияда **Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар жалпыхалықтық референдумға тек Конституциялық Соттың олардың Конституцияның өзгертілмейтін ережелеріне сәйкестігі туралы қорытындысы болған жағдайда ғана шығарылатыны** тікелей бекітілген. Мұндай ережелерге мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығы, сондай-ақ **Президенттің өкілеттіктеріне қатысты конституциялық шектеулер, оның ішінде Президенттің қайта сайлануына тыйым салу** жатады.

Халықаралық тәжірибе Конституциялық Соттың демократиялық қағидаттардың негіздерін қорғаудағы шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Мәселен, **Германияда** өз мақсаттары немесе қызметі арқылы еркін демократиялық тәртіпті бұзатын немесе мемлекеттің өмір сүруіне қауіп төндіретін саяси партиялар конституцияға қайшы деп танылады, ал мұндай шешімді қабылдаудың айрықша құқығы Федералдық Конституциялық Сотқа тиесілі (21-баптың 2-тармағы).

## ХІ БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

### 94-бап

1. Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы **2026 жылғы 1 шілдеден бастап** күшіне енеді, бұған дейін қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының қолданысы сол мезгілден бастап тоқтатылады.
2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке – **Қазақстан Республикасының Конституциясы күні** деп жарияланады.

Азаматтар жалпыхалықтық референдум арқылы Негізгі заңға деген өз ұстанымын білдірген күннің мемлекеттік мереке – Конституция күні болып белгіленуі орынды. Осылайша, жаңа Негізгі заң жобасы халық тарапынан қолдау тапқан жағдайда, Қазақстанда **Конституция күні жыл сайын 30 тамызда емес, референдум өткізілген күні – 15 наурызда** атап өтіледі. Еске сала кетейік, 1995 жылғы 30 тамызда қолданыстағы Конституция жобасы бойынша референдум өткен болатын.

Жаңа Конституция **2026 жылғы 1 шілдеден бастап** заңды күшіне енеді. Осы сәттен бастап онда көзделген **өзгерістерді іске асыру** басталып, елдің жаңа Негізгі заңының ережелеріне сәйкес барлық үдерістер жүзеге асырылады.

### 95-бап

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қалыптастырылған Қазақстан Республикасының Парламенті **өз өкілеттігін 2026 жылғы 1 шілдеден бастап тоқтатады.**

Конституция күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Президенті **Құрылтай сайлауын жариялауға тиіс** және ол екі ай ішінде өткізілуге тиіс.

2. Бірінші шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясы ашылған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайдың келісімімен **Вице-Президентті тағайындауға тиіс**.

3. **Конституциялық Сот Төрағасы** мен **судьялары** бірінші шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясы ашылған күннен бастап екі ай ішінде тағайындалуға тиіс.

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тағайындалған Конституциялық Сот Төрағасы мен судьялары Конституциялық Соттың жаңа құрамы қалыптастырылғанға дейін өз өкілеттігін сақтайды.

4. **Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның** төрағалары мен мүшелері бірінші шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясы ашылған күннен бастап екі ай ішінде тағайындалуға тиіс.

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тағайындалған Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның төрағалары мен мүшелері Орталық сайлау комиссиясының және Жоғары аудиторлық палатаның жаңа құрамы қалыптастырылғанға дейін өз өкілеттігін сақтайды.

5. **Жоғарғы Сот Төрағасы, Ұлттық Банк Төрағасы, Бас Прокурор, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл** Конституция күшіне енген күннен бастап екі ай ішінде тағайындалуға тиіс.

6. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес сайланған (тағайындалған) **Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа да соттың судьялары, мәслихат депутаттары, өзге де лауазымды адамдар өз өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген негіздер бойынша өкілеттігі тоқтатылғанға дейін сақтайды.**

**Конституция жобасының 95-бабы** елдегі мемлекеттік биліктің конституциялық құрылымының жаңа жүйесіне **көшу тәртібін** айқындайды. Мемлекеттік биліктің **үздіксіздігі қамтамасыз етіледі**, яғни жаңа органдар құрамы қалыптасқанға дейін қолданыстағы органдар өз өкілеттіктерін жалғастырады.

**1-тармақта** қолданыстағы Парламент Мәжілісінің өкілеттіктерін **2026 жылғы 1 шілдеде** тоқтату мерзімі белгіленген. Бұрынғы өкілді орган өз қызметін тоқтатып, оның орнына жаңа өкілді орган – **Құрылтай** құрылады.

Құрылтайға сайлау өткізу тәртібі мен мерзімдері айқындалған. Жаңа Конституция күшіне енген күннен бастап, яғни **2026 жылғы 1 шілдеден бастап бір ай ішінде**, Президент Құрылтай сайлауын тағайындайды. Ал Конституция күшіне енген күннен бастап **екі ай ішінде Құрылтай сайлауы өткізілуі тиіс**.

Осылайша, өкілді билік жойылмайды, керісінше, жаңа орган – **Құрылтайға** жүйелі түрде трансформацияланады.

**2-тармақта** Вице-Президентті тағайындау мерзімдері белгіленген. **Президент** Құрылтайдың бірінші шақырылымының алғашқы сессиясы ашылған күннен бастап **екі ай ішінде Құрылтайдың келісімімен Вице-Президентті тағайындайды**.

**3-4-тармақтарда** Конституциялық Соттың Төрағасы мен судьяларын, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелерін тағайындау мерзімдері айқындалған – олар Құрылтайдың бірінші шақырылымының алғашқы сессиясы ашылған күннен бастап **екі ай ішінде** тағайындалуы тиіс.

**Жаңа құрам қалыптасқанға дейін** Конституциялық Соттың қолданыстағы құрамы өз өкілеттіктерін жалғастыра береді. Конституциялық бақылау тоқтатылмайды, мемлекеттің құқықтық сабақтастығы қағидаты қамтамасыз етіледі.

Осыған ұқсас ереже Орталық сайлау комиссиясына қатысты да бекітілген. Қолданыстағы Төраға мен мүшелер жаңа

құрам тағайындалғанға дейін өз өкілеттіктерін жүзеге асырып, сайлау өткізу процесін қамтамасыз етеді. Мұндай өтпелі норма болмаған жағдайда жаңа Құрылтай сайлауын өткізу заңдық тұрғыдан мүмкін болмас еді.

**5-6-тармақтарда** Жоғарғы Сот Төрағасын, Ұлттық Банк Төрағасын, Бас Прокурорды, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді, Жоғарғы Соттың, жергілікті және өзге де соттардың судьяларын, мәслихат депутаттарын және басқа да мемлекеттік органдардың басшыларын тағайындау тәртібі айқындалған. Аталған тұлғалар Конституция күшіне енген күннен бастап, яғни **2026 жылғы 1 шілдеден бастап екі ай ішінде** тағайындалуы тиіс.

Сонымен қатар көрсетілген лауазымды тұлғалар жаңа құрам сайланғанға немесе тағайындалғанға дейін өз өкілеттіктерін сақтайды. Осылайша, күнделікті мемлекеттік басқару жүйесі бұзылмайды.

**95-баптың негізгі мақсаты** – жаңа Конституцияға құқықтық тәртіпті үзбей және мемлекетті басқару қабілетін жоғалтпай көшу.

Сонымен қатар Үкіметке, орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актілерді жаңа Конституцияға сәйкестендіру бойынша қажетті шаралар қабылдау міндеті жүктеледі.

Конституция күшіне енген сәтте қолданылып тұрған заңнамаға сәйкес қабылданған Конституциялық Кеңес пен Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары жаңа Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде өз заңдық күшін сақтайды.

## **96-бап**

**1. Конституция күшіне енген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік**

құқықтық актілері Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

2. Үкімет, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерді Конституцияға сәйкес келтіру жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

3. Конституция күшіне енген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған Конституциялық Кеңестің және Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде заңды күшін сақтайды.

Аталған ереже жаңа Конституция қабылданған кезде заңнаманың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін қажет. Конституция күшіне енген сәтте қолданыста болған заңдар мен нормативтік құқықтық актілер, егер олар Конституцияға қайшы келмесе, өз әрекетін жалғастыра береді. Бұл **құқықтық вакуумға жол бермеуге және өтпелі кезеңде мемлекеттік органдардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.**

Мұндай тәсіл жаңа конституциялар қабылданған кезде **халықаралық тәжірибеде кең таралған практика** болып табылады. Ол мемлекеттік жүйенің жұмыс қабілеттілігін сақтауға және барлық қолданыстағы заңдарды бірден өзгерту қажеттілігінсіз құқықтық реттеудің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Үкіметке, сондай-ақ орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актілерді **жаңа Конституцияға сәйкестендіру** міндеті жүктеледі. Бұл барлық заңнамалық және реттеуші актілердің Конституцияның негізгі қағидаттарына толық сәйкес келуін және оның елдің құқықтық жүйесінде **тиімді жұмыс істеуін** қамтамасыз ету үшін қажет.

Көптеген мемлекеттерде үкімет пен мемлекеттік органдар **қолданыстағы нормаларды жаңа конституциялық талаптарға бейімдеуге міндетті**, бұл өтпелі кезеңде

тұрақтылықты және құқықтық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2022 жылғы референдумда қабылданған конституциялық түзетулерге сәйкес, Конституциялық Сот 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қайта құрылды.

Конституциялық Сот конституциялық құқықтар мен қағидаттарды қорғауды қамтамасыз ететін маңызды институт болып табылады, ол құқықтық мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуына ықпал етеді.

Заңдар мен өзге де құқықтық актілердің конституциялылығын тексеру туралы өтініштерді қарау нәтижесінде Конституциялық Сот заңның немесе өзге де құқықтық актінің Конституцияға сәйкес немесе сәйкес еместігі туралы нормативтік қаулылар қабылдайды.

Қолданыстағы Конституцияда Конституциялық Кеңесті Конституциялық Сотқа, сондай-ақ Есеп комитетін Жоғары аудиторлық палатаға трансформациялау туралы егжей-тегжейлі ережелер көзделген.

Жаңа Конституция жобасында (95-бап, 3-тармақ) бұрын қабылданған Конституциялық Кеңес пен Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары **жаңа мәтінге қайшы келмеген жағдайда өз күшін сақтайтыны** тікелей бекітілген.

Бұрын қабылданған Конституциялық Сот шешімдерінің заңдық күшін сақтау – **халықаралық практикада жалпыға ортақ қағида**.

2011 жылы **Венгрия** жаңа Конституция қабылдады. Елеулі өзгерістерге қарамастан, Венгрияның Конституциялық Соты өзінің институционалдық рөлін сақтап қалды. Бұрын қабылданған шешімдердің бір бөлігі, жаңа Негізгі заң мәтініне тікелей қайшы келетіндерінен басқа, құқық қолдану тәжірибесінде ескеріле берді.

**Чехословакия** ыдырағаннан кейін Чехияның жаңа Конституциясы бұрын қабылданған сот шешімдерінің заңдылығын мойындады.

Егер қолданыстағы Конституцияда Конституциялық Сот сияқты маңызды институт енгізілген болса, жаңа Конституция жобасында бұл институттардың маңыздылығы расталып, Конституциялық Соттың бұрын қабылдаған шешімдері сақталады.

Осылайша, Конституцияның жаңа редакциясында 2022 жылы Мемлекет басшысы бастаған **саяси реформалар жалғасады**, атап айтқанда, жаңадан құрылған Конституциялық Сот қабылдаған нормативтік қаулылардың сақталуы арқылы олардың сабақтастығы қамтамасыз етіледі.

---